

WWW.BAITEREK.GOV.KZ



«БӘЙТЕРЕК» ҰБХ» АҚ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

Назарда – өсу нүктелері

МАЗМҰНЫ

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі	2
Басқарма төрағасының үндеуі	4
2024 жылғы басты оқиғалар	8
Холдингтің бизнес-үлгісі	10
Холдинг туралы	12
Холдинг сандары: 2024 жылдың негізгі көрсеткіштері	16

01 Холдингтің 2024-2033 жылдарға арналған даму жоспары..... 18

Стратегиялық негізгі қызмет көрсеткіштерін орындау	21
Холдингтің жаңа стратегиялық бастамалары	22

02 Экономикаға шолу 26

Макроэкономикалық шолу 28

Негізгі қызмет түрлері бойынша Холдинг құралдарының нарықтағы үлесі

34

03 Менеджменттің есебі..... 36

Қызметтің қаржылық нәтижелері 38

Капитал нарықтарында қаражат тарту..... 40

Өнеркәсіпті қолдау..... 47

Үлестік қаржыландыру экожүйесін дамыту..... 58

Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету..... 61

04 Корпоративтік басқару..... 64

Корпоративтік басқару жүйесі	66
Жалғыз акционер.....	72
Директорлар кеңесі	73
Корпоративтік хатшы.....	88
Басқарма	89
Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелеріне сыйақы беру жүйесі.....	96
Ішкі аудит қызметі	97
Қоғамдық кеңес.....	98
Корпоративтік әдеп және мүдделер қақтығысын реттеу	99
Сыртқы аудитор.....	101

05 Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау 102

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің компоненттері	104
Негізгі тәуекелдер.....	107

06 Тұрақты даму 110

Тұрақты дамуды басқару жүйесі	112
Тұрақты дамуды басқарудың ұйымдық құрылымы.....	115
2024 жылғы тұрақты даму саласындағы негізгі жетістіктер.....	115
Холдингтің БҰҰ Тұрақты даму мақсаттарына жетуіне қосқан үлесі ...	116
ESG тәуекелдерін басқару	121
S1 (IFRS S1) Халықаралық қаржылық есептілік стандартына сәйкес ақпаратты ашу	121
Экологиялық аспект.....	124
Төмен көміртекті дамудың ұлттық күн тәртібін орындауға жәрдемдесу.....	124
Жасыл және тұрақты қаржыландыру құралдарын дамыту	131
«Жасыл кеңсе» концепциясы.....	132
Халықаралық қаржылық есептілік стандарты S2 (IFRS S2) бойынша ақпаратты ашу).....	135
Әлеуметтік аспект	137
Персоналды басқару.....	137
Демеушілік және қайырымдылық көмек	148
Басқару аспектісі.....	149
Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл	149
Экономикалық тиімділік.....	153
Цифрландыру стратегиясы	153
Ақпараттық қауіпсіздік.....	155
Ақпараттық саясат.....	156
Сатып алу қызметі.....	157
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	158

07 Қосымшалар 162

Есеп туралы	164
2024 жылдағы еншілес ұйымдардың қызметі.....	166
Жасауға мүдделілігі бар мәмілелер тізбесі	170
Жылдық қаржылық есептілік	171
Әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейту жөніндегі БҰҰ қағидаттарын ұстану туралы ақпарат (Women's Empowerment Principles)	178
GRI көрсеткіштер кестесі	180
SASB индексі	189
IFRS S1 индексі.....	190
IFRS S2 индексі	191
Глоссарий	193
Байланыс ақпараты	196





ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ



ОЛЖАС БЕКТЕНОВ

**«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар
кеңесінің төрағасы**

**Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі**

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

«Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына жолдауында Мемлекет басшысы стратегиялық басымдықтарды атап көрсетті: макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету, шағын және орта бизнесті дамыту, еліміздің өнеркәсіптік әлеуетін ашу және адами капиталды нығайту. Мемлекеттің басты міндеті – экономикада құрылымдық өзгерістерді жүргізу және оны әртараптандыру.

2024 жылы Мемлекет басшысы белгілеген бағыт бойынша «Бәйтерек» ҰБХ өзінің күш-жігерін экономиканың нақты секторын қолдауға жұмылдырды.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша Холдингтің қолдауына ие болған кәсіпорындар өсім мен оң динамика көрсетті. Олардың есепті жылғы түсім көлемі шамамен 30 трлн теңгені құрады, бұл 2023 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда екі есе дерлік көп. Кәсіпорындардың экспорттық түсімі 13%-ға өсті. Сонымен қатар, бір жыл ішінде 17 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылды, бұл қабылданған шаралардың тиімділігін және даму институттарына бизнестің сенімі артқанын көрсетеді.

2024 жылы «Қазақстанның Даму банкі» АҚ 58 инвестициялық жобаны қолдап, 2023 жылмен салыстырғанда қаржыландыру көлемін 1,4 трлн теңгеге дейін ұлғайтты. Есепті жылы 4 кәсіпорын пайдалануға беріліп, жаңартылды: Петропавл қаласындағы майлы дақылдарды өңдеу зауытының құрылысы, Астана қаласындағы көлемді блоктар шығаратын зауыттың құрылысы, Сарқанд ауданындағы шағын ГЭС құрылысы, сондай-ақ Ақтау қаласындағы көпфункционалды қонақ үй-туристік кешеннің құрылысы. Бұл жобалар жаңа жұмыс орындарын ашып, өңірлердің дамуына септігін тигізеді.

«Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ қызметі қазақстандық экспорт көлемдерін арттыруға бағытталған. 2024 жылдың қорытындысы бойынша сақтандыру арқылы қолдау ауқымы кеңейтілді – қабылданған міндеттемелердің көлемі 336 млрд теңгені құрады. 96 экспорттаушы қолдауға ие болды. Экономиканың негізгі салаларында жұмыс істейтін кәсіпорындарға да көмек көрсетілді: тамақ және химия өнеркәсібі, машина жасау, агроөнеркәсіптік кешен, металлургия және т.б. Ірі мәмілелердің қатарында: өндірістік жабдықтарды сатып алуға және Алматы облысындағы «Шин-Лайн» ЖШС зауытының құрылысына несиені сақтандыру, «Востокмашзавод» АҚ сақтандыру арқылы қорғауды қамтамасыз ету, «KazFeed» ЖШС несиесін сақтандыру арқылы қолдау және т.б.

Кәсіпкерлік қызметті кеңейтуге ықпал ету мақсатында «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ 2024 жылы 1,7 трлн теңге сомасында 29,5 мың жобаға қолдау көрсетті.

Холдинг өзінің еншілес ұйымы «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы қолдау шараларын жүзеге асыра отырып, аграрлық секторды дамытуға басым назар аударады. 11 мыңға жуық ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге жалпы сомасы 600 млрд теңгеге жуық қолдау көрсетілді. 2024 жылы 26 инвестициялық жоба пайдалануға берілді. Аграрлық сектор ауылдық жерлерде азық-түлік қауіпсіздігін және жұмыспен қамтуды нығайта отырып, тұрақты дамуды көрсетуде.

Холдинг дәстүрлі түрде тұрғын үй саясатына ерекше көңіл бөледі. 2024 жылы «Отбасы банк» АҚ қолдауымен 71 452 отбасы тұрғын үй жағдайын жақсартты. «Қазақстандық Тұрғын үй Компаниясы» АҚ өңірлік тұрғын үй инфрақұрылымын дамытуға бағытталған жергілікті атқарушы органдардың облигацияларына 462 млрд теңге инвестициялады. Осылайша, ха-

17
МЫҢНАН

АСТАМ ЖАҢА ЖҰМЫС ОРНЫ АШЫЛДЫ

лықтың өмір сүру сапасын жақсартуға ықпал ететін әлеуметтік нәтижеге қол жеткізілді.

2025 жылы ел басшылығы алға қойған міндеттер аясында Холдинг кәсіпкерлікті қолдауға, тұрғын үй құрылысын дамытуға, негізгі ұлттық және инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға шамамен 8 трлн теңге бөлетін болады. Республикалық бюджеттен 1 трлн теңгені бөлу экономиканың нақты секторын қаржыландырудағы Холдингтің әлеуетін айтарлықтай күшейтеді. Осы шаралардың нәтижесінде Холдингтің ЖІӨ өсуіне үлес қосуы қамтамасыз етіледі, сондай-ақ жаңа жұмыс орындарын ашу түріндегі әсер күтілуде.

Командасының стратегиялық курсы мен кәсібилігінің арқасында «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ еліміздің экономикасының тұрақты өсуінде, оның өндірістік әлеуетін нығайтуда, халықтың өмір сүру сапасын арттыруда және ұлттық басымдықтарға қол жеткізуде жетекші рөл атқаруды жалғастырады деп сенемін..

Олжас Бектенов

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар
кеңесінің төрағасы,

Қазақстан Республикасының Премьер-министрі



БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ



РУСТАМ КАРАГОЙШИН

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ
Басқарма кеңесінің төрағасы

Құрметті серіктестер, әріптестер, инвесторлар! **GRI 2-22**

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Қазақстан Республикасының кәсіпкерлікті, экспортты, агро-өнеркәсіп кешенін қолдау және халықты қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету бойынша негізгі бағдарламаларды жүзеге асыратын негізгі ұлттық даму институты ретінде экономиканың басым секторларын тұрақты қаржыландыруды қамтамасыз етуге бағытталған кешенді шараларды жүзеге асыруда.

Ұзақ мерзімді стратегияны жүзеге асырудың бірінші жылының өзінде Холдинг жоғары нәтижелер көрсетті. 2025 жылы Холдинг 2024 жылдың қорытындысы бойынша 61,2 млрд теңге көлемінде дивидендтер жариялап, төледі (2024 жылдың ішінде – 126,2 млрд теңге). Холдингінің активтері 6%-ға өсіп, 14 438 млрд теңгені құрады. Холдингінің таза пайдасы 408 млрд теңгеге жетті.

Холдингінің стратегиялық мақсаты – мемлекет қаражатының бір бөлігін алмастыру мақсатында мемлекеттік емес қаржыландыру көздерінің үлесін арттыру. Осыған байланысты Холдинг шетелдік және қазақстандық инвесторлармен, халықаралық қаржы ұйымдарымен және даму институттарымен серіктестік қарым-қатынастарды орнату бойынша тұрақты негізде белсенді жұмыс жүргізуде. Осылайша, 2024 жылы Холдинг пен оның еншілес ұйымдары шамамен 3,9 трлн теңге¹ тартты, оның ішінде мемлекеттік емес қарыз алу көздерінің үлесі 78,2%-ды құрады.

2024 жылға арналған стратегиялық қызмет бағыттары бойынша Холдинг пен оның еншілес ұйымдары қызметінің негізгі нәтижелерін атап өткім келеді.

¹ Сума «Отбасы банк» АҚ депозиттік базасынан түсетін түсімдерді ескере отырып келтірілген.

КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТЫ БОЙЫНША

Өткен жылы Қазақстанның Даму Банкі екінші деңгейлі банктерде орта және ірі бизнеске кепілдік берудің жаңа тетіктерін ұсынды – тәуекелдер үшін комиссияны субсидиялаумен кепілдік беру және ЕДБ жеңілдікті қаржыландырумен кепілдік беру. 2024 жылдың қорытындысы бойынша клиенттерге берілген несие портфелінің көлемі 2023 жылмен салыстырғанда 25%-ға ұлғайып, 2 168 млрд теңгені² құрады. 2024 жылы Банк тікелей кредиттеу аясында жалпы сомасы 1 466 млрд теңгеге жобаларды қаржыландырды.

Холдинг сонымен қатар өзінің еншілес ұйымы – Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі арқылы экономиканың шикізаттық емес секторын дамытуға көмек көрсетеді. Өткен жылы қазақстандық өндіруші-экспорттаушыларды қолдаудың жаңа құралдары – экспорттық операцияларға кепілдік беру және экспорттық кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау іске қосылды. 2024 жылы берілген экспорттық саудалық және экспорт алдындағы қаржыландыру көлемі 30 млрд теңгеге дейін өсті, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 1,5 есеге артық.

Холдинг қызметінің маңызды бағыттарының бірі – жеке кәсіпкерлікті дамыту. 2024 жылы «Даму» қоры «Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобасы» және «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламаларын біріктірген Шағын және орта бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай кешенді бағдарламасын жүзеге асыруға кірісті. 2024 жылы «Даму» қоры жалпы сомасы 1 713 млрд теңге қаржы құралдарын пайдаланатын 29,5 мың жобаға қолдау көрсетті.

Холдингінің еншілес ұйымы Аграрлық несие корпорациясы есепті жылы еліміздің агроөнеркәсіп кешенін дамытуға 822 млрд теңгеден астам қаржы бөлді. 2024 жылы жалпы нақты қаржыландыру сомасы 23 млрд теңгені құрайтын 26 инвестициялық жоба пайдалануға берілді.

² Клиенттерге берілген несиелер бойынша шоғырландырылған деректер.

ҮЛЕСТІК ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ЭКОЖҮЙЕСІН ДАМУ ТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТЫ БОЙЫНША

Qazaqstan Investment Corporation Холдингінің еншілес ұйымы бола отырып, тікелей инвестициялар нарығында маңызды рөл атқарады. Тікелей инвестициялар қорлары арқылы QIC бәсекеге қабілетті компанияларды құруға және олардың ауқымын кеңейтуге жәрдемдеседі, жетекші халықаралық институционалдық инвесторлармен серіктестікті дамытады және ESG стандарттарын енгізуге ықпал етеді.

2024 жылдың соңында QIC портфеліне 18 қор кірді, олардың жиынтық инвестициялар көлемі 287 млрд теңгені құрады. Бұл қаражат шағын және орта бизнесті қолдауға, тұрақты салаларды дамытуға және Қазақстан экономикасының жаңа көшбасшыларын қалыптастыруға бағытталды.

ХАЛЫҚТЫ ТҰРҒЫН ҮЙМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТЫ БОЙЫНША

2024 жылы Холдинг елдегі тұрғын үй құрылысы бағдарламаларының негізгі операторы мәртебесін растады. Мемлекет басшысының «Отбасы банк» АҚ қызметін ауыл тұрғындарының баспанаға қолжетімділігін арттыруға қайта бағдарлау туралы тапсырмасы бойынша «Асыл мекен» пилоттық жобасын жүзеге асыру басталды. Сонымен қатар, Қазақстан азаматтарының тұрғын үй жағдайын жақсарту үшін «Отбасы банк» АҚ-ның «Отау» және «Наурыз» тұрғын үй бағдарламалары іске қосылды.

2024 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ХОЛДИНГ АКТИВТЕРІ

14 438
МЛРД ТЕҢГЕНІ ҚҰРАДЫ



2024 жыл рекордтық жыл болды, республика бойынша 19 млн шаршы метр тұрғын үй, оның ішінде шамамен 3,2 млн Холдингінің еншілес ұйымы «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» қатысуымен пайдалануға берілді. Бұл елімізде жүзеге асырылған көппәтерлі құрылыстың жалпы көлемінің 26%-ын құрайды.

Бұл нәтиже жай ғана сандар емес. Бұл – өңірлердің тұрақты дамуына, халықтың әл-ауқатын арттыруға қосылған үлес. Біз азаматтардың мүмкіндіктерін дәйекті түрде кеңейтіп, мемлекеттің заманауи және қолжетімді тұрғын үй инфрақұрылымын құруға қатысуын қамтамасыз етудеміз.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша «Отбасы банк» АҚ 1 290 млрд теңге сомасында 71,5 мың несие беріп, тұрақты өсімді және халықтың жоғары сенім деңгейін көрсетті.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ

Тұрақты даму Холдингінің стратегиялық бағытының ажырамас бөлігі болып табылады. Даму жоспарын жүзеге асыру шеңберінде біз қаржылық нәтижелерге ғана емес, сонымен бірге ұзақ мерзімді әлеуметтік және экологиялық әсерге де ұмтыла отырып, ESG қағидаттарын өз қызметімізге дәйекті түрде енгіземіз.

2024 жылы Холдинг орнықты тәжірибелерге бейімділігін тағы да растады. Sustainable Fitch халықаралық агенттігі берген ESG рейтингі «3» деңгейінде сақталды, бұл ретте жалпы балл 57-ден 59-ға дейін өсті, бұл біздің ішкі саясатымыздың біртіндеп жақсарғанын дәлелдейді.

Біз тұрақты қаржыландыру құралдарын дамытуға ерекше көңіл бөлеміз. Холдинг KASE алаңында жалпы көлемі 100 млрд теңге дебюттік «әлеуметтік» облигацияларын орналастырды. Тартылған қаражат «Аграрлық несие корпорациясы» арқылы көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарына фермерлерге жеңілдікті кредиттер беретін «Кең дала 2» бағдарламасын жүзеге

асыруға бағытталды. Бұл облигациялардың параметрлері тұрақты даму қағидаттарына сәйкес келеді және әлеуметтік маңызды нәтижеге – азық-түлік қауіпсіздігін қолдауға және АӨК дамытуға бағдарланған.

Қазақстанның Даму Банкі халықаралық капитал нарықтарына екі еурооблигация шығарылымымен шықты: біріншісі – 500 млн АҚШ доллары көлемінде, екіншісі – 100 млрд теңгеге тұрақты шығарылым, ол Орталық Азиядан ESG стандарттарына сәйкес келетін бірінші орналастыру болды. «Бәйтерек» холдингі ұлттық басымдықтарды жаһандық күн тәртібімен байланыстыра отырып, тұрақты қаржыландырудағы көшбасшылығын нығайтуды әрі қарай жалғастырмақ.

ПЕРСПЕКТИВАЛАР

Холдинг болашаққа өршіл мақсаттармен қарайды. 2025 жылы біз бизнесті дамытуға, тұрғын үй құрылысына, ұлттық және инвестициялық басым жобаларды жүзеге асыруға шамамен 8 трлн теңге бөлуді жоспарлап отырмыз.

Біздің басты мақсатымыз – қоғам алдындағы жауапкершілік қағидаттары негізінде бәсекеге қабілетті қазақстандық өнімдерді шығаруға, инфрақұрылымды жаңғыртуға және азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға ықпал ететін әділ және тұрақты қаржыландыру тетіктерін қалыптастыру.

«Бәйтерек» холдингі өзінің ашық, жауапты және нәтижелі даму институты ретіндегі мәртебесін одан әрі нығайта беретінін атап өткім келеді.

Біз Қазақстанның болашағына қосқан үлесімізді мақтан тұтамыз және мемлекеттің, кәсіпкерлік қоғамдастық пен азаматтардың сенімді серіктесі болып қала береміз.

Рустам Карагойшин

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ
Басқарма кеңесінің төрағасы



2024 ЖЫЛҒЫ БАСТЫ ОҚИҒАЛАР

РЕЙТИНГТЕРДІ КӨТЕРУ/РАСТАУ

- ◆ Moody's Investors Service халықаралық рейтингтік агенттігі «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ ұзақ мерзімді кредиттік рейтингін «Ваа2»-ден «Ваа1»-ге дейін көтерді. Рейтингтің жоғарылауы холдингтің тұрақты қаржылық жағдайын және оның Қазақстанның экономикалық дамуындағы негізгі рөлін көрсетеді. Эмитент пен холдингтің ұзақ мерзімді рейтингтерінің болжамы елдің егемен рейтингіне сәйкес болып, «тұрақты» деңгейде сақталады.
- ◆ Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның шетелдік және ұлттық валютадағы ұзақ мерзімді рейтингін «тұрақты» болжаммен «BBB» деңгейінде растады. Рейтингті растау Холдингтің қаржылық тұрақтылығын, сондай-ақ мемлекеттік даму институты ретінде әрекет ететін және мемлекеттің экономикалық саясатын іске асыруда маңызды рөл атқаратын ұлттық басқарушы компания мәртебесін көрсетеді.
- ◆ Sustainable Fitch халықаралық рейтингтік агенттігі Холдингке ұйымның ESG рейтингін «3» деңгейінде растады және баллды «57»-ден «59» баллға дейін көтерді (100 баллдық шкала бойынша, мұндағы 100 – ең күшті баға).

МЕМЛЕКЕТТІК ЕМЕС ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЗДЕРІНІҢ ҮЛЕСІ ҰЛҒАЙТЫЛДЫ

- ◆ 2024 жылы мемлекеттік емес қарызға алу көздерінен алынған елеулі жұмылдыру Холдингтің және оның еншілес ұйымдарының 1 463,3 млрд теңге сомасындағы облигациялар шығарылымы, сондай-ақ 149,4 млрд теңге сомасындағы ЕДБ несиелері болды.
- ◆ «Қазақстанның Даму банкі» АҚ China Construction Bank-тен 1 млрд юань (баламасы 71,7 млрд теңге) сомасында қаражат тартты. Сонымен қатар, Банк инвестициялық жобаларды қаржыландыруға 23 млн АҚШ доллары (баламасы 12,1 млрд теңге) және 746,4 млн юань (баламасы 53,5 млрд теңге) сомасында қаражат тартты.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ МАҚСАТЫНДА ESG ОБЛИГАЦИЯЛАРЫ АЛҒАШ РЕТ ОРНАЛАСТЫРЫЛДЫ

- ◆ «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ 2024 жылдың 26 желтоқсанында KASE платформасында жалпы көлемі 100 млрд теңге дебюттік «әлеуметтік» облигацияларын орналастырды. Тартылған қаражат «Кең дала 2» бағдарламасы аясында «Аграрлық несие корпорациясы» арқылы көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын (КЕ және ЕЖЖ) жүргізуге жұмсал-

ды. Бұл ESG шығарылымы тұрақты даму қағидаттарына сәйкес келеді және оң әлеуметтік маңызды нәтижелерге қол жеткізу мақсатында КЕ және ЕЖЖ уақтылы жүзеге асыру үшін фермерлерге жеңілдікпен несие беруді қарастырады.

ПАРНИКТІК ГАЗДАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫН ЕСЕПТЕУ ӘДІСТЕМЕСІ БЕКІТІЛДІ

- ◆ Төмен көміртекті даму жөніндегі ұлттық күн тәртібін орындауға жәрдемдесу мақсатында Холдингте Басқарманың 2024 жылғы 4 шілдедегі шешімімен (№35/24 хаттама) Парниктік газдар шығарындыларын есептеу әдістемесі бекітілді, ол шығарындылар көлемін анықтау, есепке алу мен тексерудің бірыңғай тәсілдерін белгілейді, сондай-ақ Холдингтің тұрақты даму саласындағы қызметінің айқындығын арттыруға және стратегиялық климаттық мақсаттарға жетуге ықпал етеді. Әдістеме Greenhouse Gas Protocol-ға, парниктік газдардың ұлттық кадастрларын жүргізудің тиімді тәжірибелері мен белгісіздік факторларын есепке алу бойынша Климаттың өзгеруі жөніндегі үкіметаралық сарапшылар тобының жетекші нұсқауларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленген.
- ◆ Холдинг пен оның еншілес және тәуелді ұйымдары деңгейінде парниктік газдар шығарындыларын есептеу (Scope 1, 2, 3) жүргізілді.

ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЕМЕС ОБЛИГАЦИЯЛАРЫН ШЫҒАРУ ЖӨНІНДЕГІ НЕГІЗДЕМЕЛІК БАҒДАРЛАМА БЕКІТІЛДІ

- ◆ 2024 жылы Холдинг тұрақты қаржыландыруды дамытуда маңызды қадам жасады. Басқарманың 2024 жылғы 7 қарашадағы шешімімен (№58/24 хаттама) Тұрақты дамудың мемлекеттік емес облигацияларын шығару жөніндегі негіздемелік бағдарлама (бұдан әрі – Негіздемелік бағдарлама) бекітілді. Құжат «жасыл» және әлеуметтік жобаларды іріктеу, тартылған қаражатты пайдалану мен басқару, сондай-ақ ақпаратты ашу тәсілдерін белгілейді. Бағдарлама Жасыл облигация қағидаттарының (GBP), Әлеуметтік облигациялар қағидаттарының (SBP) және Капитал нарығының халықаралық қауымдастығы (ICMA) әзірлеген Әлеуметтік облигацияларды шығару жөніндегі жетекші қағидаттардың (SBG) ұсынымдарын ескере отырып әзірленді.
- ◆ «AIFC Green Finance Center Ltd.» ЖК Негіздік бағдарламаның халықаралық ICMA стандарттарына сәйкестігіне сыртқы бағалау жүргізді. Бағалау нәтижелері бойынша Сәйкестік деңгейін тағайындау картасына сәйкес Негіздемелік бағдарлама «Өте

жақсы» деген дәрежеге ие болды, бұл жобаларды іріктеудің, тартылған қаражатты басқарудың, ашықтықтың, сондай-ақ экологиялық және/немесе әлеуметтік әсері бар жобалар туралы ақпарат ашылуының жоғары деңгейін көрсетеді.

«БӘЙТЕРЕК» ҰБХ» АҚ ЖӘНЕ LESHA BANK LLC (PUBLIC) «BEREKE BANK» АҚ САТУ МӘМІЛЕСІН АЯҚТАДЫ

- ◆ «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ және Lesha Bank LLC (Public) «Bereke Bank» АҚ-ның 100% акцияларын сату мәмілесінің аяқталғаны туралы хабарлады. Келісімнің барлық талаптары тараптармен сәтті келісілді. Мәміле қазақстандық реттеушілер тарапынан мақұлдаудың барлық қажетті сатыларынан өтті, соның ішінде Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің (ҚНРДА) тамыз айында Lesha Bank-тің банк холдингі мәртебесін алуына берген келісімін және «Bereke Bank» АҚ сатып алуға рұқсатты алды.

ЖАҢА ӨНІМДЕР МЕН БАҒДАРЛАМАЛАР ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

- ◆ «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ екінші деңгейлі банктерде (ЕДБ) орта және ірі бизнеске кепілдік берудің жаңа тетіктерін ұсынды. Тетіктер ҚР Президентінің «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағыты» атты Жолдауын іске асыру шеңберінде Ұлттық экономика министрлігімен бірлесіп әзірленген және ҚР Үкіметінің 2024 жылғы 2 шілдедегі қаулысымен бекітілген Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттері бойынша ішінара кепілдік беру қағидаларымен бекітілген. Қағидалар шеңберінде екі жаңа құрал енгізілді: тәуекелдер үшін комиссияны субсидиялай отырып кепілдік беру және ЕДБ жеңілдікті қаржыландыруын ұсына отырып кепілдік беру.
- ◆ «Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ қазақстандық өндіруші-экспорттаушыларды қолдаудың жаңа құралдарын іске қосты – экспорттық операцияларға кепілдік беру және экспорттық кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау. Жаңа құралдар тауарларды, қызметтерді және жұмыстарды экспорттауға бағытталған қазақстандық өндірушілерге халықаралық тендерлерге қатысуға, экспорттық қызығушылығы жоғары елдердің нарықтарында шетелдік қатысуын кеңейтуге мүмкіндік береді.

- ◆ «Қазақстан азаматтарының тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған Отбасы банк» АҚ-ның «Отау» және «Наурыз» тұрғын үй бағдарламалары іске қосылды. Халықтың әлеуметтік осал топтары үшін 7% жеңілдетілген несие мөлшерлемесі қарастырылған³.
- ◆ «Отбасы банк» АҚ Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша ауыл инфрақұрылымын дамытуға және ауыл тұрғындарының тұрғын үйге қолжетімділігін арттыруға ықпал ете отырып, Банк қызметін облыс орталықтарынан аудандарға, моноқалалар мен ауылдарға қайта бағыттау жөніндегі «Асыл мекен» пилоттық жобасын жүзеге асыруды бастады. Оны жүзеге асыруға Банк 2 млрд теңге бөлді, соның арқасында ауылдық жерлердегі 208 отбасы баспана сатып алды немесе үй салу үшін қаржыландыру алды.

ХОЛДИНГ ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАСТАМАЛАРҒА ҚОСЫЛДЫ

- ◆ 2024 жылдың 16 сәуірінде Холдинг жаһандық деңгейде тұрақты дамуға бизнесті тартуға бағытталған ең ірі халықаралық бастама – Біріккен Ұлттар Ұйымының Жаһандық шартына (UN Global Compact) қосылды.
- ◆ 2024 жылдың 29 сәуірінде Холдинг «Бір белдеу, бір жол» жасыл инвестициялық қағидаттарына (GIP) қол қоюшылардың бірі болды. Бұл маңызды қадам Baiterek-тің тұрақты және жасыл инвестицияларға, сондай-ақ экологиялық таза жобаларды ілгерілету жөніндегі жаһандық күш-жігеріне бейімділігін күшейтеді.

SMART PLASTIC ZONE АЛТЫН БЕЛГІСІ БЕРІЛДІ

- ◆ «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ пластикті пайдалануды азайту және экологиялық мәдениетті дамыту бойынша тұрақты тәжірибелерді жүзеге асырғаны үшін жоғары дәрежелі ерекшелік санаты – «Алтын» белгісін алып, «Smart Plastic Zone» экологиялық жобасының қатысушысы болды. Бастама Coca-Cola және GreenUrban қауымдастығының қолдауымен жүзеге асырылады. Жобаға қатысу Холдингтің экологиялық жауапкершілігінің жоғары деңгейін растады.

³ 7,3-тен 8,9% дейінгі ЖТПМ.



ХОЛДИНГТІҢ БИЗНЕС-ҮЛГІСІ

GRI 2-6

ДАМУ БАҒЫТТАРЫ

ХОЛДИНГТІҢ МИССИЯСЫ

Қоғам алдындағы жауапкершілік қағидаттарына сүйене отырып, қазақстандық тауарлар мен қызметтердің өндірісін қолдау, инфрақұрылымды жаңғырту және азық-түлік қауіпсіздігін нығайту арқылы Қазақстан Республикасы экономикасының тұрақты өсуіне жәрдемдесу

ХОЛДИНГТІҢ ПАЙЫМЫ

Жаңа салалық «өсу нүктелерін» дамыту арқылы Қазақстан экономикасының құрылымын түрлендіретін проактивті басқарушы холдинг

ҚЫЗМЕТТІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ

- Кәсіпкерлікті дамыту
- Үлестік қаржыландырудың экожүйесін дамыту
- Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету

ХОЛДИНГТІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ РЕСУРСТАРЫ

АКТИВТЕР

14 438

млрд теңге

ТАЗА ПАЙДА

408

млрд теңге

КАПИТАЛ

3 002

млрд теңге

ДИВИДЕНДТЕР

126,2*

млрд теңге

МІНДЕТТЕМЕЛЕР

11 437

млрд теңге

БІРЫҢҒАЙ КОРПОРАТИВТІК МӘДЕНИЕТ

ТИІМДІ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

ЖАУАПТЫ ИНВЕСТИЦИЯЛАУ

КЛИЕНТКЕ БАҒЫТТАЛҒАН ТӘСІЛ

ХОЛДИНГТІҢ ҚҰРАЛДАРЫ

ҚАРЫЗДЫҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

КРЕДИТТЕУ

КЕПІЛДІК БЕРУ

ЛИЗИНГ

СУБСИДИЯЛАУ

САҚТАНДЫРУ

ЭКСПОРТТЫҚ ЖӘНЕ ЭКСПОРТЫ АЛДЫНДАҒЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

ИНВЕСТИЦИЯЛАУ

ҚОРЛАНДЫРУ

ҮЛЕСТІК ҚАТЫСУ

ИПОТЕКАЛЫҚ НЕСИЕЛЕУ

ЖАЛДАМАЛЫ ТҰРҒЫН ҮЙ

2024 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

21

ІРІ ЖОБА

29,5

МЫҢ ШОБ ЖОБАЛАРЫ

96

ЭКСПОРТТАУШЫЛАР

71,5

МЫҢ ОТБАСЫ, ОНЫҢ ІШІНДЕ 13 724 КЕЗЕКТЕ ТҰРҒАНДАР БАСПАНА САТЫП АЛДЫ

5,6

МЫҢ ГА ӨҢДЕЛГЕН ЖЕР

10,5

МЫҢ БІРЛ А/Ш ЛИЗИНГІ (ҚР ӨНДІРІСІНДЕГІ 7,8 МЫҢ)

* 2024 жылы 2023 жылдың қорытындысы бойынша төленген дивидендтердің жалпы сомасы. Сонымен қатар, 2025 жылы Холдинг 2024 жылдың қорытындысы бойынша 61,2 млрд теңге көлемінде дивиденд жариялап, оны төледі.

ХОЛДИНГ ТУРАЛЫ

GRI 2-1, 2-2, 2-6

«БӘЙТЕРЕК» ҰБХ» АҚ МИССИЯСЫ

қоғам алдындағы жауапкершілік қағидаттарына сүйене отырып, қазақстандық тауарлар мен қызметтердің өндірісін қолдау, инфрақұрылымды жаңғырту және азық-түлік қауіпсіздігін нығайту арқылы Қазақстан Республикасы экономикасының тұрақты өсуіне жәрдемдесу.

«БӘЙТЕРЕК» ҰБХ» АҚ ПАЙЫМЫ

жаңа салалық «өсу нүктелерін» дамыту арқылы Қазақстан экономикасының құрылымын түрлендіретін проактивті басқарушы холдинг.

Холдинг құрылымына дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы меншік құқығымен тікелей Холдингке тиесілі 7 еншілес ұйым кіреді. Еншілес ұйымдардың қызметі кәсіпкерлікті қолдауға, үлестік қаржыландырудың экожүйесін дамытуға және халықты тұрғын үймен қамтамасыз етуге бағытталған.

Еншілес ұйым	Қолдау құралы	Қызмет бағыты
«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ		
 Банк развития Казахстана	- Қарыздық қаржыландыру - Кепілдіктер - Лизинг - Экспорттық және экспорт алдындағы қаржыландыру	Өнеркәсіпті дамыту
«Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ		
	- Сақтандыру - Экспорттық және экспорт алдындағы қаржыландыру - Кепілдіктер	Экспорттық әлеуетті арттыру
«Qazaqstan Investment Corporation» АҚ		
	- Үлестік қаржыландыру - Венчурлық қорларды құру/қатысу - Мезониндік қаржыландыру	Үлестік қаржыландырудың экожүйесін дамыту
«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ		
	- Кепілдік беру - Субсидиялау - ЕДБ/МҚҰ-да қаражатты шартты орналастыру арқылы кредиттеу	Микро, шағын және орта бизнес субъектілерін қолдау
«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ		
	- АӨК субъектілерін кредиттеу - Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын кредиттеу - Қаржы институттарын қорландыру - Шағын бизнесті микрокредиттеу - Сақтандыру сыйлықақыларын субсидиялау	Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту
«Отбасы банкі» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ		
	Ипотекалық несиелеу	Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету
«Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» АҚ		
	- ЖАО бағалы қағаздарын сатып алу арқылы құрылыс салушыларды қаржыландыру - Сатып алу құқығымен жалға берілетін тұрғын үй - Үлестік тұрғын үй құрылысына кепілдік беру - Жеке құрылыс салушылардың кредиттерін субсидиялау - Инвестициялық жобаларды қаржыландыру	Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету

ХОЛДИНГТІҢ НЕГІЗГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ



ЖАУАПКЕРШІЛІК

әрбір қызметкер өз ниеті мен іс-әрекеті үшін дербес жауапкершілік көтереді



КӘСІБИЛІК

кәсіби қызмет тапсырмаларын орындауға дайындықтың жоғары деңгейі



КОМАНДА

бірлескен қызметтен неғұрлым жоғары нәтижелерге жету үшін ынтымақтасу



АДАЛДЫҚ

Холдинг ішіндегі және өз серіктестеріне қатысты адалдық



ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

Холдинг қызметінің қоғамдық саладағы мүдделі тараптарға әсері үшін жауапкершілік

ДАМУ ТАРИХЫ

2013

- ◆ «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы №571 Жарлығымен құрылды. Холдинг құрамына бұрын мемлекеттік органдардың басқаруында болған 10 даму институты және «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ кірді.

2014

- ◆ Холдинг 2015-2019 жылдарға арналған «Нұрлы жол» инфрақұрылымдық даму мемлекеттік бағдарламасының операторы болды. Холдинг құрамында Kazakhstan Infrastructure Fund C.V. инфрақұрылымдық қоры, «Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жобаларын сүйемелдеу орталығы» ЖШС, Baiterek Venture Fund құрылды.

2015

- ◆ «Ұлт жоспары – 100 нақты қадам» 62-қадам аясында Еуразиялық экономикалық одақта бәсекеге қабілетті көшбасшы бола алатын қатысушы компаниялардың серпінді өсуіне жәрдемдесу мақсатында «Бәсекеге қабілеттілік көшбасшылары – ұлттық чемпиондар» бағдарламасы қолға алынды.

2016

- ◆ Холдингтің «Қазақстандық ипотекалық несиелерге кепілдік беру қоры» еншілес ұйымы «Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қоры» АҚ (бұдан әрі – ТҚКҚ) болып қайта құрылды.
- ◆ 2016 жылдың қыркүйегінде «Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жобаларын сүйемелдеу орталығы» ЖШС мандатын кеңейту және оны «Kazakhstan Project Preparation Fund» ЖШС (бұдан әрі – KPPF) деп атауын өзгерту туралы шешім қабылданды.

2017

- ◆ «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның 2014-2023 жылдарға арналған даму стратегиясы өзектендірілді.
- ◆ Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің 2025 жылғы 23 маусымдағы №178 бұйрығымен «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Корпоративтік басқару кодексі жаңа редакцияда бекітілді.
- ◆ Холдингтің еншілес ұйымдары, «Қазақстанның Даму банкі» АҚ (бұдан әрі – ҚДБ) және «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ-мен (бұдан әрі – ҚКМ) ҚДБ жобаларын капиталдандыру мақсатында 100 млн АҚШ доллары көлемінде DBK Equity Fund тікелей инвестициялар қоры құрылды.

2018

- ◆ Директорлар Кеңесі елдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал ететін экономиканың жеке секторының жобаларына шоғырланатын Холдингтің инвестициялық саясатын жаңа редакцияда бекітті.
- ◆ 2018 жылғы желтоқсанда Қазақстан қор биржасында 15 жыл айналым мерзімімен 77,7 млрд теңге сомасында теңгелік облигациялардың дебютті шығарылымы орналастырылды.

2019

- ◆ «KazakhExport» ЭСК» АҚ жарғылық капиталын толықтыруға 34 млрд теңге бөлінді.
- ◆ «Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік» АҚ «QazTech Ventures» АҚ (бұдан әрі – QTV) деп атауы өзгертілді. Сонымен қатар оның қызмет бейіні өзгертілді: венчурлік нарықты, бизнес-инкубациялауды және технологиялық кәсіпкерлікті дамытуға шоғырландырылатын болды.

2020

- ◆ Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ тұрғын үй блогын оңтайландыру жүргізілді, нәтижесінде «Қазақстандық ипотекалық компания» ипотекалық ұйымы» АҚ-на (бұдан әрі – «ҚИК» ИҰ» АҚ) «Бәйтерек девелопмент» АҚ (2020 жылғы қазан) және ТҚКҚ (2020 жылғы қараша) қосылды. Сонымен қатар, «ҚИК» ИҰ» АҚ-на бұдан бұрын «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ (бұдан әрі – «Даму» қоры) арқылы ұсынылатын құрылыс салушыларды субсидиялау құралы табысталды.
- ◆ «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ еншілес ұйымы – «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ атауы «Отбасы банк» Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ (қысқаша «Отбасы банк» АҚ) болып өзгертілді.
- ◆ «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ «Нұрлы жер» және 2020-2021 жылдарға арналған Жұмыспен қамту жол картасы бағдарламаларын іске асыру аясында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің еншілес құрылымы «Қазақстандық тұрақтылық қоры» АҚ-нан жалпы көлемі 970 млрд теңге облигациялық қарыздар тарылды.
- ◆ 2020 жылы «KazakhExport» ЭСК» АҚ 29 млрд теңге сомасында капиталдандыруды жүзеге асырды.

2021

- ◆ 2021 жылғы 26 қаңтарда «Қазақстан ипотекалық компаниясы» ипотекалық ұйымы» АҚ «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» АҚ болып атауын өзгертті.
- ◆ Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан Республикасына жолдау шеңберінде берген тапсырмасына сәйкес «ҚазА-

гро» ҰБХ» АҚ мен «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қосу жұмысы аяқталды.

- ◆ 2021 жылдың наурыз айында Қазақстан қор биржасында 10 жылдық айналым мерзімімен 50 млрд теңге сомаға теңгелік облигациялар шығарылымы орналастырылды.
- ◆ 2021 жылдың мамыр айында QTV мен KPPF еншілес ұйымдарының функционалы мен активтерін жеке қорлар ретінде ҚКМ басқаруына табыстау іс-шаралары аяқталды.
- ◆ 2021-2025 жылдарға арналған Кешенді жекешелендіру жоспарын орындау үшін 2021 жылдың тамыз айында «Қазақстан инвестиция қоры» АҚ-ның 100% акциялары өткізілді.
- ◆ 2021 жылдың қыркүйек айында Nur Otan партиясының «Өзгерістер жолы: Әр азаматқа лайықты өмір!» сайлау алдындағы бағдарламасын орындау жөніндегі Жол картасын жүзеге асыру шеңберінде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ жанында Қоғамдық кеңес құрылды.
- ◆ 2021 жылдың қараша айында 2014-2023 жылдарға арналған «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ дамыту жоспары өзектендірілді⁴.
- ◆ 2021 жылдың желтоқсан айында «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ «Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ-на (бұдан әрі – АНК) қосу жолымен қайта ұйымдастырылды.
- ◆ 2021 жылдың желтоқсан айында Қазақстан қор биржасында 10 жылдық айналым мерзімімен 55 млрд теңге сомаға теңгелік облигациялар шығарылымы орналастырылды.
- ◆ «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ «Нұрлы жер» бағдарламасы мен 2020-2021 жылдарға арналған Жұмыспен қамтудың жол картасын жүзеге асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің еншілес құрылымы – «Қазақстан орнықтылық қоры» АҚ жалпы көлемі 220 млрд теңгені құрайтын облигациялық қарыздары тарылды.
- ◆ 2021 жылы «KazakhExport» ЭСК» АҚ 5 млрд теңгені құрайтын сомаға капиталдандыруды жүзеге асырды.

2022

- ◆ «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау шеңберінде «ҚазАгроҚаржы» АҚ (бұдан әрі – ҚАҚ) акцияларының 100%-ын «Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ-на берді. ҚАҚ ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын лизингке беру бойынша негізгі қызметін жалғастырды.
- ◆ Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасын орындау мақсатында 2022 жылғы 1 қыркүйекте Холдинг «Сбербанк России» ЖАҚ-дан «Сбербанк» АҚ еншілес банкін сатып алды. Сатып алғаннан кейін «Сбербанк» АҚ ЕБ қайта тіркеліп, «Bereke Bank» АҚ (бұдан әрі – Bereke Bank) болып қайта аталды. 2022 жылдың қараша айында Холдинг өз талабын орындап, «Bereke Bank» АҚ миноритарлық акцио-

нерлерінен оларға тиесілі 248 дауыс беретін акциясын сатып алды.

2023

- ◆ 2023 жылы «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ Қазақстан қор нарығында дебюттік «жасыл» облигацияларын орналастырды: 2023 жылғы наурыз айында KASE биржасында 10 млрд теңге сомасына, ал желтоқсан айында АІХ биржасында 15 млн АҚШ доллары сомасына облигациялар орналастырылды.
- ◆ «Отбасы банк» үшінші транш ретінде Азия Даму Банкінің 15,6 млрд теңге көлеміндегі қаражаты есебінен «Ұмай» әйелдер ипотекасы бағдарламасын жүзеге асырды. Есепті жылы банк «Ұмай» бағдарламасын іске асырғаны үшін гендерлік чемпион болып танылды. Ол – Қазақстаннан шыққан жалғыз банк, елде гендерлік теңдікті белсенді түрде ілгерілеткені үшін Орталық Азия Аймақтық Экономикалық Ынтымақтастық (ЦААЭЫ) бағдарламасынан марапат алды.
- ◆ 2023 жылы Bereke Bank-тан санкциялық шектеулер алынып тасталды, Банк халықаралық Fitch агенттігінен «BB» деңгейіндегі ұзақ мерзімді рейтинг алды. Банк қажетті капитал жеткіліктілігін, төлем инфрақұрылымын қалпына келтіріп, тұрақты операциялық қызметке шықты.
- ◆ 2023 жылғы 10 қаңтарда «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ атауы «Qazaqstan Investment Corporation» (бұдан әрі – QIC) деп өзгертілді.


2024

- ◆ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 8 сәуірдегі №261 «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының кейбір мәселелері және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы қаулысымен «KazakhExport» ЭСК» АҚ экспорттық-кредиттік агенттік ретінде белгіленді және «Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ (ЭКА) болып қайта аталды.
- ◆ «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ және Lesha Bank LLC (Public) «Bereke Bank» АҚ-ның 100% акцияларын сату бойынша мәміленің аяқталғаны туралы хабарлады.
- ◆ 2024 жылғы 26 желтоқсанда «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ KASE алаңында жалпы көлемі 100 млрд теңге дебюттік «әлеуметтік» облигацияларын орналастырды.
- ◆ Холдингке ұйымның ESG рейтингін «3» деңгейінде растады және баллды «57»-ден «59» баллға дейін көтерді (100 баллдық шкала бойынша, мұндағы 100 – ең күшті баға).


⁴ Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Даму стратегиясы» ұғымы «Даму жоспары» ұғымына ауыстырылды.

ХОЛДИНГ САНДАРЫ: 2024 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ⁵


ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР




ХОЛДИНГ ТОБЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ



ҚАРЖЫЛЫҚ ЕМЕС КӨРСЕТКІШТЕР



2024 ЖЫЛҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘСЕР



⁵ 2023 жылға қатысты көрсеткіштердің өзгеруі.

ХОЛДИНГТІҢ 2024–2033 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ ЖОСПАРЫ

Стратегиялық негізгі қызмет көрсеткіштерін орындау	21
Холдингтің жаңа стратегиялық бастамалары.....	22



GRI 2-6

Холдингте стратегиялық жоспарлау ҚР 2011 жылғы 1 наурыздағы №413-IV «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 184-бабының ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады. Стратегиялық бағыттарды, мақсаттарды және қызмет нәтижелерінің көрсеткіштерін белгілейтін негізгі құжат – ҚР бекітетін даму жоспары. Даму жоспары Холдингтің еншілес ұйымдарының даму жоспарларын ескере отырып әзірленеді және Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауларының ережелерін ескере отырып түзетілуі мүмкін.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның 2024-2033 жылдарға арналған даму жоспары ҚР Үкіметінің 28.04.2025⁶ қаулысымен өзектендірілген және екінші онжылдық кезеңге (алдыңғы кезең: 2014-2023 жылдары) арналған стратегиялық құжат болып табылады.

Даму жоспары «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қызметінің бағыттары бойынша өнеркәсіптік-инновациялық, әлеуметтік-экономикалық және басқа да салалардағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын ескереді және оның миссиясын, пайымын, 2024-2033 жылдарға арналған стратегиялық бағыттарын, мақсаттары мен міндеттерін, сондай-ақ «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қызметіне елеулі әсер ететін ішкі және сыртқы ортадағы өзгерістерді айқындайды.

МИССИЯСЫ	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ – қазақстандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтер өндірісін қолдау, инфрақұрылымды жаңғырту және қоғам алдындағы жауапкершілік қағидаттарымен азық-түлік қауіпсіздігін нығайту арқылы Қазақстан Республикасы экономикасының орнықты түрде өсуіне жәрдемдесу.
ПАЙЫМЫ	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ – жаңа салалық «өсу нүктелерін» дамыту арқылы Қазақстан экономикасының құрылымын түрлендіретін проактивті басқарушы холдинг.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ өз миссиясын іске асыру шеңберінде шешетін түйінді міндеттер:

- 1) экономиканың шикізаттық емес салаларын дамыту;
- 2) кәсіпкерлікті дамыту;
- 3) өңдеу өнеркәсібін дамыту;
- 4) шикізаттық емес өнімдер экспортын қолдау;
- 5) еңбек өнімділігін арттыру;
- 6) бәсекеге қабілетті АӨК дамыту;
- 7) экономиканың инвестициялық тартымдылығын арттыру;
- 8) халықтың әл-ауқатын жақсарту

Алғашқы алты міндет «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның микро, шағын, орта және ірі кәсіпкерлік субъектілерін қолдауды, өнеркәсіпті дамытуды және өңірлік дамытуды қамтитын «Кәсіпкерлікті қолдау» стратегиялық бағыты бойынша негізгі қызметін жүзеге асыру арқылы шешіледі.

Экономиканың инвестициялық тартымдылығын арттыру жөніндегі жетінші міндет Қазақстанда ғана емес, сондай-ақ макроөңірде де үлестік қаржыландыру экожүйесін дамытудың стратегиялық бағыты шеңберінде шешіледі.

Халықтың әл-ауқатын жақсарту жөніндегі сегізінші міндет «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның «Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету» қызметінің стратегиялық бағыты шеңберінде шешіледі.



⁶ ҚР Үкіметінің 25.12.2023 № 1180 қаулысымен бекітілген.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТКІШТЕРІН ОРЫНДАУ

Холдингтің стратегиялық мақсаттары мен міндеттерін іске асыру және оның қызметінің тиімділігі негізгі қызмет көрсеткіштерін (бұдан әрі – НҚК) пайдалана отырып бағаланады.

- Холдинг пен оның ЕҰ-да келесі НҚК иерархиясы құрылған:
- ◆ Корпоративтік НҚК;
 - ◆ Холдингтің басшы қызметкерлерінің (Басқарма мүшелерінің) НҚК;
 - ◆ Холдингтің басқарушы қызметкерлерінің НҚК;
 - ◆ ЕҰ басшы қызметкерлерінің және жұмыскерлерінің НҚК.

2024 ЖЫЛЫ «БӘЙТЕРЕК» ҰБХ» АҚ ҚОЛДАУЫНА ИЕ БОЛҒАН КӘСІПОРЫНДАР ТҮСІМІНІҢ КӨЛЕМІ

29 621
МЛРД ТЕҢГЕ

2024 ЖЫЛҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ НҚК

	Көрсеткіш	өлш. бірл.	2024	
			жоспар	дерек
1	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ АҚ жалпы активтерінен кредиттік және инвестициялық портфелінің үлесі	%	73,00	74,13
2	Клиенттердің қанағаттануы ⁷	%	–	–
3	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қолдауына ие болған кәсіпорындар түсімінің көлемі (бір жылдағы)	млрд теңге	14 687,02	29 621
4	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қолдауына ие болған кәсіпорындардың экспорттық түсімінің көлемі (бір жылдағы)	млрд теңге	1 903,15	2 436
5	Нарықта жұмыс істеп тұрған МШОК субъектілерінің жалпы санына қаржылық қолдау көрсетілген МШОК субъектілерінің үлесі	%	0,97	1,67
6	АӨК саласындағы негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі (бір жылдағы)	млрд теңге	337,20	386,56
7	ҚР-да тартылған инвестициялардың Холдинг қаражаттары бірлігіне қатысты коэффициенті	коэффициент	≥2	2,07
8	Салынған капиталдың жиынтық құны (Total Value to Paid-in Capital, TVPI)	коэффициент	1,21	1,04 ⁸
9	Көппәтерлі тұрғын үй нарығын үлестік құрылыс тетіктерімен қамтуды арттыру	%	36,0	44,78
10	Бастапқы және салынып жатқан тұрғын үйлерге несие үлесін ұлғайту	%	26,39	41,56
11	Тұрғын үймен қамтамасыз етілген кезекте тұрғандардың үлесі (2024 жылдан бастап жинақталумен)	%	1,13	2,26

⁷ «Клиенттердің қанағаттануы» НҚК бойынша сауалнама екі жылда бір рет жүргізіледі және 2024 жылға жоспарланбаған.
⁸ TVPI нысаналы мәнінен ауытқу тікелей инвестицияларды кәптивтік қорлармен қаржыландыруға және инвестициялық портфельдің әділ құнын бағалауға назар аударумен байланысты

ХОЛДИНГТІҢ ЖАҢА СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСТАМАЛАРЫ

2024 жылғы 6 ақпанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысының қорытындысы бойынша Мемлекет басшысы стратегиялық міндет қойды – **2022 жылға қатысты жалпы ішкі өнімді екі есеге арттыруды қамтамасыз ету**, бұл 2029 жылға дейін кемінде 6% деңгейінде экономиканың жыл сайынғы өсуін көздейді. Бұл мақсат Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 30 шілдедегі №611 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарында бекітілген.

Осы тапсырманы іс жүзінде іске асыру мақсатында Холдингтің Басқарма төрағасы Р.Т. Карагойшиннің бастамасымен 2025 жылғы 4 наурыздағы Үкімет оты-

рысында өңдеу өнеркәсібінің 7% деңгейінде өсуіне қол жеткізу мақсатында экономиканың нақты секторын қаржылық қолдаудың басымдық бағыттары жарияланды. Атап айтқанда, кәсіпкерлікті, тұрғын үй құрылысын қолдауға, негізгі инвестициялық және ұлттық жобаларды іске асыруға мемлекеттік бюджеттен 1 трлн теңге бөлінген жағдайда экономиканың нақты секторын қаржылық қолдаудың жалпы көлемін **2025 жылы 8 трлн теңгеге дейін** жеткізу ұсынылды.

Осы бастамалардың аясында «Бәйтерек» холдингі өзінің стратегиялық даму бағыттарын қайта қарады, бұл Холдингтің 2024-2033 жылдарға арналған өзектендірілген даму жоспарында көрініс тапты. Жаңартылған құжат тұрақты өсу мақсаттарына қол жеткізу-

ҰЛТТЫҚ БАСЫМДЫҚТАР

➔ **МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ 2024 ЖЫЛҒЫ 6 АҚПАНДА:**

2029 жылға дейін жиі екі есеге немесе экономиканың жыл сайын **6%-ға өсуін** қамтамасыз ету керек.

➔ **ҚР ҮКІМЕТІ 2025 ЖЫЛҒЫ 4 НАУРЫЗДА:**

2025 жылы экономиканы қаржыландыруды **8 трлн теңгеге** дейін ұлғайтумен **1 трлн теңге** бөлу мақұлданды.

МЕМЛЕКЕТТІК РЕФОРМАЛАР



«ӨСУ НҮКТЕЛЕРІНЕ» НАЗАР АУДАРУ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

КӨЛІК ПЕН ЛОГИСТИКА

ӨҢДЕУ ӨНЕРКӘСІБІ

ЖІӨ-НІҢ ЕКІ ЕСЕЛЕНУІ БОЙЫНША КУРСЫ

➔ МИССИЯСЫ:

Қоғам алдындағы жауапкершілік қағидаттарына сүйене отырып, қазақстандық тауарлар мен қызметтердің өндірісін қолдау, инфрақұрылымды жаңғырту және азық-түлік қауіпсіздігін нығайту арқылы Қазақстан Республикасы экономикасының тұрақты өсуіне жәрдемдесу

➔ ПАЙЫМЫ:

Жаңа салалық «өсу нүктелерін» дамыту арқылы Қазақстан экономикасының құрылымын түрлендіретін проактивті басқарушы холдинг

КӨЛДЕНЕҢ ПӘК

77%

2024 74,1%
2033 +3,8% ↑

Жалпы активтерден кредиттік және инвестициялық портфельдердің үлесі

60%

2024 49,6%
2033 +21% ↑

Қарыз алудың жалпы құрылымындағы мемлекеттік емес қарыз алу көздерінің үлесі

95%

2024 89,8%
2033 +6% ↑

Клиенттердің қанағаттануы

ХОЛДИНГ ҚЫЗМЕТІНІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ

ХАЛЫҚТЫ ТҮРҒЫН ҮЙМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

43%

Бастапқы және салынып жатқан тұрғын үйге қарыздар үлесін ұлғайту

2024 41,6%
2033 +7% ↑

2 436

мың м²

ҚЖК құралдары есебінен тұрғын үйді енгізу көлемі

2024 3 162,8 мың м²
2033 +17% ↑

4,4%

Бірінші кезектегі құқығы бар тұрғын үймен қамтамасыз етілген кезекте тұрғандардың үлесі

2024 1,6%
2033 x2,7 ↑

70%

Үлестік қаржыландыру үлесін ұлғайту

2024 31%
2033 x2,3 ↑

КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ

₸ 35 532

млрд

Кіріс

2022 ₸ 13 705 млрд
2029 x2 ↑
2033 x2,6 ↑

₸ 3 847

млрд

Экспорттық кіріс

2022 ₸ 1 079 млрд
2029 x1,8 ↑
2033 x2,3 ↑

7%

ШОБ қолдауды қамту

2024 1,7%
2033 x1,4 ↑

₸ 551,5

млрд

АӨК саласындағы капиталға инвестициялар

2024 387
2033 x1,4 ↑

ге бағытталған бірқатар негізгі басымдықтар мен нысаналы көрсеткіштерді қамтиды:

- Холдингтің қолдауына ие болған кәсіпорындардың түсімін 2022 жылғы деңгеймен салыстырғанда 2029 жылға қарай 2 есеге және 2033 жылға қарай 2,6 есеге ұлғайту;
- Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмаларына толық сәйкестікпен, Холдингтің қолдауына ие болған экспорттаушылардың шикізаттық емес экспорттық түсімінің 2029 жылға қарай 1,8 есеге және 2033 жылға қарай 2,3 есеге өсуі.

Ұзақ мерзімді стратегияны өзектендіру аясында Холдинг келесі **жаңа стратегиялық бастамаларды** көтерді:

- Екі кепілдік қорын құру** – шағын және орта бизнесті қолдау үшін, сондай-ақ өңдеу өнеркәсібі мен басқа да басым секторлардағы ірі жобаларды қаржыландыру үшін;
- «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ қызметін қайта құрылымдау** – 2033 жылға қарай инвестициялық портфельдегі үлестік қатысу үлесін 70%-ға дейін арттыруға баса назар аудара отырып, қосылған құны жоғары инвестициялық жобаларды қолдауға екпін сала отырып;
- «Отбасы банк» ТҚЖБ» АҚ-ның IPO-ға шығуы**, сондай-ақ Өзбекстан мен Қырғызстан нарықтары-

на қызметті кеңейту, оның ішінде жаңа бағыт – ислам ипотекасын дамыту;

- «Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» АҚ жаңа бағытын іске қосу** – тұрғын үй қорын реновациялауға, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жаңғыртуға, сондай-ақ жалға берілетін тұрғын үй нарығын дамытуға кепілдік беру бойынша.

Осылайша, «Бәйтерек» холдингі тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ету, шикізаттақ емес секторды дамыту және Қазақстан Республикасы халқының өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыруда басты рөл атқаруды жалғастыруда.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның 2024-2033 жылдарға арналған даму жоспарына енгізілген түзетулерді ескере отырып, 2025 жылға арналған стратегиялық НҚК және 2033 жылға арналған жоспар өзектендірілді.

Жаңа бастамалар

Кәсіпкерлікті қолдау		Холдингтің ОТП клиенттерінен сатып алудың төмен деңгейі	ОТП-ны қолдау	Импортты алмастыру: холдинг клиенттерін қаз. деңгейін ұлғайтуға ынталандыру, өндірісті ұстау және оқшаулау
		Қаржыландырудың нарықтық емес шарттары	Субсидиялардан өту	Нарықты бұрмаламай жобаларды қаржыландыруға тең көзқарас
		Стратегиялық маңызды жобалар үшін кепіл тапшылығы проблемасы	СКП үшін кепілдік қоры	ЕДБ мен экономиканың нақты секторының жобаларын бірлесіп қаржыландыру тетіктерін жандандыру
		Төлем жасамау, кешіктіру және келісімшарт талаптарын бұзу тәуекелдері	ШОБ үшін кепілдік қоры	Бизнесті қолдау: салалық шектеулерсіз, саладағы лимиттерді ескере отырып, экономикалық жағдайларға байланысты басым бағыттарды анықтау
		Холдингтің клиенттері арасында экспорттаушыларды өсіру қажеттілігі	Экспорттық экспансия	Сауда және салалық саясатты инвестициялармен үйлестіру
PRIVATE EQUITY		Үлестік қаржыландыру мәдениетінің болмауы	Үлестік қаржыландыру	ЕДБ мен экономиканың нақты секторының жобаларын бірлесіп қаржыландыру тетіктерін жандандыру

ӨЗЕКТЕНДІРІЛГЕН 2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ НҚК ЖӘНЕ 2033 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАР				
Көрсеткіш	өлш. бір.	2025		2033
		жоспар*	түз.*	жоспар
1	%	74,8	74,2	77
2	%	89	89	95
3	%	–	52,00	60
Қызметтің стратегиялық бағыты 1. Кәсіпкерлікті қолдау				
4	млрд теңге	15 411,89	19 277,6	258 054
5	млрд теңге	2 048,58	2 098,6	29 387
6	%	1,65	2,46	7,00
7	млрд теңге	367,2	418,7	4 507
Қызметтің стратегиялық бағыты 2. Үлестік қаржыландыру экожүйесін дамыту				
8	%	–	10	70
Қызметтің стратегиялық бағыты 3. Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету				
9	мың . м²	–	1 844,7	21 664,7
10	%	28	33,9	43
11	%	–	0,88	4,4

* 2025 жылға арналған стратегиялық НҚК жоспарланған және түзетілген мәндері бір жылдағы болып (2033 жылға арналған жоспарда көзделген жинақтау қағидатын қолданбай) белгіленген.

ЭКОНОМИКАҒА ШОЛУ

Макроэкономикалық шолу28

Негізгі қызмет түрлері бойынша Холдинг
құралдарының нарықтағы үлесі34




МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ШОЛУ

ҚР ҰЭМ мәліметінше, 2024 жылы Қазақстанның ЖІӨ нақты мәнде 4,8%-ға өсті. ЖІӨ құрылымында тауар өндірісінің үлесі 35,3%, қызметтер көрсету – 58,3%, өнімдерге және импортқа таза салықтар – 6,4% құрайды.

ЖІӨ өсу қарқыны көбінесе өнеркәсіп – 2,8%-ға, құрылыс – 13,1%-ға, көтерме және бөлшек сауда –

9,1%-ға, ақпарат және байланыс – 5,0%-ға, көлік және қоймалау– 8,5%-ға, ақпарат және байланыс – 5,0%-ға, ауыл, орман және балық шаруашылығы – 5,7%-ға сияқты салаларда ЖҚҚ-ның өсуіне байланысты. Сонымен қатар ауыл, орман және балық шаруашылығының көлемі өткен жылдың тиісті кезеңіне пайызбен 92,3%-ды құрады.


ЭКОНОМИКА СЕКТОРЛАРЫНЫҢ ЖІӨ ӨСІМІНЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ, %



Дереккөз: ҚР СЖ және РА ҰСБ

Бұдан басқа, мұнайдың нарықтағы бағасы Қазақстан экономикасына оң әсер етті. Осылайша, Brent маркалы мұнайдың орташа бағасы 2024 жылдың соңында баррель үшін 75,89 АҚШ долларын құрады.

ЖІӨ ӨСУІ ЖӘНЕ МҰНАЙ БАҒАЛАРЫ



Дереккөз: ҚР СЖ және РА ҰСБ

ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕР

Жылдық инфляция 8,6% деңгейінде (2023 жылы – 9,8%) қалыптасты. Инфляция құрылымында азық-түлік тауарларының бағасы жылдық мәнде 5,5%-ға, азық-түлік емес тауарлар – 8,3%-ға, ақылы қызметтер – 13,3%-ға өсті.

2024 жылғы желтоқсанда теңгенің АҚШ долларына шаққандағы ресми бағамы 1 АҚШ доллары үшін 453,6-461,3 теңге аралығында құбылды, 2023 жылғы желтоқсанда орташа есеппен 1 АҚШ доллары үшін 457,8 теңге құрады.

ЭКОНОМИКАНЫҢ НАҚТЫ СЕКТОРЫ

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, ЖІӨ өндірісіндегі негізгі үлесті өнеркәсіп саласы құрайды – 25,6%.

ӨНЕРКӘСІП СЕКТОРЛАРЫНЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ КӨЛЕМІНІҢ ИНДЕКСІ, % (Ж/Ж)

	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022	2023	2024
Өнеркәсіп	100,8	98,6	99,6	107,7	104,4	104,1	99,5	103,6	101,2	104,3	102,8
Тау-кен өндіру өнеркәсібі	100,1	97,5	97,8	109,5	104,6	103,1	96,0	101,9	99,1	104,6	–0.2
Өңдеу өнеркәсібі	101,6	100,2	101,8	106,1	104,5	105,8	104,0	104,7	103,6	104,1	105,9

Дереккөз: ҚР СЖ және РА ҰСБ

2024 жылғы қаңтар-желтоқсанда өнеркәсіп өндірісінің жалпы қосылған құны номиналды мәнде 34 640,8 млрд теңгені құрады, бұл бір жыл бұрынғыдан 2,8%-ға артық.

ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Экономиканың жекелеген секторларындағы инвестициялардың оң динамикасы экономикаға белгілі бір ынталандырушы әсер етті. 2024 жылғы қаңтар-желтоқсанда негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 19 375 млрд теңгені құрады, бұл 2023 жылмен салыстырғанда (салыстырмалы бағамен) 7,5%-ға артық.

2024 жылғы қаңтар-желтоқсанда негізгі капиталға салынған инвестициялардың негізгі үлесі өнеркәсіпке – 39,7% немесе 7 688,5 млрд теңге (оның ішінде тау-кен өндіру өнеркәсібіне және карьерлерді қазуға – 18,9%,

МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің алдын ала деректері бойынша 2024 жылы мемлекеттік бюджеттің кірістері есепті кезең жоспарына қатысты 100,7%-ға, республикалық бюджеттің кірістері 95,7%-ға орындалды. Республикалық бюджет кірістері бойынша жоспар 1,15 млрд теңгеге кем орындалды, негізгі салық түсімдері жылдық жоспарға қатысты 97,1%-ға орындалды.

2024 жылға арналған мемлекеттік бюджет шығыстары 99,0%-ға, республикалық бюджет шығыстары 99,6%-ға, жергілікті бюджеттер шығыстары 121,5%-ға орындалды. Республикалық бюджет шығыстары 22 трлн 417 млрд теңгені құрады.

Тау-кен өндіру өнеркәсібінде және карьерлерді қазуда өнеркәсіп өндірісінің индексі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 99,8 құрады. Өңдеу өнеркәсібінде өнеркәсіп өндірісінің индексі өткен жылдың көрсеткішімен салыстырғанда 105,9 құрады.


өңдеу өнеркәсібіне – 10,7%), жылжымайтын мүлікпен операцияларға (19,1%), көлік пен қоймалауға (18,1%) және ауыл, орман және балық шаруашылығына (4,7%) келеді.

Айтарлықтай өсім Қарағанды облысында – 61,0%-ға, Жетісу облысында – 43,1%-ға, Павлодар облысында – 38,3%-ға, Түркістан облысында – 37,4%-ға, Алматы облысында – 31%-ға, Солтүстік Қазақстан облысында – 23,9%-ға, Қызылорда облысында – 21,7%-ға және Шығыс Қазақстан облысында –15%-ға байқалды.

Қарастырылып отырған кезеңде шағын (+18,4%) және орта кәсіпорындардың (+51,1%) инвестициялық белсенділігінің елеулі өсуі байқалды. Сонымен қатар инвестицияның жалпы көлеміндегі орта кәсіпорындардың үлесі 99,8% құрайды. Ғимараттар мен құрылыстарды салуға және күрделі жөндеуге жұмсалған

шығыстар шағын (+21,6%) және орта (+126%) кәсіпорындар сегментінде өсуді көрсетеді. Машиналарды, жабдықтарды, көлік құралдарын сатып алуға және оларды күрделі жөндеуге жұмсалған шығыстар барлық сегменттер бойынша өсті (+5,9%).

ШЫҒЫНДАРДЫҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША НЕГІЗГІ КАПИТАЛҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР




Дереккөз: ҚР СЖ және ПА ҰСБ

2024 жылы өңдеу өнеркәсібінің негізгі капиталына инвестициялардың өсуі байқалды – (+24% (ж/ж), номиналды мәндегі көлем 2 069,5 млрд теңгені (өнеркәсіпке салынған күрделі салымдардың жалпы көлемінен 26,9%) құрады. Тау-кен өндіру өнеркәсібі секторларында инвестициялық белсенділіктің номиналды мәнде 3 654,3 млрд теңгеге дейін, 20,1%-ға төмендеуі тіркелді. Бұл ретте инвестициялардың өсуі құрылыста (14,5%), көлік пен қоймалауда (26,6%), жылжымайтын мүлікпен операцияларда (13,4%), тұру және тамақтану қызметтерін көрсетуде (6,6%) байқалды.

Өнеркәсіпке күрделі салым көздерінің құрылымында ең көп үлесті кәсіпорындардың меншікті қаражаты – 72,7% (5 589 млрд теңге), бюджет қаражатының үлесі – 15,2% (1 166 млрд теңге), банк кредиттері – 1,8% (395 млрд теңге), басқа да қарыз қаражаттары – 5,1% (395 млрд теңге) алды.

ӨНЕРКӘСІПТІК КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ НЕГІЗГІ КАПИТАЛЫНА ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫҢ САЛАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ, %




Дереккөз: ҚР СЖ және ПА ҰСБ

АҚША-КРЕДИТ СЕКТОРЫ

Экономикаға берілген кредиттер портфелі жыл басынан бері 20,7%-ға ұлғайып, 2024 жылдың соңында 35 958,0 млрд теңгені құрады. Заңды тұлғаларға берілген кредиттер портфелі 18%-ға – 19 418 млрд теңгеге дейін, жеке тұлғаларға берілген кредиттер портфелі 23,4%-ға – 22 440 млрд теңгеге дейін өсті.


ЭКОНОМИКАДАҒЫ БАНК КРЕДИТТЕРІ, АЛУШЫЛАР БОЙЫНША, МЛРД ТЕҢГЕ (2024 ЖЫЛДЫҢ СОҢЫНДА)



Дереккөз: ҚР Ұлттық банкі

Экономикаға берілген кредиттердің көлемі жыл басынан бері 20,1%-ға – 36 895,4 млрд теңгеге дейін өсті. Ұлттық валютадағы кредиттердің көлемі 18,9%-ға – 33 900,5 млрд теңгеге дейін өсті. Шетелдік валютадағы кредиттердің көлемі 35,4%-ға – 2 994,8 млрд теңгеге дейін өсті. 2024 жылғы теңгедегі кредиттердің үлесі 91,9%-ды (2023 жылғы желтоқсанда – 92,8%) құрады.

2024 ЖЫЛҒЫ ЭКОНОМИКАДАҒЫ БАНК КРЕДИТТЕРІ, МЕРЗІМДЕР БОЙЫНША, МЛРД ТЕҢГЕ



Дереккөз: ҚР Ұлттық банкі

Ұзақ мерзімді кредиттердің көлемі жыл басынан бері 10%-ға – 20 965,5 млрд теңгеге дейін өсті, қысқа мерзімді кредиттердің көлемі 36%-ға – 15 929,8 млрд теңгеге дейін азайды.

2024 ЖЫЛЫ БЕРІЛГЕН КРЕДИТТЕР, АЛУШЫЛАР БОЙЫНША, МЛРД ТЕҢГЕ




Дереккөз: ҚР Ұлттық банкі

2024 жылғы шағын кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеу 39%-ға – 8 256,1 млрд теңгеге дейін ұлғайды (экономикаға берілген кредиттердің жалпы көлемінің 22%-ы).

Салалық бөліністе экономикаға банк кредиттерінің ең елеулі көлемі өнеркәсіп – 26%, оның ішінде тау-кен өндіру өнеркәсібі – 3%, өңдеу өнеркәсібі – 20%, құрылыс – 4%, сауда – 48%, басқа да өндірістік емес секторлар – 13% сияқты салаларға келеді.

ШАҒЫН КӘСІПКЕРЛІКТІ КРЕДИТТЕУДІҢ САЛАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ, %



Дереккөз: ҚР Ұлттық банкі

СЫРТҚЫ СЕКТОР

САУДА АЙНАЛЫМЫ

ҚР СЖЖәнеРА ҰСБ деректері бойынша, 2024 жылы Қазақстанның сыртқы сауда айналымы өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1,3%-ға артып, 141,4 млрд АҚШ долларын құрады.


Қарастырылып отырған кезеңде экспорт – 81,6 млрд АҚШ долларын, импорт – 61,59,8 млрд АҚШ долларын құрады. 2024 жылдың 12 айының қорытындысы бойынша экспорт көлемі 3,6%-ға өсті (2023 жылдың сәйкес кезеңінде экспорт көлемі 78,7 млрд АҚШ долларын құраған).

Импорт көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,3%-ға төмендеп, 59,8 млрд АҚШ долларын құрады (2022 жылғы қаңтар-желтоқсанда импорт көлемі 61,2 млрд АҚШ долларын құраған).

2024 жылғы қаңтар-желтоқсанда Қазақстан Республикасының ЕАЭО елдерімен тауар айналымы 30 447 млрд АҚШ долларын құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда номиналды мәнде 6,8%-ға артық.


ЕАЭО елдерімен экспорт 10,98 млн АҚШ долларын құрады, бұл 2023 жылғы қаңтар-желтоқсанмен салыстырғанда 5,1%-ға аз, импорт – 19,5 млн АҚШ долларын құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 6,9%-ға өсті.

ЭКСПОРТ ПЕН ИМПОРТ ДИНАМИКАСЫ




Дереккөз: ҚР СЖ және РА ҰСБ

ЭКСПОРТ ҚҰРЫЛЫМЫ, %



Дереккөз: ҚР СЖ және РА ҰСБ

ИМПОРТ ҚҰРЫЛЫМЫ, %




НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША ХОЛДИНГ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ НАРЫҚТАҒЫ ҮЛЕСІ

GRI 3-3

Холдингінің тікелей кредиттеу құралдары («Қазақстан-ның Даму Банкі» АҚ тетіктері) арқылы 2024 жылы 1 465,7 млрд теңге сомасында басымдық шикізаттық емес салалардағы ірі бизнес кәсіпорындары қаржыландырылды, бұл ел экономикасының шикізаттық емес басымдық секторларын ұзақ мерзімді кредиттеудің жалпы көлемінің 41,6%-ын құрайды. Ірі кәсіп-


керлік субъектілерді тікелей кредиттеу шеңберіндегі Холдингінің несиелер портфелінің көлемі 2,2 трлн теңгені немесе экономиканың шикізаттық емес секторларындағы (өңдеу өнеркәсібі, энергетика, көлік және байланыс), оның ішінде ЕДБ алдындағы кәсіпорындардың ұзақ мерзімді берешегінің жалпы көлемінде 49%-ды құрады.

ЭКОНОМИКАНЫҢ ШИКІЗАТТЫҚ ЕМЕС САЛАЛАРЫНДАҒЫ КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ БЕРЕШЕГІНІҢ ЖАЛПЫ КӨЛЕМІНДЕГІ ХОЛДИНГТІҢ КРЕДИТТІК ПОРТФЕЛІНІҢ ҮЛЕСІ (ІКС ТІКЕЛЕЙ КРЕДИТТЕУ ҚҰРАЛДАРЫ ШЕҢБЕРІНДЕ)



Холдингінің көмегімен («Даму» қоры) АҚ тетіктері қолдау көрсетілген кәсіпкерлік субъектілерінің жобалары бойынша кредиттер көлемі 2024 жылы 1 713 млрд теңгені құрады. Сонымен бірге, екінші деңгейлі банктердің ШОБ субъектілеріне теңгемен берген кредиттердің жалпы көлеміндегі ШОБ бастамаларын қолдауға арналған Холдинг құралдарының үлесі 2024 жылдың қорытындысы бойынша 16%-ды құрады.

ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙЛІ БАНКТЕРДІҢ ШОБ СУБЪЕКТІЛЕРІНЕ БЕРГЕН КРЕДИТТЕРДІҢ ЖАЛПЫ КӨЛЕМІНДЕГІ ХОЛДИНГТІҢ КӨМЕГІМЕН КРЕДИТТЕУ ҮЛЕСІ




2024 жылдың қорытындысы бойынша «Отбасы банк» АҚ ипотекалық несиелеудің негізгі драйвері болып табылады және елдегі барлық ипотекалық несиелердің 55%-ын беріп, Қазақстанның ипотекалық нарығында көшбасшы болды. Сонымен қатар, банк өнімдерінің желісі «Отбасы банкі» АҚ-ның елдің қаржы нарығындағы орнын нығайтуға мүмкіндік берді, бұл жеке тұлғалардың ұзақ мерзімді салымдарының жалпы көлеміндегі ең үлкен үлеспен (31%), сондай-ақ тұрғын үй салу және сатып алу мақсатындағы ЕДБ кредиттік портфелінің жалпы көлеміндегі елеулі үлеспен (52%) расталады.

2024 ЖЫЛЫ БЕРІЛГЕН ИПОТЕКАЛЫҚ НЕСИЕЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ КӨЛЕМІНДЕГІ "ОТБАСЫ БАНК" АҚ ҮЛЕСІ

55%


«ОТБАСЫ БАНК» АҚ АЗАМАТТАРДЫҢ ТҮРГЫН ҮЙ САЛУҒА ЖӘНЕ САТЫП АЛУҒА ЖЫЛ САЙЫН БЕРІЛГЕН НЕСИЕЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ КӨЛЕМІНДЕГІ ҮЛЕСІ



Холдинг тетіктері («KazakhExport» ЭСК» АҚ) арқылы отандық экспорттаушыларға қолдау көрсету шаралары ұсынылады. 2024 жылдың қорытындысы бойынша «KazakhExport» ЭСК» АҚ қабылдаған міндеттемелердің көлемі 336,1 млрд теңгені құрады, экспорттаушыларға 30,2 млрд теңге сомасында сауда және экспорт алдындағы қаржыландыру берілді,

94,8 млрд теңге сомасындағы сақтандыру қамтумен ЕДБ қаражаты тартылды. Осылайша, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ даму институттарының қолдауына ие болған кәсіпорындардың экспорт көлемінің үлесі 2024 жылғы шикізаттық емес экспорттың жиынтық көлемінің шамамен 18%-ын құрады.


ЭКСПОРТТЫҢ ЖАЛПЫ КӨЛЕМІНДЕГІ «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКСПОРТТЫҚ-КРЕДИТТІК АГЕНТТІГІ» АҚ ҮЛЕСІ



Холдингінің еншілес компаниялары саладағы барлық несиелердің 66%-ға жуығын беруді қамтамасыз ете отырып, АӨК қаржыландырудың негізгі көзі болып табылады. Бұл ретте, екінші деңгейлі банктер негізінен ірі ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының айналым

капиталына қысқа мерзімді несиелер берсе, «Аграрлық несиелер корпорациясы» АҚ мен «ҚазАгроҚаржы» АҚ бәсекеге қабілетті өндірістік базаны дамыту мақсатында ШОБ субъектілерін 10 жылға дейін ұзақ мерзімді қаржыландыруды қамтамасыз етеді.

«АКК» АҚ ЖӘНЕ «ҚАҚ» АҚ АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНГЕ КРЕДИТ БЕРУДІҢ ЖАЛПЫ КӨЛЕМІНДЕГІ ҮЛЕСІ



МЕНЕДЖМЕНТТІҢ ЕСЕБІ

Қызметтің қаржылық нәтижелері.....	38
Капитал нарықтарында қаражат тарту	40
Өнеркәсіпті қолдау.....	47
Үлестік қаржыландыру экожүйесін дамыту ..	58
Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету	61



ҚЫЗМЕТТІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕРІ

GRI 3-3, GRI 201-1, GRI 203-1, GRI 415-1

Есепті жылы Холдингтің кірістері 1 369 млрд теңгені құрады, бұл 2023 жылдың сәйкес көрсеткішінен 10%-ға жоғары. Кірістер құрылымындағы ең үлкен салмақты қаржыландырудан түскен кірістер құрайды (94%), ол есепті жылы 13%-ға – 1 286 млрд теңгеге дейін өсті.

Холдингтің 2024 жылғы шығыстары 2023 жылғы ұқсас көрсеткіш деңгейінен

13%-ға асып түсті және сатуға арналған активтер ретінде есепке алынатын шығу тобының залалын қоспағанда 951 млрд теңгені құрады. Қаржыландыру шығындары шығыстар құрылымында ең көп үлесті – 70%-ды құрайды. Өткен жылы олар 14%-ға – 669 млрд теңгеге дейін өсті.

2024 жылдың қорытындысы бойынша Холдингтің таза пайдасы 408 млрд теңгені құрады, бұл 2023 жылғы мәннен 0,6 млрд теңгеге артық.

2024 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ХОЛДИНГТІҢ ТАЗА ПАЙДАСЫ


408
млрд теңгені құрады

2024 ЖЫЛҒЫ КІРІСТЕР ҚҰРЫЛЫМЫ, %


Көрсеткіш	2024 жыл, млрд теңге	%
Пайыздық кірістер	1 286	94%
Комиссиялық кірістер	43	3%
Өзгерістері кезеңдегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын активтермен операциялардан түсетін таза пайда	1	0%
Шетелдік валютамен операциялардан түсетін таза пайда	27	2%
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтермен операциялардан түсетін таза пайда/(залал)	4	0%
Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржылық активтерді тануды тоқтатудан алынған таза пайда	0,5	0%
Еңбекпен табылған таза сақтандыру сыйлықақылары	8	1%
Кірістер жиыны:	1 369	100%

2024 жылғы жылдық ЕСЕП


КІРІСТЕР, МЛРД ТЕҢГЕ



ШЫҒЫСТАР, МЛРД ТЕҢГЕ



ТАЗА ПАЙДА, МЛРД ТЕҢГЕ



2024 ЖЫЛҒЫ ШЫҒЫСТАР ҚҰРЫЛЫМЫ, %

Көрсеткіш	2024 жыл, млрд теңге	%
Пайыздық шығыстар	669	70%
Комиссиялық шығыстар	9	1%
Өзге операциялық шығыстар	20	2%
Сақтандыру төлемдері және сақтандыру шарттарының резервтеріндегі өзгерістер бойынша таза шығыстар	10	1%
Әкімшілік шығыстар	98	10%
Табыс салығы бойынша шығыс	82	9%
Қаржылық жалдау бойынша несиелік портфельдің және дебиторлық берешектің құнсыздануына арналған резерв	58	6%
(Резерв)/кредиттік сипаттағы міндеттемелер бойынша құнсызданудан болған шығындарды қалпына келтіру	6	1%
Шығыстар жиыны:	951 ⁹	100%


2024 жылдың қорытындысы бойынша Холдингтің активтері 6%-ға өсіп, 14 438 млрд теңгені құрады. Есепті жылы Холдингтің міндеттемелері 11 437 млрд теңгені құрады, бұл 2023 жылдың сәйкес көрсеткішінен 4%-ға жоғары.

Қарыздың және меншікті капиталдың арақатынасы 2023 жылғы 4,1-ден 2024 жылы 3,8-ге дейін азайды. Көрсеткіштің төмендеуі 2024 жылдың қорытындысы бойынша Холдингтің меншікті капиталының ұлғаюымен байланысты.

2024 жылдың қорытындысы бойынша Холдингтің меншікті капиталы 13%-ға өсіп, 3 002 млрд теңгені құрады. 2024 жылдың ішінде Холдингтің меншікті капиталы есепті кезеңдегі таза пайданың өсуіне байланысты ұлғайды.

2024 жылы Холдинг 2023 жылдың қорытындысы бойынша 126,2 млрд теңге көлемінде дивидендтер жариялап, төледі (2022 жылдың ішінде – 58,6 млрд теңге). 2023 жылы бір жай акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері 83,77 теңгені құрады (2022 жылы – 38,92 теңге)¹⁰.


АКТИВТЕР, МЛРД ТЕҢГЕ




⁹ Сатуға арналған активтер ретінде есепке алынатын шығу тобының залалын қоспағанда.

¹⁰ 2025 жылы Холдинг 2024 жылдың қорытындысы бойынша 61,2 млрд теңге (2024 жылдың ішінде 126,2 млрд теңге) сомасында дивидендтер жариялап, төледі. 2024 жылы бір жай акцияға дивиденд мөлшері 96,49 теңгені құрады (2023 жылы – 83,77 теңге).


МІНДЕТТЕМЕЛЕР, МЛРД ТЕҢГЕ



КАПИТАЛ, МЛРД ТЕҢГЕ



БОРЫШ/КАПИТАЛ, КОЭФ.





КАПИТАЛ НАРЫҚТАРЫНДА ҚАРАЖАТ ТАРТУ


GRI 2-6

Холдингтің стратегиялық мақсаты – мемлекеттік қаражаттың бір бөлігін алмастыру үшін мемлекеттік емес қаржыландыру көздерінің үлесін арттыру. Шетелдік және қазақстандық инвесторлармен, халықаралық қаржы ұйымдарымен, даму институттарымен, халықаралық компаниялармен серіктестік қатынастар орнату бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде.

Холдинг және оның еншілес ұйымдары облигациялар шығару, несиелер/депозиттер алу түрінде қарыздық қаржыландыруды тартады.

2024 жылы 3 882,7 млрд теңге¹¹, тартылды, оның 21,8% мемлекеттік несиелер болды. Мемлекеттік емес қарыз алу көздерінің үлесі 78,2%-ды құрады.

ҚАРЫЗДЫ КРЕДИТТЕУ ДИНАМИКАСЫ



2024 жылы мемлекеттік емес қарыз алудың маңызды көздері Холдинг пен оның еншілес ұйымдарының 1 886,5 млрд теңге сомасындағы облигациялар шығарылымы, сондай-ақ 12,1 млрд теңге сомасындағы ЕДБ қарыздары болды.

ҚДБ от China Construction Bank-тен 1 млрд юань (баламасы 71,7 млрд теңге) сомасында қаражат тартты. Сондай-ақ, ҚДБ инвестициялық жобаларды қаржыландыруға 23 млн АҚШ доллары (баламасы 12,1 млрд теңге) және 746,4 млн юань (баламасы 53,5 млрд теңге) сомасында қаражат тартты.

Есепті жылы Холдинг және оның еншілес ұйымдары ҚР Үкіметі мен ЖАО-дан 340,3 млрд теңге көлемінде қарыздар (274 млрд теңге – бюджеттік кредиттер және 66,3 млрд теңге – ЖАО кредиттері) тартты.

МЕМЛЕКЕТТІК ЕМЕС ҚАРЫЗ АЛУ КӨЗДЕРІНІҢ ҮЛЕСІ

78,2%

¹¹ Сума «Отбасы банк» АҚ депозиттік базасы бойынша түсетін түсімдерді ескере отырып берілген.

КАПИТАЛ НАРЫҚТАРЫНДА ТАРТЫЛҒАН ҚАРАЖАТ КӨЛЕМІ, ҚҰРАЛДАР БӨЛІНІСІНДЕ

Жыл	Шетел банктерден тартылған қаражат, млн долл.	Шетел банктерден тартылған қаражат, млн руб.	Шетел банктерден тартылған қаражат, млрд теңге	Облигациялар, млрд теңге
2020	307	141,7	10	1 264 ¹²
2021	155,5	3 500	8,4	571,5
2022	317,8	44 319	14	433
2023	–	–	15,6	489,9
2024	186,6	–	222,9	1 886,5

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМДАР НЕМЕСЕ КЕЛІСІМДЕР ЖАСАЛҒАН ҰЙЫМДАР, 2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША

№	Құжаттың атауы	Қазақстан тарапынан қол қоюшы	Шетелдік тараптан қол қоюшы	Шетелдік контр-агенттің елі	Қол қойылған күні
1.	Өзара түсіністік туралы меморандум	«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ	SACE	Италия Республикасы	18.01.2024
2.	Өзара түсіністік туралы меморандум	«KazakhExport» ЭСК» АҚ	SACE s.p.a.	Италия	18.01.2024
3.	Өзара түсіністік туралы меморандум	«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ	European Investment Bank	Еуропалық одақ	29.01.2024
4.	Өзара түсіністік туралы меморандум	«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ	Masraf Al Rayan	Қатар мемлекеті	14.02.2024
5.	Өзара түсіністік туралы меморандум	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ	Hassad Food Company Teryaki Agro	Қатар мемлекеті, Түркия	14.02.2024
6.	Sturgeon Emerging Opportunities II LP инвестициялық қорын құру туралы негізгі талаптар (Term sheet)	«Qazaqstan Investment Corporation» АҚ	Sturgeon Capital Ltd	Ұлыбритания	16.02.2024
7.	Жасыл инвестициялар қағидаттарын қабылдау туралы декларация	«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ	Green Investment Principles	Қытай Халық Республикасы	19.03.2024
8.	2023 жылғы 18 мамырдағы ҚМДБ-мен жасалған Бас келісім шеңберіндегі 43 млн АҚШ доллары сомасындағы қосалқы кредиттік келісім	«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ	China Development Bank Corporation	Қытай Халық Республикасы	20.03.2024
9.	Ынтымақтастық туралы меморандум	«ДАМУ» ҚДҚ» АҚ	Шағын және орта бизнесті дамыту агенттігі (KOBIA)	Әзірбайжан Республикасы	11.03.2024

¹² «Отбасы Банк» АҚ Холдинг облигацияларына 5 млрд теңге көлемінде салған инвестицияларын ескере отырып.

№	Құжаттың атауы	Қазақстан тарапынан қол қоюшы	Шетелдік тараптан қол қоюшы	Шетелдік контр-агенттің елі	Қол қойылған күні
10.	Forebright Life Science Technology Fund, L.P. тікелей инвестициялар қорын құру шеңберінде негізгі талаптарды белгілейтін инвестициялық келісім	«Qazaqstan Investment Corporation» АҚ	Forebright Capital asia Private Ltd., BGI Hong Kong Tech Co., Limited	Қытай Халық Республикасы	23.05.2024
11.	Ынтымақтастық туралы меморандум	«Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ	TurkExim	Түркия Республикасы	30.05.2024
12.	Ынтымақтастық туралы меморандум	«Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ	K-Sure	Корея Республикасы	12.06.2024
13.	Банкаралық несие желісін ашу ниетімен өзара түсіністік туралы меморандум	«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ	Кореяның экспорттық-импорттық банкі	Корея Республикасы	12.06.2024
14.	ЭКА сақтандыру қамтуын қамтамасыз ету ниетімен өзара түсіністік туралы меморандум	«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ	K-Sure корейлық сауда-сақтандыру корпорациясы	Корея Республикасы	12.06.2024
15.	1 млрд қытай юаны сомасындағы несие желісін беру туралы шарт	«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ	China Construction Bank Corporation Astana Branch	Қытай Халық Республикасы	18.06.2024
16.	Шанхай ынтымақтастық ұйымының Банкаралық бірлестігіне мүше банктер арасындағы ESG қаржыландыру саласындағы ынтымақтастық туралы меморандум	«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ	ШЫҰ Банкаралық бірлестігіне мүше банктер	ШЫҰ елдері	25.06.2024
17.	500 миллион АҚШ доллары сомасындағы China Construction Bank Corporation Astana Branch-пен стратегиялық ынтымақтастық туралы келісім	«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ	China Construction Bank Corporation Astana Branch	Қытай Халық Республикасы	02.07.2024
18.	250 миллион АҚШ доллары мен 2 миллиард қытай юаны сомасындағы Қытай Даму Банкімен (China Development Bank) негіздемелік келісім	«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ	China Development Bank Corporation	Қытай Халық Республикасы	02.07.2024

№	Құжаттың атауы	Қазақстан тарапынан қол қоюшы	Шетелдік тараптан қол қоюшы	Шетелдік контр-агенттің елі	Қол қойылған күні
19.	Hong Kong-Shenzhen Innovation and Technology Park Limited және Qazaqstan Investment Corporation JSC арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум	«Qazaqstan Investment Corporation» АҚ	Hong Kong-Shenzhen Innovation and Technology Park	Гонконг-Шэнь-чжэнь	03.07.2024
20.	Өзара түсіністік туралы меморандум	«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ	Japan Bank for International Cooperation	Жапония	09.08.2024
21.	Term sheet	«Qazaqstan Investment Corporation» АҚ	Big Sky Capital VC, LLC	Америка Құрама Штаттары	02.09.2024
22.	Стратегиялық әріптестік туралы келісім	«Qazaqstan Investment Corporation» АҚ	Gulf Capital PJSC	БАӘ	06.09.2024
23.	Алматы қаласында фармацевтикалық зауыт салу	«Qazaqstan Investment Corporation» АҚ	Egyptian International Pharmaceutical Industries Co. (EIPICO)	Египет	09.09.2024
24.	Өзара түсіністік туралы меморандум	«Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ	«Душанбе Сити Банк» ЖАҚ	Тәжікстан Республикасы	09.09.2024
25.	China Development Bank-пен 2 млрд қытай юанына дейінгі сомаға несие желісін ашу туралы келісім	«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ	China Development Bank Corporation	Қытай Халық Республикасы	11.09.2024
26.	Deutsche Bank-тен 200 млн АҚШ долларына дейінгі сомаға мандаттық хат	«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ	Deutsche Bank	Германия Федеративтік Республикасы	16.09.2024
27.	Landesbank Baden-Württemberg-пен (LBBW) 100 млн еуро сомасындағы негіздемелік келісім	«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ	Landesbank Baden-Württemberg (LBBW)	Германия Федеративтік Республикасы	16.09.2024
28.	KfW IPEX Bank-пен 100 млн еуро сомасындағы негіздемелік келісім	«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ	KfW IPEX-Bank GmbH	Германия Федеративтік Республикасы	16.09.2024
29.	Өзара түсіністік туралы меморандум	«Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ	Helaba (Landesbank Hessen-Thüringen)	Германия Федеративтік Республикасы	16.09.2024
30.	Өзара түсіністік туралы меморандум	«Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ	Deutsche Bank AG	Германия Федеративтік Республикасы	16.09.2024
31.	Өзара түсіністік туралы меморандум	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ	CLAAS Global Sales GmbH	Германия Федеративтік Республикасы	16.09.2024

№	Құжаттың атауы	Қазақстан тарапынан қол қоюшы	Шетелдік тараптан қол қоюшы	Шетелдік контр-агенттің елі	Қол қойылған күні
32.	Өзара түсіністік туралы меморандум	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ	CLAAS Global Sales GmbH Grain Consortium of Kazakhstan	Германия Федеративтік Республикасы	16.09.2024
33.	Өзара түсіністік туралы меморандум	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ	the German Agribusiness Alliance	Германия Федеративтік Республикасы	16.09.2024
34.	Өзара түсіністік туралы меморандум	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ	HORSCH Maschinen GmbH	Германия Федеративтік Республикасы	16.09.2024
35.	Өзара түсіністік туралы меморандум	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ	HORSCH Maschinen GmbH Grain Consortium of Kazakhstan	Германия Федеративтік Республикасы	16.09.2024
36.	Өзара түсіністік туралы меморандум	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ	KFW	Германия Федеративтік Республикасы	16.09.2024
37.	Өзара түсіністік туралы меморандум	«ДАМУ» КДҚ» АҚ	«Грузия даму қоры» АҚ – Development Fund of Georgia JSC	Грузия	20.09.2024
38.	Ынтымақтастық туралы меморандум	«Отбасы банк» АҚ	«Микрофинансовая компания «Элет Капитал» ЖАҚ	Қырғыз Республикасы	10.10.2024
39.	Ынтымақтастық туралы келісім	«Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ	Export-Import Bank of the Slovak Republic	Словакия Республикасы	16.10.2024
40.	Ынтымақтастық туралы келісім	«Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ	«Микрокредитбанк» АҚБ	Өзбекстан	22.10.2024
41.	SACE SACE экспорттық-кредиттік агенттігінің сақтандыру қамтуымен Cassa Depositi e Prestiti-мен 200 млн еуро сомасындағы несиелік келісім	«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ	Cassa Depositi e Prestiti	Италия Республикасы	29.10.2024
42.	Өзара түсіністік туралы меморандум	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ	John Deere Eurasia Group	Америка Құрама Штаттары	31.10.2024
43.	Ынтымақтастық туралы меморандум	АО «Отбасы банк»	Азия даму банкі	Филиппин	01.11.2024
44.	Өзара түсіністік туралы меморандум	«ДАМУ» КДҚ» АҚ	Түркия Республикасының Кредиттік-кепілдік беру қоры – Kredi Garanti Fonu (KGF)	Түркия Республикасы	13.11.2024
45.	Өзара түсіністік туралы меморандум	«ДАМУ» КДҚ» АҚ	SMITA SDN. BHD.	Малайзия	18.11.2024
46.	Ынтымақтастық туралы келісім	«Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ	«Государственная страховая организация» ААҚ	Қырғыз Республикасы	02.12.2024

№	Құжаттың атауы	Қазақстан тарапынан қол қоюшы	Шетелдік тараптан қол қоюшы	Шетелдік контр-агенттің елі	Қол қойылған күні
47.	Ынтымақтастық туралы келісім	«Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ	«О! Банк» ААҚ	Қырғыз Республикасы	02.12.2024
48.	Ынтымақтастық туралы келісім	«Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ	AKA Ausfuhrkredit-Gesellschaft mbH	Германия Федеративтік Республикасы	03.12.2024
49.	Құпиялылық туралы келісім	«Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ	MERCURIA Asia Resources pte.Ltd.	Сингапур	20.12.2024
50.	Еуропалық инвестициялық банкпен 200 миллион еуро сомасындағы несиелік келісім	«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ	Еуропалық инвестициялық банк	Еуропалық одақ	23.12.2024
51.	Ынтымақтастық туралы келісім	«Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ	«Банк «Арванд» ЖАҚ	Тәжікстан Республикасы	23.12.2024
52.	Ынтымақтастық туралы келісім	«Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ	«Покиза М» ЖШҚ	Тәжікстан Республикасы	23.12.2024





2024 ЖЫЛҒЫ СЕРІКТЕСТЕРМЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ БАҒЫТТАРЫ

Серіктестіктің атауы	Ынтымақтастық түрі
Еуропалық инвестициялық банк (ЕИБ)	ҚДБ еншілес ұйымының желісі бойынша инвестициялық жобаларды бірлесіп қаржыландыру бөлігіндегі ынтымақтастық.
CLAAS Global Sales GmbH	Холдингтің АӨК саласында техника шығаратын неміс компаниясымен ынтымақтастығы. Ынтымақтастық аясында еншілес және тәуелді ұйымдардың ауыл шаруашылығы техникасын қаржыландыру және лизингке алу бағдарламаларын іске асыру және Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылығы техникасы өндірісін одан әрі жергіліктендіру көзделуде.
HORSCH Maschinen GmbH	Холдингтің АӨК саласында техника шығаратын неміс компаниясымен ынтымақтастығы. Ынтымақтастық аясында еншілес және тәуелді ұйымдардың ауыл шаруашылығы техникасын қаржыландыру және лизингке алу бағдарламаларын іске асыру және Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылығы техникасы өндірісін одан әрі жергіліктендіру көзделуде.
«БҰҰ-Әйелдер» жаһандық құрылымы	Гендерлік теңдік және әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту мәселелері жөніндегі Қазақстандағы «БҰҰ- Әйелдер» құрылымы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ны БҰҰ «Әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту қағидаттары» (Women Empowerment Principles, WEP) бастамасына қосылуға шақырды, ал 2022 жылы Холдинг осы бастамаға қосылу туралы мәлімдемеге қол қойды. «Әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту қағидаттары» гендерлік теңдікті жылжытуға жәрдемдесетін қағидаттар жиынтығын білдіретін жаһандық бастама болып табылады.
Халықаралық валюта қоры (ХВҚ)	Холдинг қызметін дамытуға жәрдемдесу және Қазақстан экономикасын дамыту мен әртараптандыру жөніндегі мемлекеттік бағдарламалардағы Холдингтің рөлі бөлігінде тұрақты ынтымақтастық.
«KOSGEB» Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мен қолдау ұйымы	Шағын және орта бизнесті қолдау бойынша инвестициялық жобаларды бірлесіп қаржыландыру бөлігіндегі ынтымақтастық.
Азия даму банкі (АДБ)	«Отбасы банк» АҚ арқылы Қазақстанның әйелдерін ипотекалық несиелеу жобасы бөлігінде ынтымақтастық.
Германия Федеративтік Республикасы	Холдингтің Басқарма төрағасы Р. Қарағойшин Қазақстан-Германия іскерлік кеңесіне белсене қатысты. Іскерлік кеңес қазақстандық және неміс бизнесі арасындағы іскерлік ынтымақтастықты нығайтуға және дамытуға бағытталған. Жұмыс органы «Бәйтерек» холдингі болып табылатын ҚР мен ГФР бірлескен жобаларын қаржыландыру жөніндегі Жұмыс тобы өз қызметін жалғастыруда.
China Development Bank	«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ның желісі бойынша 250 млн АҚШ доллары және 2 млрд қытай юаны сомасында инвестициялық жобаларды, оның ішінде республикалық маңызы бар жолдарды салу және қайта жаңарту жобасын қаржыландыру.
«TAV Holding» түрік компаниясы	QIC еншілес ұйымының желісі бойынша инвестициялық ынтымақтастық (Алматы қ. халықаралық әуежайының жаңа терминалын салу жобасына қатысу).
KfW Development	2025-2028 жылдар аралығында «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ басымдық жобаларын қаржыландыру үшін 500 млн еуроға дейінгі сомаға KfW Development түрлі қаржы құралдарының мүмкіндіктерін қарастыру.
KfW IPEX-Bank GmbH	ҚДБ еншілес ұйымының желісі бойынша 100 млн еуро сомасында негізде-мелік келісімге қол қою. Бұл құжат инфрақұрылымдық және өнеркәсіптік жобаларды қаржыландыру мақсатында тараптардың ынтымақтастығын реттейді.

ӨНЕРКӘСІПТІ ҚОЛДАУ



ӨНЕРКӘСІПТІ ДАМУ

GRI 2-6, GRI 3-3, GRI 203-1, GRI 203-2, GRI 413-1, GRI 415-1, FN-AC-000.A

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның өнеркәсіптік жобаларды қолдау жөніндегі қызметі борыштық қаржыландыру және лизинг құралдары шеңберінде қолдау көрсететін «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ (бұдан әрі – «ҚДБ» АҚ, Банк) және оның еншілес ұйымы «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ (бұдан әрі – «ӨДҚ» АҚ) қызметінің бағыттарының бірі болып табылады.

2024 жылдың қорытындысы бойынша клиенттерге берілген несиелер портфелінің көлемі өткен жылмен салыстырғанда 24,9%-ға өсіп, 2 168 млрд теңгені¹³

құрады. 2024 жылы «ҚДБ» АҚ тікелей кредиттеу аясында жалпы сомасы 1 465,7 млрд теңгеге жобаларды қаржыландырды, оның ішінде:

- ◆ 21 инвестициялық жоба – 783,7 млрд теңге сомасында;
- ◆ 37 экспорттық (экспорт алдындағы) операция – 681,9 млрд теңге сомасында.

2024 жылы 4 кәсіпорын пайдалануға беріліп, жаңартылды, олар Банктің қатысуымен қаржыландырылды және 325 жұмыс орнын ашты:

№	Клиенттің атауы	Жобаның атауы	Сала	Пайдалануға берілген күні	Жобаның мақсаты	Жасалған жұмыс орны	Аймақ
1	«TETHYS AKTAU II» ЖШС	Маңғыстау облысы, Ақтау қаласының «Жылы жағажай» ауданында орналасқан көпфункционалды қонақ үй-туристік кешен құрылысының II кезеңі. Тақырыптық ойын-сауық саябағы	Өнер, ойын-сауық және демалыс	2024 жылдың мамыры	Жаңа қуаттарды құру	203	Маңғыстау облысы
2	«Масло-Дел Петропавловск» ЖШС	Петропавл қаласында майлы дақылдарды өңдейтін май экстракциялық зауытының құрылысы	Азық-түлік өндірісі	2024 жылдың қыркүйегі	Жаңа қуаттарды құру	80	Солтүстік Қазақстан облысы
3	«ModeX Astana» ЖШС	Қуаттылығы жылына 15 000 блок көлемді блоктар шығаратын зауыттың құрылысы	Құрылыс материалдарының өндірісі	2024 жылдың желтоқсаны	Қолданыстағы өндірісті жаңғырту	22	Астана қ.
4	«Baskan Power» ЖШС	Алматы облысының Сарқанд ауданында шағын су электр станцияларының құрылысы	Энергетика	2024 жылдың желтоқсаны	Жаңа қуаттарды құру	20	Жетісу облысы
ЖИЫНЫ						325	

¹³ Клиенттерге берілген несиелер бойынша шоғырландырылған деректер

ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛГЕН ЖОБАЛАР МЫСАЛДАРЫ

«МАСЛО-ДЕЛ ПЕТРОПАВЛОВСК» ЖШС ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАСЫНДА МАЙЛЫ DAҚЫЛДАРДЫ ӨНДЕЙТІН МАЙ ЭКСТРАКЦИЯЛЫҚ ЗАУЫТЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖӨНІНДЕГІ ЖОБА

Жоба «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы және 2015-2019 жылдарға арналған Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында жүзеге асырылуда. Жаңа экстракциялық зауыттың іске қосылуы майлы дақылдарды өңдеу, өсімдік майын, атап айтқанда, зығыр және рапс майын, сондай-ақ ірі қара мал азығын өндіру көлемін айтарлықтай ұлғайтуға мүмкіндік береді. Жоба толығымен экспортқа бағытталған, өсімдік майын сатудың негізгі бағыты Қытай, ал жем экспортының бағыты Еуропа, Ресей және Қытай болады. Кәсіпорында 80 жаңа жұмыс орны ашылды.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ САРҚАНД АУДАНЫНДА ШАҒЫН СУ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯЛАРЫН САЛУ ЖӨНІНДЕГІ «BASKAN POWER» ЖШС ЖОБАСЫ

Алматы облысының Сарқанд ауданында шағын су электр станцияларын салу жобасы жаңартылатын энергия көздерін дамытуға және өңірді экологиялық таза электр энергиясымен қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл жобаны қолдау Банктің жасыл энергетиканы дамыту стратегиясына сәйкес келеді. Жобаны жүзеге асыру 20 жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік берді. 2024 жылы Банк 1 972 млрд теңге сомасындағы 25 инвестициялық жоба бойынша және 501 млрд теңге сомасындағы 12 экспорт алдындағы операцияны қаржыландыруға 37 қаржылық өтінімді мақұлдады.

ЛИЗИНГТІК ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

«КДҚ» АҚ лизингтік қаржыландыру мен кредиттеудің негізгі операторларының бірі болып табылады.

2024 жылы «КДҚ» АҚ 694 256 836 мың теңге инвестиция тартты, оның ішінде жарғылық капитал 23 500 000 мың теңгеге ұлғайтылды.

AIX алаңында әлеуметтік облигациялардың дебюттік шығарылымы орналастырылды.

2024 жылы Ақтау қаласында «КДҚ» АҚ қосымша аймақтық өкілдігі ашылды, 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қазақстанның 5 өңірінде аймақтық өкілдіктер жұмыс істейді.

Кредиттеу құралы қосылғаннан бері «КДҚ» АҚ 336,6 млрд теңге сомасында несие берді (оның ішінде: ЕДБ – 100 млрд теңге, ҚАҚ – 50 млрд теңге, ЖЛК – 18,2 млрд теңге, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар – 46,6 млрд теңге, инвестициялық жобалар – 121,8 млрд теңге).

«КДҚ» АҚ-ның лизингтік және кредиттік портфелі 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 1 907 198 341 мың теңгені құрады, 2024 жылы 373 лизингтік мәмілелер қаржыландыруға мақұлданды, оның ішінде 2024 жылы 778 512 750,11 мың теңге сомасындағы 318 лизингтік мәмілелер қаржыландырылды.

2024 жылы:

- ♦ **914 бірлік автобус** сатып алынды, 1083 бірлік автобус келесі аймақтарға жеткізілді: Қарағанды

облысы, Алматы қаласы, Батыс Қазақстан облысы, Қостанай облысы, Астана қаласы, Ақмола облысы, Ақтөбе облысы, Түркістан облысы, Жамбыл облысы, Маңғыстау облысы, Қызылорда облысы, Солтүстік Қазақстан облысы, Жетісу облысы, Абай облысы, Атырау облысы, Шығыс Қазақстан облысы, Павлодар облысы;

- ♦ **215 бірлігі** сатып алынып, 2024 жылы 225 бірлік **тракторлар мен комбайндар**, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жабдығы келесі аймақтарға жеткізілді: Қостанай облысы, Солтүстік Қазақстан облысы, Ақмола облысы, Абай облысы, Қарағанды облысы,



Павлодар облысы, Астана қаласы, Жамбыл облысы, Шығыс Қазақстан облысы;

- ♦ **197 бірлігі** сатып алынып, 2024 жылы 375 бірлік **арнайы көлік құралы** келесі аймақтарға жеткізілді: Абай облысы, Павлодар облысы, Батыс Қазақстан облысы, Ақтөбе облысы, Қостанай облысы, Ақмола облысы, Солтүстік Қазақстан облысы, Түркістан облысы, Жамбыл облысы, Жетісу облысы, Алматы облысы, Шығыс Қазақстан облысы, Шымкент қаласы, Қарағанды облысы, Ұлытау облысы, Атырау облысы, Қызылорда облысы, Маңғыстау облысы;
- ♦ орман шаруашылығы мекемелеріне **56 бірлік** арнайы көлік келесі аймақтарда сатып алынды: Ақмола облысы, Қостанай облысы, Қарағанды облысы, Батыс Қазақстан облысы, Шымкент қаласы, Түркістан облысы, Павлодар облысы, Шығыс Қазақстан облысы;
- ♦ **5 381 бірлік жабдық** сатып алынды;

2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

Банк 2025 жылға өз алдына өршіл міндеттер қойды. Жоспарларға 2029 жылға дейінгі Ұлттық инфрақұрылымдық жоспардың жобаларын, сондай-ақ Энергетика және коммуналдық секторды жаңғыртудың ұлттық жобасын жүзеге асыруға қатысу кіреді. Он жеті зәкірлік және ірі жобаның тоғызын белсенді жүзеге асыру күтілуде, оның үшеуі мақұлданған. Банк экспорттық операцияларды қаржыландыру көлемін екі есе ұлғайтуды, сондай-ақ кластерлік тәсілмен ірі жобаларды жүзеге асыруға назар аударуды көздеп отыр.

Банк металлургия, химия өнеркәсібі, автомобиль жасау өнеркәсібі, агроөнеркәсіптік кешен және

- ♦ **966 бірлігі** сатып алынып, Қазақстан Республикасының барлық аймақтарына **936 бірлік өрт сөндіру және полиция көлігі** жеткізілді;
- ♦ 2 334 жолаушылар және жүк вагондары сатып алынды, олар қазір Қызылорда – Семей, Павлодар – Түркістан, Атырау – Астрахань бағыттары бойынша жүріп тұр;
- ♦ Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің санитариялық авиациясы қажеттіліктері үшін **5 бірлік** ұшақ сатып алынды, **3 бірлік** тікұшақ жеткізілді;
- ♦ **1 бірлік** қоқыс шығаратын көлік сатып алынып, Степногорск қаласына жеткізілді;
- ♦ Астана қаласы бойынша мүмкіндігі шектеулі адамдарды тасымалдайтын такси автопаркін жаңарту үшін **14 бірлік** автокөлік сатып алынып, жеткізілді;
- ♦ Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігіне **411 бірлік** техника мен жабдық сатып алынды.

мұнай-химия сияқты салаларда ұлттық деңгейдегі стратегиялық маңызды жобаларды қолдауды жалғастыруда. Бұл жобалардың ішінде автомобильдер, тыңайтқыштар, ферроқорытпалар, ыстық брикеттелген темір шығаратын зауыттар салу және басқа да негізгі бастамалар бар.

Жоспарланған бағыттарды іске асыру Мемлекет басшысы алға қойған мақсаттарға қол жеткізуге, оның ішінде 2029 жылға қарай ЖІӨ-ні екі есеге арттыруға, агроөнеркәсіптік кешендегі өңделген өнімдердің үлесін 70%-ға дейін ұлғайтуға және 2029 жылға дейінгі Ұлттық инфрақұрылым жоспарын іске асыруға елеулі үлес қосуға мүмкіндік береді.



МИКРО, ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ

GRI 2-6, GRI 3-3, GRI 203-1, GRI 203-2, GRI 413-1, GRI 415-1, FN-AC-000.A

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның микро, шағын және орта кәсіпкерлік (бұдан әрі – МШОК) сегментіндегі бизнесті қолдау жөніндегі қызметін еншілес ұйым – «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ (бұдан әрі – «Даму» қоры), Қор) іске асырады, ол қаржылық (сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау, ЕДБ кредиттеріне кепілдік беру, қаражатты ЕДБ-ға шартты орналастыру, микрокредиттеу), сондай-ақ қаржылық емес құралдар

(жобаларды консультациялық сүйемелдеу) шеңберінде қолдау көрсетеді.

2024 жылы «Даму» қоры жалпы сомасы 1,71 трлн теңге сомасында қаржы құралдарын пайдаланатын 29,5 мың жобаға қолдау көрсетті.



«ДАМУ» ҚОРЫ» АҚ ҚАРЖЫЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Құрал	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл
Қаражатты ЕДБ/МҚҰ/ЛК-ға шартты орналастыру арқылы кәсіпкерлерді қаржыландыру			
Қатысушылар саны, бір.	5 278	3 330	2 717
Қаржыландыру сомасы, млрд теңге	183,9	197,9	254
Сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау			
Қатысушылар саны, бір.	24 485	12 339	17 623
Кредиттер сомасы, млрд теңге	992,6	1 005,2	1 014
Кредиттерге кепілдік беру			
Қатысушылар саны, бір.	20 781	8 183	9 173
Кредиттер сомасы, млрд теңге	377,6	363,2	445

ҚАРАЖАТТЫ ШАРТТЫ ОРНАЛАСТЫРУ

Қаражатты шартты орналастыру бағдарламасы Қазақстандағы МШОК субъектілерін қаржылық қолдау жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру құралдарының бірі болып табылады. Бұл құралды кейіннен Қор МШОК субъектілерін кредиттеу үшін белгілі бір (нысаналы және шектеуші) шарттарда серіктестерге қаржы ресурстарын бере отырып жүзеге асырады (қорландыру).

Жұмыс істеп тұрған МШОК субъектілерін қаржылық бағдарламалармен қамтуды арттыру мақсатында 2024 жылы Қор бұл бағыттағы жұмысты жалғастырды, нәтижесінде ЕДБ/ЛК/МҚҰ арқылы 253,6 млрд теңге сомасында 2 717 жоба қаржыландырылды.

ШОК субъектілерін қаржыландырудың өңірлік бағдарламасын іске асыру шеңберінде Алматы, Астана, Көкшетау қалаларының, Абай облысының, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды облыстарының ЖАО-нан 4,4 млрд теңге көлемінде қаражат тартылды және қоса қаржыландыру шарттарында өңірлік қаржыландыруға 14,1 млрд теңге көлемінде қаражат жіберілді (оның ішінде қайтарылатын ақша есебінен). Шағын және орта кәсіпкерліктің бір субъектісіне шаққандағы несиенің ең жоғары мөлшері аймаққа байланысты 20 млн теңгеден 150 млн теңгеге дейін өзгереді. Тартылған қаражаттың және Қор қаражатының арқасында 2024 жылы Қор осы бағдарлама аясында бұрын бөлінген қаражаттың револьверлік төлемдерін есепке ала отырып, бағдарлама бойынша 49,8 млрд теңге сомасында 717 ШОК субъектісін қаржыландырды

2024 жылдың ішінде 22,6 млрд теңге көлеміндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қайтарылатын қаражаты қайта бөлініп, «Банк ЦентрКредит» АҚ-на, «ForteBank» АҚ-на, «Еуразиялық банк» АҚ-на және «RBK Bank» АҚ-на орналастырылды. 2024 жылы

бағдарлама бойынша 151,3 млрд теңге сомасында 356 қарыз алушы қаржыландырылды.

2024 жылдың наурыз айында әйелдер кәсіпкерлігін қолдауға арналған 10 млрд теңге сомасындағы «Үміт» жаңа бағдарламасы іске қосылды. Бағдарлама әйелдер кәсіпкерлігі жобаларын жеңілдікпен кредиттеу арқылы кәсіпкер әйелдердің экономикалық белсенділігін ынталандыруға, сондай-ақ мемлекеттік қолдауға ие болғандардың санын және қамтылуын арттыруға бағытталған.

Қазақстандағы ШОК субъектілерінің жартысына жуығын әйелдер басқарады (49%) және олар жеке кәсіпкерлердің айтарлықтай үлесін (59%) құрайды. Әйелдердің заңды тұлғаларға қатысуы – 29%, шаруа қожалықтарына қатысуы – 27% құрайды. Бұл деректер әйелдердің елдің кәсіпкерлік саласына айтарлықтай қатысуын көрсетсе де, әйелдердің басым бөлігі шағын кәсіпкерлікке, ал үлкен капитал көлемін қажет ететін орта кәсіпкерлікке азырақ бөлігі қатысады деп болжауға болады.

Бағдарлама Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес микро, шағын және орта кәсіпкерлік (бұдан әрі – ШОК) санатына жататын және кәсіпкерлік қызметті келесі нысанда жүзеге асыратын әйелдерді қаржыландыруды көздейді:

- ◆ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға құрмай дара кәсіпкерлік;
- ◆ 2) заңды тұлға:
- ◆ әйелдің (-дердің) жарғылық капиталдағы кемінде 51 (елу бір) пайыз қатысу үлесімен (ЖШС үшін);
- ◆ дауыс беретін акцияларының 51 (елу бір) және одан да көп пайызы әйелге (-дерге) тиесілі (АҚ үшін);
- ◆ заңды тұлғаның бірінші директоры кемінде 1 (бір) жыл әйел болған жағдайда.

Бағдарламаның бірегей шарты – ақырғы қарыз алушылардың қаржылық сауаттылық курстарына тегін негізде қол жеткізуі.

«Үміт» бағдарламасы аясында төрт банк: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Bank RBK» АҚ және «Еуразиялық банк» АҚ жалпы сомасы 10 млрд теңгеге қаржыландырылды. 2024 жылы бұл бағдарлама аясында 117 кәсіпкер 6,3 млрд теңге сомасында қаржыландырылды.

СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІН СУБСИДИЯЛАУ

Сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау – бұл өтеусіз және қайтарымсыз негізде кредит, шағын кредит немесе лизингтік мәмілелер бойынша сыйақы төлеу бойынша кәсіпкердің шығындарын ішінара өтеу үшін мемлекет пайдаланатын қаржылық қолдау құралы. Бұл құрал Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде 27.11.2023 ж., №33681 болып тіркелген Министрліктердің «Мемлекеттік қолдауға жататын жеке кәсіпкерлік субъектілері қызметін жүзеге асыратын экономика салаларын мемлекеттік қаржылық қолдау қағидаларын, нысандарын бекіту туралы» бірлескен бұйрығын орындау шеңберінде және одан кейін – ҚР Үкіметінің 17.09.2024 №754 қаулысына (бұдан әрі – Бірыңғай кешенді бағдарлама) сәйкес жүзеге асырылады.

Сондай-ақ Қордың жеке қаражаты есебінен қаржыландырылатын бағдарламалар бойынша, «Даму-Микро», «Даму-Лизинг» және «Факторинг» бағдарламалары бойынша ШОК субъектілеріне қолдау көрсетілді. Осылайша, 2024 жылы Қор МҚҰ және ЛК арқылы 12 млрд теңге орналастырылды. Осы бағдарламалар аясында МҚҰ/ЛК 1 395 ШОК субъектісіне 29,7 млрд теңге сомасында қолдау көрсетілді.

Бұдан басқа, 2024 жылы ҚР Сауда және интеграция министрінің 21.06.2024 ж., №262-НҚ бұйрығымен Ішкі сауда субъектілеріне жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларын көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) бекітілген. Қағидалар шеңберінде ішкі сауда субъектілеріне екінші деңгейлі банктер берген кредиттер бойынша субсидиялау жүзеге асырылады.

2024 жылы субсидиялау құралы аясында 1 014 млрд теңге жалпы кредиттік портфель сомасында 17 623 жобаға қолдау көрсетілді, төленген субсидиялар – 311,8 млрд теңге құрады.

2024 ЖЫЛЫ СУБСИДИЯЛАУ ҚҰРАЛЫ БОЙЫНША «ДАМУ» ҚОРЫ» АҚ-НА КӨРСЕТІЛГЕН ҚОЛДАУ

Бағдарлама	Жобалар саны	Кредиттік портфель, млрд теңге	Төленген субсидиялар, млрд теңге
Бірыңғай кешенді бағдарлама (2-бағыт)	8 352	754,6	221,4
Бірыңғай кешенді бағдарлама (3-бағыт)	130	155,7	72,9
Портфельдік субсидиялау – микро және шағын кәсіпкерлікке қолдау көрсету	9 121	101,6	16,8
БҰҰДБ	20	2,1	0,7
Жалпы нәтиже	17 623	1 014	311,8

КЕПІЛДІК БЕРУ

Кепілдік беру – бұл кепілмен қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі жағдайында кәсіпкерлердің банктік кредиттеу немесе қаржы лизингі шарттары бойынша міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету үшін мемлекет пайдаланатын қаржылық қолдау құралы. Кепілдік беру құралы кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттік ресурстарға қолжетімділігін қамтамасыз ету

және оңайлату бойынша сұранысқа ие және тиімді өнімдердің бірі болып табылады.

Осылайша, кредиттік кепілдіктер тетігі бір жағынан МШОК субъектілеріне қолда бар кепілмен қамтамасыз етуден бірнеше есе асатын қаржыландыруды тартуға мүмкіндік береді, екінші жағынан банктерге МШОК-

ті қаржыландыруға байланысты тәуекелдерді мемлекетпен бөлісуге мүмкіндік береді және осылайша банктерді неғұрлым тәуекелді стартап жобалар мен МШОК жобаларын қаржыландыруға ынталандырады.

Кепілдік беру құралын Қор мемлекеттік қолдау бағдарламалары шеңберінде жүзеге асырады:

- Бірыңғай кешенді бағдарлама – Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде 27.11.2023 ж., №33681 болып тіркелген Министрліктердің «Мемлекеттік қолдауға жататын жеке кәсіпкерлік субъектілері қызметін жүзеге асыратын экономика салаларын мемлекеттік қаржылық қолдау қағидаларын, нысандарын бекіту туралы» бірлескен бұйрығы (бұдан әрі – Бірлескен бұйрық) және ҚР Үкіметінің 17.09.2024 №754 қаулысы арқылы;
- АӨК бағдарламасы – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 30.01.2015 ж., №9-1/71 бұйрығымен бекітілген Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау қағидаларына сәйкес;

«ДАМУ» ҚОРЫ» АҚ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚҰРАЛЫ БОЙЫНША 2024 ЖЫЛЫ КӨРСЕТКЕН ҚОЛДАУЫ

Бағдарлама	Жобалар саны	Кредиттік портфель, млрд теңге	Кепілдік сомасы, млрд теңге
Бірыңғай кешенді бағдарлама	3 506	251,4	104,2
Портфельдік кепілдік беру – микро және шағын кәсіпкерлікті қолдау	4 855	59,2	50,1
АӨК бағдарламасы (инвестициялық жобаларды қолдау)	1	0,1	0,0
АӨК бағдарламасы (КЕЖәнеЕЖЖ)	401	94,2	80,1
Жиыны	8 763	404,9	234,5
Даму-Оптима	410	40,0	16,7
Жалпы нәтиже	9 173	444,9	251,1

КӘСІПКЕРЛЕРДІ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕМЕС ҚОЛДАУ

2024 жылы Қор ақпараттық-консультациялық жұмысқа және коммуникацияның цифрлық арналарына ерекше назар аудара отырып, кәсіпкерлікті қолдау бағдарламаларын белсенді іске асыруды жалғастырды.

Кәсіпкерлердің қолдау мүмкіндіктері туралы хабардарлығын арттыру мақсатында Қор корпоративтік сайт пен әлеуметтік желілерде белсенді түсіндіру жұмыстарын жүргізді:

- Корпоративтік сайтқа қолдау бағдарламаларына қызығушылық танытқан 800 000-нан астам бірегей пайдаланушылар кірді.

- және Қордың жеке бағдарламалары, атап айтқанда, жеткілікті кепілдік қамтамасыз етуі жоқ және мемлекеттік бағдарламалардың талаптарына сәйкес келмейтін шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің банктік қаржыландыруға қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында әзірленген «Даму Оптима» бағдарламасы шеңберінде.

Бұдан басқа, 2024 жылы ҚР Сауда және интеграция министрінің 21.06.2024 ж., №262-НҚ бұйрығымен Ішкі сауда субъектілеріне жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларын көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) бекітілген, олардың шеңберінде ішкі 2025 жылдан бастап сауда субъектілеріне екінші деңгейлі банктер берген кредиттерге ішінара кепілдік беру құралы бойынша қолдау көрсету жоспарлануда.

2024 жылы 444,9 млрд теңге кредиттік портфель сомасында 9 173 кепілдік шартына қолдау көрсетілді, кепілдік сомасы 251,1 млрд теңгені құрайды.

- Facebook және Instagram әлеуметтік желілерінде 560 ақпараттық және имидждік жарияланымдар орналастырылды. Telegram-арнасында – 635 жарияланым шықты.
- Контент кәсіпкерлердің сәтті кейстерін, бағдарлама жаңалықтарын, инфографиканы және бейнемаериалдарды қамтыды.

Жыл бойы Қордың колл-орталығы жоғары сервис деңгейін қамтамасыз етті:

- 49 462 кіріс қоңырау өңделді, клиенттердің өтініштері бойынша 3 721 шығыс қоңырау соғылды.
- Онлайн-чат арқылы сайтта 8 207 диалог өңделді.

- 261 098 ақпараттық жөнелту жүзеге асырылды, оның ішінде 122 363 SMS және 138 735 e-mail.
- Операторлар үшін 20-дан астам оқыту іс-шаралары өткізілді.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша:

- Өңірлік филиалдар ШОКС-тен 17 606 өтініш қабылдап, 23 294 консультация берді.
- Клиенттерге қызмет көрсету қағидалары жаңартылды, өзара іс-қимыл скрипттері өзектендірілді.
- Қызмет көрсету сапасын жақсартуға бағытталған филиалдардың жеке жоспарлары әзірленіп, іске асырылды.

2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

2025 жылы «Даму» қоры» АҚ бірқатар іс-шаралар мен жобаларды іске асыруды жоспарлап отыр:

- Мемлекеттік дерекқорлармен бірігу, оның ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті мен Қордың жұмыс жүйелерін интеграциялау жөніндегі іс-шараларды жалғастыру;
- Субсидиялау және кепілдік беру құралдары шеңберінде ішкі сауда субъектілерін қолдау жөніндегі бағдарламаны іске асыруды бастау;
- Алдағы 2024-2033 жж. онжылдық кезеңге арналған «Даму» қоры» АҚ-ның жаңа Даму стратегиясы шеңберінде, үздік әлемдік тәжірибелерге бағдарланып, Қор қызметінің барлық салаларына тұрақты даму

2024 жылы Қостанай және Ақмола облыстарының кәсіпкерлері Қазақстан, ТМД және алыс шетел елдерінен 300-ден астам компанияны біріктірген Jana Dala/Green Day 2024 аграрлық көрмесіне қатысты.

Қор және SMITA Global (Малайзия) клиенттерінің қатысуымен B2B-кездесу өткізілді – дистрибуция, аграрлық өнімдерді қайта өңдеу және халықаралық нарықтарға шығу мәселелері талқыланды.

Қор қашықтықтан оқыту платформасын дамытуды жалғастырды. Есепті жылы 1629 кәсіпкер тіркеліп, оқытылды.

қағидаттарын интеграциялау, оларды Қордың барлық өнімдері мен қолдау бағдарламаларына және стратегиялық құжаттарына дәйекті енгізу өз міндеттерін қояды. Осыған байланысты «Даму» қоры» АҚ Қордың бекітілген ESG-бастамаларының Жол картасында көрсетілген іс-шараларды іске асыру жөніндегі жұмысты жалғастырады.

- Кредиттік кепілдіктердің мемлекеттік қорларының қызметін ұйымдастыру жөніндегі ең үздік әлемдік тәжірибені ескере отырып, «Даму» қоры» АҚ базасында Кепілдік қорын құру. Қолданыстағы кепілдік беру жүйесін жетілдіру жеке кәсіпкерлікті дамытуға да, жалпы елдің қаржылық жүйесін дамытуға да үлкен үлес қосуға мүмкіндік береді.



ЭКСПОРТТЫҚ ӘЛЕУЕТТІ АРТТЫРУ

GRI 2-6, GRI 3-3, GRI 203-1, GRI 203-2, GRI 413-1, GRI 415-1, FN-AC-000.A

Экспорттық әлеуетті арттыру блогын экспорттаушыларды қолдаудың бірыңғай терезесі – «Қазақстанның

экспорттық-кредиттік агенттігі»¹⁴ акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «ЭКА» АҚ) жүзеге асырады.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЭКСПОРТҚА ҚАРЖЫЛЫҚ-САҚТАНДЫРУ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

2024 жылдың қорытындысы бойынша «ЭКА» АҚ қабылдаған сақтандыру міндеттемелерінің көлемі 336,1 млрд теңгені құрады, бұл 2023 жылғы көрсеткіштен (324,8 млрд теңге) асып түсті. 2024 жылдың ішінде 96 экспорттаушы қолдауға ие болды, олардың 15-і «ЭКА» АҚ қызметтерін алғаш рет пайдаланды.

Ұсынылған экспорттық сауда және экспорт алдындағы қаржыландыру көлемі 2024 жылы 30,2 млрд теңгені құрады, бұл 2023 жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 1,5 есе артық.

¹⁴2024 жылдың сәуірінде «KazakhExport» ЭСК» экспорттық-кредиттік агенттік мәртебесіне ие болып, «Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ деп атауын өзгертті.



ҚАЗАҚСТАН ЭКСПОРТЫНА ҚАРЖЫЛЫҚ-САҚТАНДЫРУ ҚОЛДАУЫН КӨРСЕТУДІ ДАМУЫ, МЛН ТЕҢГЕ

Көрсеткіштер	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл
Қабылданған сақтандыру және кепілдік міндеттемелерінің көлемі	259 081	324 766	336 136
Берілген экспорт алдындағы және экспорттық-саудалық қаржыландыру көлемі	20 019	19 334	30 166
Қолдау құралдарын пайдаланатын кәсіпорындардың экспорттық түсімінің көлемі	591 526	619 132	598 675

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКСПОРТТЫҚ-КРЕДИТТІК АГЕНТТІГІ» АҚ ҚОЛДАУЫМЕН ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛҒАН ІРІ МӘМІЛЕЛЕР

«Шин-Лайн» ЖШС балмұздақ, сүт өнімдерін шығаратын ірі кәсіпорын болып табылады. Қазіргі уақытта зауыттың жобалық қуаты – тәулігіне 500 тонна балмұздақ, 50 тонна сүт, 10 тонна жылдам дайындалатын кеспе, 20 тонна мұздатылған жартылай дайын өнімдер.

Компания өнімдері Ресей Федерациясы, Моңғолия, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан сияқты елдерге экспортталады.

«ЭКА» АҚ 2024 жылы инвестициялық мақсаттарға, атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Алматы облысының Байсерке ауылында өндірістік жабдықтар сатып алуға және зауыт салуға 20 млрд теңге сомасында қарызды сақтандыру бойынша компанияға қолдау көрсетті. Фабриканың құрылысы импортты алмастыруды қамтамасыз етеді, сондай-ақ балмұздақ экспортын ұлғайтады, жаңа жұмыс орындарын аша-

ды, өндірістің жобалық қуатын 65 мың тоннаға дейін арттырады деп күтілуде.

«САЛАМАТ» компаниясы» ЖШС 2001 жылы құрылған, компания қызметінің негізгі түрі – ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру, сатып алу, сақтау, қайта өңдеу және сату. Компанияның темір жол тұйығымен жеке өндірістік базасы, ұн өндіру саласындағы білікті кадрлары, жолға қойылған өнім өткізу жүйесі, жинақталған клиенттік базасы және өзін танытқан лицензиялық ұн брендтері бар.

«ЭКА» АҚ 2024 жылы компанияға айналым қаражатын толықтыруға 5 млрд теңге сомасында қолдау көрсетті.

Экспорт географиясы: Италия, Ресей Федерациясы, Ауғанстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан.

лармен, сауда желілерімен, банктермен, сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарымен және басқа да қаржы институттарымен ынтымақтастық туралы 12 келісім мен меморандумға қол қойылды.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ЭКСПОРТТЫҚ ҚЫЗМЕТІНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕМЕС ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

2024 жылы аймақтық директорлардың қолдауымен 10 жаңа шетелдік импорттаушы тартылды. Шетелдік контрагенттердің сенімділігі туралы 100 қорытынды дайындалды, сондай-ақ шетелдік импорттаушы-

6. Өзбекстан Республикасында «Steel Property Construction» ЖШҚ үшін «Проммашкомплект» ЖШС теміржол вагондарына қосалқы бөлшектерді, өзбекстандық импорттаушы «Узметкомбинат» АҚ үшін «Шымкент Темір» ЖШС қазақстандық компаниясының болат блюмдерін жеткізуге арналған аккреди-

тивтерді сақтандыру шеңберінде жобалар жүзеге асырылды. Сондай-ақ аймақтық директорлардың қолдауымен өзбек сатып алушы «Premium Beef Well» ЖШҚ үшін «Астық индустриясы» ЖШС-нің ет экспорттауы бойынша қолдау көрсетілді. Және де аймақтық директорлардың қолдауымен «QARMET» АҚ-ның «Тарлепласт» ЖШҚ-мен металлпрокат пен арматураны жеткізу бойынша және «Invest Zone» ЖШҚ-мен арматураны жеткізу бойынша аккредитивтерді сақтандыру мәмілелері жүзеге асырылды.

7. Ресей Федерациясында Татарстан Республикасының «Находка» ірі сауда желісімен Қазақстанда өндірілген кондитерлік өнімдерді, тұрмыстық химияны, сусындар мен шай өнімдерін жеткізу бойынша экспорттық кредиттерді сақтандыру жобалары жүзеге асырылды, сондай-ақ «ТЭМПО» АҚ-ның

2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

2025 жылы экспорттық әлеуетті арттыру бойынша келесі іс-шаралар жоспарланған:

- ◆ Қолдау көрсетілген экспорт көлемін ұлғайту (қаржылық-сақтандыру қолдау құралдарының желісін кеңейту).
- ◆ Сақтандыру портфелінің сапасын жақсарту.
- ◆ Қазақстандық компаниялардың өнімдерінің сыртқы нарықтарда ұсынылуын кеңейту.



АӨК ДАМУЫ

GRI 2-6, GRI 3-3, GRI 203-1, GRI 203-2, GRI 413-1, GRI 415-1, FN-AC-000.A

Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту бағыты шеңберінде «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның еншілес ұйымы (бұдан әрі – «АНК» АҚ, Корпорация) және «Қаз-АгроҚаржы» АҚ-ның тәуелді ұйымы (бұдан әрі – «ҚАҚ» АҚ) қолдау көрсетеді:

- ◆ «АНК» АҚ АӨК субъектілерін кредиттеуге, қаржы ұйымдарын (кредиттік серіктестіктер, МҚҰ, ЕДБ және лизингтік компаниялар) қорландыруға, шағын кредиттер беруге, көктемгі егіс және егін жинау жұмыстары мен инвестициялық жобаларды кредиттеуге маманданады, сондай-ақ АӨК-де сақтан-

«Qarmet» АҚ-мен «Набережночелнинский Трубный Завод «ТЭМ-ПО» үшін ЭКА сақтандыру өтелімімен металлпрокат өнімдерін жеткізу мәмілесі, «Марсаков» ЖК-ның «Харвест» ЖШС-мен детоксикация және мастықтың салдары синдромымен күресу үшін натрий бентонитінен жасалған бірегей өнімді жөнелту мәмілесі жүзеге асырылды. Импорттаушы «Марсаков» ЖК – дистрибьюторлар, сауда желілері, АЖҚС шағын маркеттері арқылы халық тұтынатын тауарларды көтерме саудада сату. «Ордабасы құс» ЖШС – Малова ЖК (күркетауық етінің импорты) – 2024 жылдың 3 және 4-тоқсанында белсенді ынтымақтастық. 7 сақтандыру шарты жасалды. Негізгі шартқа қосымша келісімге қол қойылды, сондай-ақ дистрибьютерлік шарт жасалды.

- ◆ Адами капиталды дамыту (қаржы секторынан жоғары білікті персоналды тарту және ұстап қалу үшін жағдайлар жасау).
- ◆ Ұсынылатын қызметтерді цифрлық трансформациялау (бизнес-процестерді автоматтандыру, ұсынылатын қызметтер бойынша сервистерді цифрландыру).
- ◆ Корпоративтік басқару және тұрақты даму деңгейін арттыру (тұрақты даму рейтингін (ESG рейтингін) алу).

дыру жөніндегі оператор функцияларын жүзеге асырады.

- ◆ «ҚАҚ» АҚ лизингке ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын береді.

2024 жылы еліміздің агроөнеркәсіптік кешенін дамытуға 585 млрд теңге жоспармен 822,3 млрд теңгеге жуық бағытталды, орындалуы – 140,6%. 2024 жылы қаржыландырудың жалпы нақты сомасы 23 млрд теңгені құрайтын 26 инвестициялық жоба пайдалануға берілді.



Көрсеткіштер	Өлш. бір.	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл
АӨК қаржыландырудың жалпы көлемі, <i>оның ішінде:</i>	млрд теңге	522,3	554,7	822,3
Берілген кредиттердің жалпы саны	бір.	23 561	18 906	22 779
Корпорацияның қолдауына ие болған ШОБ субъектілерінің үлесі 5,0% құрады, бұл жоспарлы мәннен 1,7%-ға артық.				
Корпорацияның құралдары арқылы қолдау көрсетілген ШОБ субъектілерінің саны 8 868 бірлік жоспармен 14 804 бірлікті құрады – орындалуы 166,9%.				
Ылғал сақтау технологияларын енгізе отырып, суарылатын алқаптар 1,6 мың га жоспардан 2,9 есе асып түсіп, 4,58 мың га құрады.				
2024 жылы Корпорация капитал нарығынан коммерциялық қаражатты тартуды, мемлекет тарапынан субсидиялауды және фермерлерге жылдық 5% мөлшерлеме бойынша бірден жеңілдікті кредиттер беруді (Кең дала 2 бағдарламасы) көздейтін қаржы институттарын тікелей субсидиялау тетігін әзірлеп, енгізді, оның кредиттеу көлемі 181,6 млрд теңгені құрады.				
2024 жылдың қорытындысы бойынша «АНК» АҚ шамамен 599 млрд теңге жалпы сомасында 11 мың АШТӨ қаржыландырды, оның ішінде кредиттеу бағдарламалары бойынша:				

№	Кредиттеу бағдарламасы	2024 жыл, млн теңге
1	«Агробизнес»	164 497
2	«Іскер» микрокредиттеуі	12 094
3	«Кең дала» (көктемгі егіс және егін жинау жұмыстары)	140 000
4	«Кең дала 2» (көктемгі егіс және егін жинау жұмыстары)	281 550
5	Жастарды микрокредиттеу	812
Барлығы		598 953

2024 жылдың соңындағы жағдай бойынша Корпорацияның («ҚАҚ» АҚ-ды қоса алғанда) кредиттік портфелі 78,3 мыңнан астам түпкілікті қарыз алушыдан тұрды, олардың шамамен 56 мыңы тікелей және шамамен 22,3 мыңы – АӨК субъектілері үшін кредиттік ресурстардың негізгі көздері болып табылатын екінші деңгейдегі банктерді (ЕДБ), кредиттік серіктестіктерді (КС) және микроқаржы ұйымдарын (МҚҰ) Корпорацияның қорландыруы арқылы қаржыландырылды.

2024 жылы ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарының лизинг көлемі жасалған шарттар бойынша 224,2 млрд теңгені құрады. 2024 жылғы динамика 2023 жылмен салыстырғанда техника санының және жасалған қаржыландыру шарттарының ұлғаюын көрсетеді, сондай-ақ «ҚАҚ» АҚ қызмет көрсететін клиенттер санының жыл сайынғы өсуі сақталуда.

«ҚАҚ» АҚ ЖАСАЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЛИЗИНГ ШАРТТАРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Техниканың/ жабдықтың атауы	2022 жыл		2023 жыл		2024 жыл	
	Бір. саны	Сомасы, млн теңге	Бір. саны	Сомасы, млн теңге	Бір. саны	Сомасы, млн теңге
Тұқым себу кешендері	190	8 547	191	8 016,5	135	10 154
Тракторлар	2 896	65 309	2 846	63 690	4 729	87 654
Комбайндар	507	57 375	512	55 945,4	924	88 257
Сепкіштер	284	9 339	172	6 478,4	273	5 504
Басқа техника	2 929	32 267	3 989	43 858,3	4 482	36 977
Барлығы:	6806	172 837	7 710	177 988,6	10 543	228 546

ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛГЕН ЖОБАЛАРДЫҢ МЫСАЛДАРЫ

«SNAKH ECO FOOD» ШШ

Сипаттау: жобалық қуаты 1 751 тонна қызанақ «Жылыжай шаруашылықтары желісін дамыту» бағыты. Жоба Алматы облысында жүзеге асырылды

Пайдалануға берілуі: 26.09.2024
Жобаның жалпы құны: 2,7 млрд теңге
Холдингінің қатысу сомасы: 2,0 млрд теңге

«АҚ-ДАЛА АГРО» ЖШС

Сипаттау: жобалық қуаты 3 160 тонна құс еті «Құс фабрикаларын құру, кеңейту және жаңғырту» бағыты. Жоба Ақмола облысында жүзеге асырылды

Пайдалануға берілуі: 09.04.2024
Жобаның жалпы құны: 4,0 млрд теңге
Холдингінің қатысу сомасы: 2,4 млрд теңге

«ЕН-ДАЛА» ЖШС

Сипаттау: жобалық қуаты 11 000 тонна сүт «Сүт-тауарлы фермалар желісін дамыту» бағыты. Жоба Ақмола облысында жүзеге асырылды

Пайдалануға берілуі: 18.07.2024
Жобаның жалпы құны: 3,9 млрд теңге
Холдингінің қатысу сомасы: 757 млрд теңге

2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

- ◆ АӨК қаржыландыру көлемін 1 трлн теңгеге дейін ұлғайту.
- ◆ НҚА-ға өзгерістер енгізу және пайыздық мөлшерлемені субсидиялау бойынша есепке алу жүйесін енгізу.
- ◆ АШТӨ өтінімдерін қарау және қаржыландыру процесін оңтайландыру (SMART АКК жобасы).
- ◆ Кепілді қамтамасыз етудің онлайн-мониторингін енгізу.
- ◆ Agrocredit мобильді қосымшасының мүмкіндіктері мен компоненттерін қарастыру.
- ◆ Блокчейн технологиясымен АӨК-де кепілдерді онлайн тіркеу (АШТӨ келмей-ақ).



ҮЛЕСТІК ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ЭКОЖҮЙЕСІН ДАМУ

GRI 2-6, GRI 3-3, GRI 203-1, GRI 203-2, GRI 413-1, GRI 415-1, FN-AC-000.A

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ компаниялар тобы арасындағы тікелей инвестициялар (бұдан әрі - ТИ) нарығындағы негізгі ойыншы – «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ (бұдан әрі – «QIC»АҚ), оның міндеттері ТИ тарту және тікелей инвестициялар қорлары (бұдан әрі - ТИҚ) арқылы үлестік қаржыландыру жолымен Қазақстанның тұрақты экономикалық дамуына жәрдемдесу. «QIC» АҚ одан әрі өсу және бәсекеге қабілеттілікті арттыру мақсатында халықаралық институционалдық инвесторлармен, егеменді қорлармен және халықаралық қаржы ұйымдарымен серіктестікте ТИҚ инвестициялайды және басқарады.

ҮЛЕСТІК ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

2024 жылдың соңында «QIC» АҚ портфелі 18 ТИҚ-дан тұрды, QIC қатысуымен қорлардың жиынтық инвестицияларының сомасы 287 млрд теңгені құрады.

2024 жылғы «QIC» АҚ инвестицияларының көлемі – 61,9 млрд теңге.

Қазақстанның тұрақты экономикалық дамуына жәрдемдесу аясында «QIC» АҚ:

- ♦ елдің экономикалық әртараптандыруына ықпал ете алатын нарықтағы жетекші бизнестерді құру үшін ТИ әлеуетін қолданады;
- ♦ өңірлік нарықта үлкен әлеуетке ие ШОБ-ке бағдарланады;
- ♦ танылған экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық ESG стандарттарына негізделген тұрақты бизнестің дамуына ықпал етеді.


31.12.2024 ж., жағдай бойынша «QIC» АҚ қатысуымен ТИҚ нақты капиталдандыру 997 млрд теңгені (1,9 млрд АҚШ долларын) құрады.

2024 жылы 11 жоба қаржыландырылды.


№	Тікелей инвестициялар қорының атауы	Құр. жылы	Инвесторлар	Инвестициялық бағдарламалар
Кәптивтік ТИҚ				
1.	Baiterek Venture Fund (BVF)	2014	QIC (100 %)	Экономиканың басым секторлары
2.	DBK Equity Fund C.V.	2017	QIC (3 %), БРК (97 %), BV Management (0,01 %)	«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ және «Кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ қолдау көрсеткен жобалар
3.	KCM Sustainable Development Fund I C.V.	2019	QIC (100 %)	АӨК, өңдеу өнеркәсібі, техникалық қызметтер және қызмет көрсету, денсаулық сақтау, ақпарат және байланыс, энергетика және т.б.
4.	Baiterek Investment Fund	2024	QIC (99 %) BVF (1 %)	Экономиканың басым секторлары
Портфелдік ТИҚ				
5.	Apex Fund I Limited Partnership	2023	QIC (98 %), ЦКТ (1 %), Apex Management GP (1 %)	Экономиканың агроөнеркәсіптік секторы
6.	Kazakhstan Infrastructure Fund C.V.	2014	QIC (95,24 %), Verno (4,76 %)	Инфрақұрылым

№	Тікелей инвестициялар қорының атауы	Құр. жылы	Инвесторлар	Инвестициялық бағдарламалар
7.	Kazakhstan Hungarian Investment Private Equity Fund C.V.	2015	QIC (49,5 %), EXIM Bank (49,5 %), CCL KAGF Carried Interest L.P. (1 %)	Экономиканың агроөнеркәсіптік секторы
8.	Kazakhstan Growth Fund L.P.	2009	QIC (49,5 %), EBRD (49,5 %), CEECAT (1 %)	Тамақ өнеркәсібі, өндіру өнеркәсібіне арналған жабдықтар өндірісі, металлургия, ағаш өңдеу және тоқыма өндірісі
9.	Kazakhstan Capital Restructuring Fund C.V.	2010	QIC (49,5 %), EBRD (49,5 %), CEECAT (1 %)	Үлкен қарыздық жүктемесі бар, бірақ қайта құрылымдауды қажет етпейтін ШОБ
10.	CITIC Kazyna Investment Fund I L.P.	2010	QIC (49,9 %), CITIC Group (37,43 %), Sun Success International (12,48 %), others investors (0,19 %)	Экономиканың шикізаттық емес секторлары
11.	VTB Capital I2 BF Innovation Fund, L. P.	2011	QIC (100 %)	Таратылуда
12.	Falah Growth Fund L.P.	2008	QIC (10 %), Ordabasy Shrakat Limited (40 %), Aztech Investment Limited (50 %)	Энергетика, пайдалы қазбаларды өндіру, инфрақұрылымдық жобалар, ауыл шаруашылығы және т.б.
13.	Da Vinci Emerging Technologies Fund III L.P.	2021	QIC (18,83 %), Da Vinci Global Technology Growth PCC, Samruk-Kazyna Invest LLP., 57 Stars	Бағдарламалық жасақтаманы әзірлеу, IT инфрақұрылымы және телекоммуникациялар, қаржылық технологиялар, B2C/B2B технологиялары және басқа да IT салалары
14.	Quest Ventures Asia Fund II, L.P.	2020	QIC (30,7 %), Pavilion Capital и другие	Экономиканың барлық салаларындағы технологиялық компаниялар
15.	500 STARTUPS V, L.P.	2019	QIC (7,1 %), Abu Dhabi Financial Group, SeAH Group және басқалар	Интернет пен ақпараттық технологияларды және/немесе технологиялармен байланысты басқа салаларды қоса алғанда, IT-ға инвестициялар
16.	Wellington Partners III Technology Fund	2004	QIC (5,133 %), European Investment Fund (23 %) және басқалар	Интернет-технологиялар, бағдарламалық жасақтама, қауіпсіздік, электроника
17.	Flagship Ventures Fund	2005	QIC (6,6 %), State Treasurer for the State of Michigan Bureau of Investments, Delaware Public Employees' Retirement System және басқалар	Өмір туралы ғылымдарға инвестициялар, селективті технологиялар, серпінді бағдарламалық жасақтама және т.б.
18.	Macquarie Renaissance Infrastructure Fund L.P.	2009	QIC (9,09 %), Vnesheconombank (30,3 %), IFC (30,3 %), Macquarie Group (30,3 %)	Таратылуда

QIC ПОРТФЕЛДІК ИНВЕСТИЦИЯЛАРЫ ЖИЫНТЫҚ ТҮРДЕ ЕЛДЕР БӨЛІНІСІНДЕ



QIC ПОРТФЕЛДІК ИНВЕСТИЦИЯЛАРЫ ЖИЫНТЫҚ ТҮРДЕ САЛАЛАР БӨЛІНІСІНДЕ



2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

2025 жылы «QIC» АҚ ІТ-секторға және технологиялық стартаптарға бағдарланған қорларды қолдай отырып, Қазақстанның венчурлік экосистемін дамытуға белсенді қатысуды жоспарлап отыр. Негізгі бастамалардың ішінде – Қазақстан мен Орталық Азиядағы бастапқы даму кезеңдеріндегі (Seed, Series A) стартаптарға назар аударатын Sturgeon Capital, MOST Ventures және BGV Fund қорларына қатысу.

2025 жылы Forebright Life Science Technology Fund L.P. тікелей инвестициялар қорына қатысу туралы келісімге қол қою жоспарлануда, ол туа біткен кемістіктердің алдын алу, жаңа туған нәрестелердің кешенді скринингі және Life Science басқа да бағыт-

тары саласында мамандандырылатын болады. Географиялық қамтуға Қазақстанға ерекше назар аудара отырып, Таяу Шығыс, Еуропа және Азия елдері кіреді.

Сондай-ақ «QIC» АҚ 2025 жылы TVM Healthcare SEA Fund тікелей инвестициялар қорына қатысуды жоспарлап отыр, ол заманауи технологияларды енгізу, медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын арттыру, сондай-ақ осы елдердегі денсаулық сақтау жүйелерінің тұрақты дамуына жәрдемдесу мақсатында Қазақстан мен Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде денсаулық сақтау саласындағы жобаларға инвестициялауға шоғырланады.



ХАЛЫҚТЫ ТҰРҒЫН ҮЙМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

GRI 2-6, GRI 3-3, GRI 203-1, GRI 203-2, GRI 413-1, GRI 415-1, FN-AC-000.A

Холдинг мемлекеттік тұрғын үй саясатын жүйелі іске асыруды қамтамасыз ететін негізгі даму институты болып табылады. Еншілес ұйымдар – «Отбасы банк» АҚ (бұдан әрі - Банк) және «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «ҚТК» АҚ) арқылы Холдинг тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыруда орталық үйлестіруші және инвестициялық рөл атқарады.

Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту тұжырымдамасы (бұдан әрі – Тұжырымдама) шеңберінде Банк пен «ҚТК» АҚ көрсететін қолдау түрлері: 1) ЖАО облигацияларын сатып алу арқылы тұрғын үй құрылысын қаржыландыру;

- 2) жеке құрылыс салушылардың кредиттерін субсидиялау;
- 3) үлестік тұрғын үй құрылысына кепілдік беру;
- 4) кешенді құрылыс салу жобаларын қаржыландыру;
- 5) жалға берілетін тұрғын үйді сатып алу және жалға берілетін тұрғын үй қорын басқару;
- 6) тұрғын үй сатып алу үшін қарыздар беру және жалдау ақысын субсидиялау.

Қазақстан экономикасының өсімінің халықтың кентенуіне байланысты болашақта тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыру экономика дамуының негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

ЖАО ОБЛИГАЦИЯЛАРЫН САТЫП АЛУ ТЕТІГІ АРҚЫЛЫ ЖАО-НЫҢ КРЕДИТТІК ТҰРҒЫН ҮЙ САЛУЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

Осы бағыттың операторы «ҚТК» АҚ болып табылады. Барлық қаржы қаражат, сондай-ақ жобаларды іріктеу, құрылыс салушыларды айқындау, игеру және құрылыс барысын бақылау жөніндегі функциялар жергілікті атқарушы органдарға (бұдан әрі – ЖАО) берілген.

ЖАО облигацияларын сатып алу тетігі арқылы кредиттік тұрғын үй құрылысын және тұрғын үй қорын реновациялауды қаржыландыру жергілікті жерлерде қаражаттың икемділігін және жедел игерілуін қамтамасыз етеді, ал «револьверлік» тетікті қолдану қайтарылатын қаражатты әрбір екі жыл сайын жаңа құрылысқа қосымша бюджеттік қаржыландырусыз бағыттауға мүмкіндік береді.

Кредиттік тұрғын үйді өткізу, қаржыландыру, салу және оған мониторинг жүргізу, сондай-ақ тұрғын үй қорын реновациялау тәртібі 2023-2029 жылдарға арналған Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту тұжырымдамасы шеңберінде Республикалық бюджет есебінен тұрғын үй салуды және (немесе) сатып алуды қаржыландыру және (немесе) мемлекеттік бағалы қағаздар шығару, тұрғын үйге мұқтаж Қа-

зақстан Республикасының азаматтарына тұрғын үйді мониторингілеу және өткізу қағидаларына (Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2023 жылғы 22 желтоқсандағы №151 бұйрығы) сәйкес жүзеге асырылады.

2016 жылдан бастап «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында (Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту тұжырымдамасы) барлығы 1 559,8 млрд теңге сомасында ЖАО облигациялары сатып алынды. Жалпы ауданы 7,6 млн шаршы метр 111,5 мың пәтер пайдалануға берілді.

2024 жылы «ҚТК» АҚ өңірлерде қолжетімді тұрғын үй құрылысын қаржыландыру үшін жалпы сомасы 462,1 млрд теңге ЖАО облигацияларын сатып алып, осы тетікті іске асыруды жалғастырды. Бұл құрал құрылысқа инвестициялардың тұрақты түсімін қамтамасыз ете отырып және азаматтардың тұрғын үй жағдайларын жақсартып, Холдингінің тұрғын үй саясатын орнықты іске асыруға қатысу тиімділігін растайды.

ЖАО ОБЛИГАЦИЯЛАРЫН САТЫП АЛУ КӨЛЕМІ

Көрсеткіш	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл
Сатып алынған ЖАО облигациялары, млрд теңге	176,4	139,6	462,1

«Отбасы банк» АҚ өз кезегінде салымшыларына жеңілдікті тұрғын үй несиелерін беріп, ЖАО облигацияларын орналастыру арқылы тартылған қаражат есебінен салынған тұрғын үйге сұранысты және оның өткізілуін ынталандырады. 2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Отбасы банк жүйесінде 2,4 трлн теңге жинақ сомасымен 2,8 млн шарт тіркелген.

Есепті жылы Тұжырымдаманың операторы бола отырып, Банк жергілікті атқарушы органдардың кезегінде тұрған халықтың әлеуметтік осал топтарына несиелер берді. Мұндай санаттарға 1 және 2-топтағы мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар, сондай-ақ көп балалы отбасылар мен аналар, жетім балалар немесе ата-анасының қамқорлығысыз қалған балалар және т.б. жатады. Тұжырымдама шеңберінде Банк азаматтың санатына қарай жылдық 2% және 5% сыйақы мөлшерлемесі бойынша алдын ала тұрғын үй несиелерін береді.

Тұжырымдаманың барлық қатысушылары жергілікті атқарушы органдар салған тұрғын үйді кредиттік қаражат есебінен сатып алады.

2024 жылы Тұжырымдама бойынша өткізуге жалпы ауданы 648 000 шаршы метр, 74,2 млрд теңге сомасында 118 объект (6605 пәтер) түсті.

«ОТБАСЫ БАНК» АҚ ЖҰМЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Көрсеткіш	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл
Жинақтар көлемі, млрд теңге	2 141	2 363	2 424*
Жаңа шарттар саны, мың бір.	618	486	660*
Берілген қарыздар саны, мың бір.	79,87	64,78	71,45
Берілген қарыздардың жалпы сомасы, млрд теңге	1 382	1 068	1 290

* AQYL депозиттерін ескере отырып.

2024 жылы өңірлік бағдарламалар шеңберінде жалпы сомасы 48,9 млрд теңгеге 2891 қарыз берілді, оның ішінде жастар бағдарламалары шеңберінде жалпы сомасы 38,1 млрд теңгеге 2250 қарыз берілді. Бұл Банктің өңірлердің жергілікті атқарушы органдармен жемісті өзара іс-қимылының сәтті мысалы.

Қазақстан азаматтарының тұрғын үй жағдайын жақсартуға бағытталған «Отау» және «Наурыз» мемлекеттік бағдарламалары іске қосылды. Екі бағдарлама да халықтың әлеуметтік осал топтары үшін 7% жеңілдікті мөлшерлеменен (ЖТСМ 7,3%-дан 8,9%-ға дейін) қолжетімді ипотекалық кредиттеуді қамтамасыз ете отырып, азаматтарды, оның ауыл және аудан орталықтарының тұрғындарын қамтиды. «Отау» бағдарламасы бойынша 2024 жылдан бастап 01.01.2025 жылғы жағдай бойынша Банк 48,65 млрд теңге сомасында

ЖАО ОБЛИГАЦИЯЛАРЫ САТЫП АЛЫНДЫ

462,1
млрд теңге

Мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде 2024 жылы қазақстандықтарға 108,1 млрд теңге сомасында 9004 қарыз берілді, оның ішінде 5% жылдық мөлшерлемесі бойынша 59,6 млрд теңге сомасында 5145 қарыз және 2% жылдық мөлшерлемесі бойынша 48,5 млрд теңге сомасында 3859 қарыз берілді. «5–10–20» бағыты бойынша қарыздар 2023 жылы бөлінген 39,7 млрд теңге көлеміндегі бюджеттік қаражаттың қалдығы есебінен, сондай-ақ қайтарылатын қаражат есебінен берілді. «2–10–20» бағыты бойынша 2023 жылы республикалық бюджеттен Банкке 33,6 млрд теңге (20 млрд теңге, 12,2 млрд теңге, 1,4 млрд теңге мөлшеріндегі транштармен) бөлінді. 2024 жылы мүгедектігі бар адамдарға, жетім балаларға, сондай-ақ көп балалы отбасылар мен мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға кредит беру аталған қаражат есебінен жүзеге асырылды.

2237 қарыз, оның ішінде бастапқы тұрғын үй сатып алуға 44,76 млрд теңге (92%) сомасында 2001 қарыз (89%) берді. «Наурыз» бағдарламасы бойынша 2024 жылдан бастап 01.01.2025 жылғы жағдай бойынша Банк 202,76 млрд теңге сомасында 7746 қарыз, оның ішінде бастапқы тұрғын үй сатып алуға 176,37 млрд теңге (87%) сомасында 6625 қарыз (86%) берді.

Бүгінгі күні мемлекеттік кәсіпорындардың қызметкерлері ғана емес, сондай-ақ өз қызметкерлерін қолдауға мүдделі жеке компаниялар – зауыттар, кәсіпорындар, медициналық мекемелер және басқа да бизнестер тұрғын үй сатып алуға көмектесе алады. Бюджетке түсетін әлеуметтік жүктемені азайту және өңірлерде жастарды ұстап тұру үшін Банк ірі компанияларға жыл сайын корпоративтік өнім бойынша ынтымақтастық мүмкіндігін қарастыруды ұсынады.

Барлығы «Корпоративтік» өнім шеңберінде қорландырудың жалпы сомасы 5,6 млрд теңгені құрады, оның ішінде 2024 жылы келесі компаниялармен ынтымақтастық үшін 2,3 млрд теңге бөлінді: «Қазхром» ТҰҚ»АҚ, «Соколов-Сарыбай тау-кен байыту өндірістік бірлестігі» АҚ, «Богатырь Көмір» ЖШС, «Еуразияттық энергетикалық корпорация» АҚ, «KazSMU» ЖШС, «БК-СТРОЙ» ЖШС, «Шебер-СВТ» ЖШС, «Daily food Astana» ЖШС, «Daily food ltd» ЖШС.

Тұтастай алғанда, «Корпоративтік» өнім шеңберінде Банк жалпы сомасы 3,5 млрд теңгеге 237 кәсіпорын жұмыскеріне тұрғын үй жағдайын жақсартуға көмектесті, оның ішінде 2024 жылы жалпы сомасы 1,57 млрд теңгеге 96 қарыз берілді.

ЖЕКЕ ҚҰРЫЛЫС САЛУШЫЛАРДЫҢ ТҰРҒЫН ҮЙ САЛУЫН ЫНТАЛАНДЫРУ

2023–2029 жылдарға арналған Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту тұжырымдамасы шеңберінде (бұрын «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша) ЕДБ беретін жеке құрылыс салушылардың кредиттері бойынша жылдық 7%-бен 3 жыл бойы сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау тетігі қарастырылған. 2021

Құрылыс секторының негізгі ойыншыларымен ынтымақтастықты кеңейту шеңберінде еліміздің жетекші құрылыс компанияларымен серіктестік туралы 25 меморандум жасалды. 2024 жылы 18,6 млрд теңге сомасында 763 қарыз берілді.

Холдингің осы бағыттағы қызметі тұрғын үйдің қолжетімділігін арттырып қана қоймай, экономикаға айтарлықтай мультипликативтік әсер етеді: құрылыс секторын ынталандырады, жұмыс орындарын ашады, өмір сүру сапасын арттырады және өңірлердегі әлеуметтік тұрақтылыққа ықпал етеді.

жылғы 1 шілдеден бастап бұл функциялар Бірыңғай оператор «ҚТК» АҚ-на берілді.

2017-2024 жылдар аралығында бұл бағыт бойынша жалпы сомасы 161,4 млрд теңге шарттарға қол қойылды.

ҮЛЕСТІК ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫН ҚОЛДАУ

«ҚТК» АҚ 2016 жылғы 10 қазаннан бастап тұрғын үй құрылысындағы үлестік салымдарды кепілдендіруге кірісті. Құрал іске асырыла бастағаннан бері барлығы 1,2 трлн теңгеге кепілдік берілді.

ҮЛЕСТІК ҚҰРЫЛЫС ОБЪЕКТІЛЕРІ БОЙЫНША БЕРІЛГЕН КЕПІЛДІКТЕР КӨЛЕМІ

Көрсеткіш	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл
Берілген кепілдіктер сомасы, млрд теңге	211,8	167,7	186,6

2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

- ◆ 2025 жылға арналған тұрғын үй қарыздарын беру жоспары 1 215 970 млн теңгені құрайды.
- ◆ «Отбасы банк» АҚ сондай-ақ исламдық қаржыландыру қағидаттары бойынша ипотекалық өнімді енгізуді және Банктің IPO-ға шығуын жоспарлап отыр.
- ◆ «ҚТК» АҚ 183,3 млрд теңге сомасында ЖАО облигацияларын сатып алу арқылы тұрғын үй салуды, сатып алуды және реновациялауды қаржыланды-

руды, 174 млрд теңге сомасында тұрғын үй құрылысына үлестік қатысуды кепілдендіруді жүзеге асыруды жоспарлап отыр.

- ◆ «ҚТК» АҚ сатып алу құқығымен ЖАО кезекте тұрғандары мен азаматтардың басқа да санаттары үшін шамамен 800 пәтерді жалға беріп өткізуді жоспарлап отыр.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Корпоративтік басқару жүйесі.....	66
Жалғыз акционер	72
Директорлар кеңесі.....	73
Корпоративтік хатшы.....	88
Басқарма	89
Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелеріне сыйақы беру жүйесі.....	96
Ішкі аудит қызметі	97
Қоғамдық кеңес.....	98
Корпоративтік әдеп және мүдделер қақтығысын реттеу.....	99
Сыртқы аудитор.....	101



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Холдингің корпоративтік басқару жүйесі Холдинг қызметін басқаруды және бақылауды қамтама-сыз ететін және Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің, Басқарманың, Холдингің басқа органдары мен мүдделі тұлғалардың Жалғыз акционердің мүд-десі үшін қарым-қатынасын, сондай-ақ Холдингің еншілес ұйымдармен өзара іс-қимылын қамтитын процестердің жиынтығы болып табылады.

Холдингің корпоративтік басқаруы әділдік, адалдық, жауапкершілік, ашықтық, кәсібилік және құзыреттілік қағидаттарына негізделген. Холдинг осы саладағы үздік халықаралық тәжірибелерді енгізу және тиісті бағалау жүргізу арқылы корпоративтік басқару жүйе-сін үздіксіз жетілдіруге ұмтылады.

Корпоративтік басқару кодексі Корпоративтік басқа-рудың үлгілік кодексіне¹⁵ және Экономикалық ынты-мақтастық және даму ұйымының стандарттарына сәйкес Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2025 жылғы 23 маусымдағы №178 бұйрығымен жаңа редакцияда бекітілген, орындалуы Холдингің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу-

ге ықпал ететін корпоративтік басқару қағидаттарын көрсетеді.

Холдингің бекітілген корпоративтік басқару Кодексі Холдинг ішіндегі және басқа да мүдделі тараптар-мен қатынастарда тиімділікті, транспаренттілікті, есептілікті, іскерлік әдептің жоғары деңгейін қамта-масыз ету үшін өз қызметі процесінде ұстанатын қағи-далар мен ұсынымдардың жиынтығын қарастырады.

Холдингті корпоративтік басқарудың негізгі қағидат-тары:

1. өкілеттіктерді шектеу қағидаты;
2. акционерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты;
3. Директорлар кеңесі мен Басқарманың Холдингті тиімді басқару қағидаты;
4. тұрақты даму қағидаты;
5. тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит қағидаты;
6. корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығы-сын реттеу қағидаты;
7. Холдингің қызметі туралы ақпаратты ашудың ай-қындығы мен әділдігі қағидаттары.

ХОЛДИНГТІҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ОРГАНДАРЫ

GRI 2-9

Холдингің корпоративтік басқару құрылымы Хол-дингің Жарғысымен және ішкі құжаттарымен бел-гіленген.

Холдингің корпоративтік басқару органдарының жүйесіне мыналар кіреді:

- ◆ Жоғары орган – Жалғыз акционер;
- ◆ Басқару органы – Директорлар кеңесі;
- ◆ Атқарушы орган – Басқарма;

- ◆ Холдингің қаржылық-шаруашылық қызметін бақылауды, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару са-ласындағы бағалауды, корпоративтік басқару са-ласындағы құжаттарды орындауды және Холдинг қызметін жетілдіру мақсатында кеңес беруді жүзе-ге асыратын орган – Ішкі аудит қызметі;
- ◆ Қазақстан Республикасының заңнамасына және Холдинг Жарғысына сәйкес басқа да органдар.

ХОЛДИНГТІҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ



Холдинг өз қызметінде Холдингің Корпоративтік басқару кодексінің ережелері мен қағидаттарын ен-гізуді қоса алғанда, корпоративтік басқаруды жетіл-діруге бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру бо-йынша тұрақты жұмыс жүргізеді. Холдинг сондай-ақ

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау/сақтамау туралы есеп дайындау-ды жүзеге асырады. Бұл іс-тәжірибе Холдингің ен-шілес компанияларында да енгізілген.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ ҚАҒИДАТТАРЫ МЕН ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАУ


2024 жылы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Корпоративтік басқа-ру кодексінің белгіленген қағидаттары мен ереже-леріне сәйкестіктің жоғары деңгейін қамтамасыз етті. Ішкі бағалау қорытындысы бойынша сәйкестік дең-гейі 96,55%-ды құрады. Қалған 3,45% ережелер Хол-динг қызметінің ерекшелігіне жекелеген нормаларды қолдану мүмкіндігінің шектеулі болуына байланысты ішінара орындалды.

Атап айтқанда, Директорлар кеңесі мен Басқарманың Холдингті тиімді басқару қағидаты ішінара сақталды. Осылайша, Холдингің ДК құрамының ерекшелігіне байланысты ДК мүшелерінің сабақтастығы жоспар-лары және Холдингте ДК мүшелерінің кәсіби даму бағдарламалары бекітілмеді.

Холдингің Директорлар кеңесі Қазақстан Республи-касы Премьер-Министрінің басшылығымен жұмыс істейтінін, ал оның мүшелері қызметі Холдинг ерек-шелігіне тікелей байланысты саяси мемлекеттік қыз-метшілер мен Үкімет мүшелері екенін ескерген жөн. Осылайша, ДК мүшелерінің өз міндеттерін орындау және ЖА мен Холдинг мүддесі үшін ДК тиімді жұмы-сын ұйымдастыру үшін қажетті тиісті жұмыс тәжіри-бесі, білімі және біліктілігі бар.

Сондай-ақ, 2024 жылы Холдинг қызметінің ерекшелі-гіне және Қазақстан Республикасы Премьер-Мини-

«БӘЙТЕРЕК» ҰБХ» АҚ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАУ



стрінің орынбасары – ҚР Үкіметі Аппаратының Басшы-сы Холдингің Корпоративтік хатшысының міндеттерін орындауына байланысты Корпоративтік хатшыға қа-тысты жоспарлау және сабақтастық бағдарламалары әзірленбеген.

¹⁵ «Ұлттық әл-ауқат қорын қоспағанда, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардағы корпоративтік басқарудың үлгілік кодексін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 5 қазандағы №21 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 2024 жылғы 23 сәуірдегі №19 бұйрығымен Ұлттық әл-ауқат қорын қоспағанда, мемлекет бақылайтын акцио-нерлік қоғамдардағы корпоративтік басқарудың үлгілік кодексі жаңа редакцияда жазылды.



Холдинг корпоративтік басқаруды жетілдіруге бағытталған іс-шараларды, соның ішінде Холдинг пен оның еншілес ұйымдарының қызметіне Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін енгізу іс-шараларын жүргізу бойынша жұмысты жалғастырады.

Есептің толық нұсқасы жыл сайын Холдингтің интернет-сайтында «Корпоративтік басқару» бөлімінде орналастырылады.

Бұл ретте Холдинг корпоративтік басқарудың халықаралық үрдістеріндегі, ұлттық заңнамадағы негізгі өзгерістерді тұрақты негізде қадағалайды және өз қызметінде корпоративтік басқарудың үздік тәжірибелерін енгізеді. Квазимемлекеттік компанияларды корпоративтік басқару саласында танылған халықа-

ралық стандарт ретінде Холдингтің қызметіне бейімделген және Холдингтің корпоративтік басқару кодексінің Жалғыз акционерінің шешімімен бекітілген шеңберінде іске асырылатын мемлекет қатысатын кәсіпорындар үшін экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) корпоративтік басқару жөніндегі Басшылық қағидаттарын қолданады.

Холдинг корпоративтік басқаруды үнемі бағалайды: екі жылда бір рет ішкі бағалау және үш жылда бір рет тәуелсіз бағалау. Осылайша, 2023 жылғы желтоқсанда Холдингтің корпоративтік басқаруына тәуелсіз бағалау жүргізілді («КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС), оның нәтижелері бойынша Холдингке 98,8% рейтинг берілді (корпоративтік басқарудың 2020 жылғы Тәуелсіз бағалауының қорытындысы бойынша алдыңғы рейтинг 97% болды).

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ ЭЫДҰ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІ

ЭЫДҰ-ның мемлекет қатысатын кәсіпорындар үшін корпоративтік басқару жөніндегі Басшы қағидаттарының түйінді ережелері мен ұсынымдары	Холдингтің Корпоративтік басқару кодексінің тиісті ережелері мен қағидаттары
Мемлекеттік қатысуының / мемлекеттің жеке секторға кіруінің және осы ақпаратты ашудың орындылығының негіздемесі.	Холдинг экономиканы дамытуға және әртараптандыруға жәрдемдесу, инвестицияларды (оның ішінде ұлттық инвесторларды) тарту, кластерлерді дамыту, инвестициялық активтерді тиімді басқаруды қамтамасыз ету арқылы Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытуды ынталандыру жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру, сондай-ақ ұлттық даму институттарында, ұлттық компанияларда және акциялар пакеттері (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері) меншік құқығымен немесе сенімгерлік басқару құқығымен Холдингке тиесілі басқа да заңды тұлғаларда (бұдан әрі – компанияларда) олардың қызметінің ашықтығы мен тиімділігін арттыруға бағытталған корпоративтік басқару жүйелерін жетілдіру мақсатында құрылған. Холдингтің миссиясы – қоғам алдындағы жауапкершілік қағидаттарына сүйене отырып, қазақстандық тауарлар мен қызметтердің өндірісін қолдау, инфрақұрылымды жаңғырту және азық-түлік қауіпсіздігін нығайту арқылы Қазақстан Республикасы экономикасының тұрақты өсуіне жәрдемдесу. Холдингтің пайымы – жаңа салалық «өсу нүктелерін» дамыту арқылы Қазақстан экономикасының құрылымын түрлендіретін проактивті басқарушы холдинг.
Мемлекет меншік иесі ретінде мемлекет қатысатын кәсіпорындарға толық операциялық дербестікті қамтамасыз етеді және операциялық шешімдерді қабылдауға қатыспайды.	Өкілеттіктерді шектеу қағидаты Мемлекеттік орган Холдингтің жалғыз акционері ретінде Холдингке толық операциялық дербестік береді және Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде және тапсырмаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, Холдингтің операциялық (ағымдағы) және инвестициялық қызметіне араласпайды.

ЭЫДҰ-ның мемлекет қатысатын кәсіпорындар үшін корпоративтік басқару жөніндегі Басшы қағидаттарының түйінді ережелері мен ұсынымдары	Холдингтің Корпоративтік басқару кодексінің тиісті ережелері мен қағидаттары
Мемлекет қатысатын кәсіпорындар өз қызметін жетекші жеке кәсіпорындар сияқты тиімділік, ашықтық және есеп берушілік дәрежесімен жүзеге асырады.	Өкілеттіктерді шектеу қағидаты ЖА, ДК және Холдинг басқармасының құқықтары, міндеттері мен құзыреттері Қазақстан Республикасының заңнамасында және «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының жарғысында айқындалған. Холдингтің және оның еншілес ұйымдарының экономикалық қызметі борыштық және үлестік қаржыға қатысты нарық шарттарына жауап беруі тиіс. Холдингтің корпоративтік басқару жүйесі Корпоративтік басқару процестерінің жүйелілігі мен реттілігін қамтамасыз ететін Холдинг органдары арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершілікті нақты шектеуді көздейді.
Мемлекет қатысатын барлық жария және жария емес кәсіпорындар корпоративтік басқарудың ұлттық кодекстерін сақтауы тиіс.	Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының жарғысымен Жалғыз акционердің құқықтары бекітілген. «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Жарғысының 9-бабының 51-тармағына сәйкес ЖА құқылы: 1) Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Жарғыда көзделген тәртіппен Холдингті басқаруға қатысуға; 2) дивидендтер алуға; 3) Холдингтің қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде ЖА немесе Жарғыда айқындалған тәртіппен Холдингтің қаржылық есептілігімен танысуға; 4) орталық депозитарийден немесе атаулы ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға; 5) ДК отырысын шақыруды талап етуге; 6) Заңда көзделген жағдайларда Холдингтің лауазымды адамдарының Холдингке келтірілген залалды өтеуі және Холдингтің лауазымды адамдарының және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының ірі мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешімдер қабылдау нәтижесінде алған пайдасын (табысын) Холдингке қайтаруы туралы талаппен сот органдарына өз атынан жүгінуге және (немесе) жасауға мүдделілігі бар мәмілелер жасасуға; 7) аудиторлық ұйымның өз есебінен Холдингке аудит жүргізуін талап етуге; 8) Холдинг органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен дау айтуға; 9) Холдингке оның қызметі туралы жазбаша сұраумен жүгінуге және сұрау Холдингке келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде дәлелді жауаптар алуға; 10) Холдинг таратылғаннан кейін қалған мүлікке; 11) Холдингтің акцияларын немесе оның акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарын Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен басымдықпен сатып алуға.
Мемлекет қатысатын кәсіпорындар заңнамада немесе өзара келісімдерде көзделген мүдделі тұлғалардың құқықтарын мойындауға және құрметтеуге тиіс.	Тұрақты даму қағидаты Холдинг және оның еншілес ұйымдары мүдделі тараптардың мүдделерінің тепе-теңдігін сақтай отырып, ұзақ мерзімді кезеңде Тұрақты дамуды қамтамасыз ету үшін экономикаға, экологияға және қоғамға әсер етудің маңыздылығын түсінеді.



ЭЫДҰ-ның мемлекет қатысатын кәсіпорындар үшін корпоративтік басқару жөніндегі Басшы қағидаттарының түйінді ережелері мен ұсынымдары	Холдингтің Корпоративтік басқару кодексінің тиісті ережелері мен қағидаттары
Мемлекет қатысатын кәсіпорындар мемлекет үшін меншік иесі ретінде және жұртшылық үшін ерекше назар аудару салаларын қоса алғанда, корпоративтік ақпаратты ашудың жоғары сапалы халықаралық стандарттарына сәйкес кәсіпорын туралы елеулі қаржылық және қаржылық емес ақпаратты хабарлауға тиіс.	Холдингтің қызметі туралы ақпаратты ашудың айқындығы шықтығы мен әділдігі қағидаты Мүдделі тараптардың мүдделерін сақтау мақсатында Холдинг Қазақстан Республикасының заңнамасында және Холдингтің ішкі құжаттарында көзделген ақпаратты, сондай-ақ қаржылық жай-күйін, қызмет нәтижелерін, меншік және басқару құрылымын қоса алғанда, өз қызметінің барлық маңызды аспектілері туралы ақпаратты уақтылы және анық ашады.
Мемлекет қатысатын кәсіпорындардың Директорлар кеңестері стратегиялық басшылық және менеджмент қызметін бақылау функцияларын орындау үшін қажетті өкілеттіктер мен объективтілікке ие болуы тиіс. Олар адал әрекет етіп өз әрекеттері үшін жауап беруі тиіс.	Директорлар кеңесі мен Басқарманың Холдингті тиімді басқару қағидаты Директорлар кеңесі өз функцияларын Қазақстан Республикасының заңнамасына, Холдинг Жарғысына, Корпоративтік басқару кодексіне, Директорлар кеңесі туралы Ережеге сәйкес жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің мүшелері сенімгерлік міндеттер мен қабылданған шешімдерді, өз қызметінің тиімділігін, әрекетін және/немесе әрекетсіздігін қоса алғанда, өз міндеттерін орындауға дербес жауапты болады. Басқарма Директорлар кеңесіне есеп береді және Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционер қабылдаған шешімдердің іске асырылуына жауапты.
Мемлекет қатысатын кәсіпорындар қаржылық және операциялық тәуекелдерді, сондай-ақ адам құқықтарына, жұмыспен қамтуға, қоршаған ортаны қорғауға және салық салуға қатысты тәуекелдерді басқарудың тиімді саясаттары мен рәсімдерін әзірлеп, қадағалап отыруы керек.	Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және ішкі аудит қағидаты Холдингте Холдингтің өзінің стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізуіне ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз етуге бағытталған және ұйымдастырушылық саясаттардың, рәсімдердің, мінезқұлық нормалары мен іс-әрекеттердің, басқару әдістері мен тетіктерінің жиынтығы болып табылатын тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың тиімді қызмет ететін жүйесі жұмыс істейді.
Директорлар кеңесіне өз міндеттерін объективті түрде орындауға мүмкіндік бермейтін және Директорлар кеңесінің жұмыс процесіне саяси араласуды шектейтін мүдделер қақтығысын болдырмауға арналған тетіктерді пайдалану қажет.	Корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысын реттеу қағидаты Холдинг қызметкерлері мүдделер қақтығысы туындауы мүмкін жағдайға, өзіне (немесе өзіне байланысты адамдарға) немесе басқаларға қатысты жағдайларға жол бермейді. Холдинг директорлар кеңесінің өз міндеттерін әділдікпен орындауына кедергі келтіретін мүдделер қақтығысын болдырмау үшін және Холдингтің Директорлар кеңесінің процестеріне саяси араласуды шектеу үшін оны болдырмау және реттеу жөніндегі тетіктерді енгізеді.

ЭЫДҰ-ның мемлекет қатысатын кәсіпорындар үшін корпоративтік басқару жөніндегі Басшы қағидаттарының түйінді ережелері мен ұсынымдары	Холдингтің Корпоративтік басқару кодексінің тиісті ережелері мен қағидаттары
Мемлекет қатысатын кәсіпорындар шаруашылық қызметін жүзеге асырған кезде нарықта біркелкі бәсекелестік ортаны және әділ бәсекені қамтамасыз ету қажет.	Тұрақты даму қағидаты Холдинг өзінің экономикалық қызметін қаржыландыруды нарықтық жағдайларда жүзеге асырады. Атап айтқанда, несиелік және акционерлік қаржыландыруға қолжетімділікке қатысты талаптармен: 1) Холдингтің негізгі міндеттерінің бірі Қазақстан Республикасының жекелеген салаларын дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру немесе іске асыруға жәрдемдесу болып табылатын жағдайларды қоспағанда, Холдингтің нарықтың барлық қатысушыларымен (соның ішінде қаржылық және қаржылық емес ұйымдармен) қарым-қатынастары тек қана коммерциялық негізде құрылады; 2) экономикалық қызметті жүзеге асыру шеңберінде Холдинг Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, жеке бәсекелестерге қарағанда артықшылықтар беретін қандай да бір жанама қаржылық қолдаудан пайда алмайды. Холдингтің экономикалық қызметі ресурстарды (мысалы, энергияны, су ресурстарын немесе жер телімдерін) жеке бәсекелестерге ұсынылатын бағалармен және шарттармен тиімді пайдаланбауы тиіс; 3) Холдингтің экономикалық қызметіне қатысты операциялық жағдайларды ескере отырып белгіленген пайда нормалары бәсекелес жеке кәсіпорындар алатын нәтижелерге сәйкес келеді.

ХОЛДИНГТІҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

2024 жылғы 28 мамырда Холдингтің Директорлар кеңесінің шешімімен (№05/24 хаттама) 15 іс-шараны қамтитын «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның 2024-2026 жылдарға арналған корпоративтік басқаруды жетілдіру

жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді. Жыл қорытындысы бойынша 2024 жылға жоспарланған барлық іс-шаралар толық көлемде орындалды.

2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

2025 жылы Холдингтің ішкі құжаттарына қажетті өзгерістерді енгізумен, ашылатын ақпараттың айқындығын арттырумен және т.б. ескере отырып, Холдингтің 2024-2026 жылдарға арналған корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарында көзделген іс-шараларды іске асыру жалғасады.

Стандартты режимде Холдинг қызметкерлерін стратегиялық тәуекел-менеджменті басқару, ішкі аудит, тұрақты даму, қаржылық емес тәуекелдер және қаржылық емес есептілік (ESG reporting) мәселелері бойынша оқыту және Холдингтің корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігін ішкі бағалау жалғасады.

2026 жылға жоспарланған корпоративтік басқаруды тәуелсіз бағалауды жүргізуге дайындық мақсатында, Холдинг корпоративтік үдерістерді халықаралық стандарттарға сәйкестендіру және жетілдіру бойынша кешенді жұмысты бастайды.

ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР

GRI 201-4

Холдингтің жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі (бұдан әрі – ҚР ҰЭМ) атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі

АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛ

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ акционерлік капиталы 1 506 095 973 теңгені құрады:

- Жарияланған жай акциялар саны – 5 000 086 550 дана.

ДИВИДЕНДТІК САЯСАТ

Дивидендтік саясат Холдингтің жалғыз акционерінің мүдделерін сақтау, қызметтің табыстылығын қамтамасыз ету, қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қаражаты есебінен іске асырылатын инвестициялық жобаларды қаржыландыруды қоса алғанда, қызметті қаржыландыруды қамтамасыз ету қағидаттарына, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Жалғыз акционерінің дивидендтер мөлшерін, қысқа мерзімді (кіріс алу) және ұзақ мерзімді (ұйымды дамыту) мүдде-

болып табылады, ол заңнамамен және Холдингтің Жарғысымен Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

- Орналастырылған және төленген жай акциялар саны – 1 506 095 973 дана.
- Жарияланған, бірақ орналастырылмаған жай акциялар саны – 3 493 990 577 дана.

лерінің теңгерімділігін айқындау тетігінің ашықтығына негізделеді.

2024 жылы Холдинг 2023 жылдың қорытындысы бойынша 126,2 млрд теңге (2022 жыл ішінде – 58,6 млрд теңге) мөлшерінде дивидендтер жариялап, төледі. 2023 жылы бір жай акцияға дивиденд мөлшері 83,77 теңгені құрады (2022 жылы – 38,92 теңге)¹⁶.

ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ НЕГІЗГІ ШЕШІМДЕРІ

Холдингтің Жалғыз акционері есепті жылы келесі мәселелерді қарады:

- «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы («Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма төрағасының міндетін атқарушыны тағайындау (2024 жылғы 9 ақпандағы №46 бұйрық);
- «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі құрамының кейбір мәселелері туралы («Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесі төрағасының, Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату; «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің төрағасын, «Бәйтерек» холдингі» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесі мүшелерін сайлау (2024 жылғы 29 ақпандағы №72 бұйрық);
- «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы («Бәй-

терек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Басқарма төрағасын тағайындау туралы (2024 жылғы 4 сәуірдегі №103 бұйрық);

- «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы директорлар кеңесі құрамының кейбір мәселелері туралы («Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің мүшесін сайлау; «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің құрамын айқындау (2024 жылғы 5 сәуірдегі №105 бұйрық);
- «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы (2023 жылға арналған жылдық қаржылық есептілікті бекіту және таза кірісті бөлу (2024 жылғы 31 мамырдағы №159 бұйрық);
- «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы (2023 жылға арналған шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікте көрсетілген соманы респу-

ликалық бюджетке жіберу туралы (2024 жылғы 11 қарашадағы №265 бұйрық);

- «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесі құрамының кейбір мәселелері туралы («Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Директорлар

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

GRI 2-9, GRI 2-10, GRI 2-11, GRI 2-12, GRI 2-17, GRI 2-18, GRI 405-1, IFRS S1-27, IFRS S2-6(a)

Директорлар кеңесі Холдингтің қызметіне жалпы басшылықты және Басқарма қызметіне бақылауды жүзеге асыратын басқару органы болып табылады. Директорлар кеңесінің қызметі тиімділік пен жауапкершілік, Жалғыз акционер мен Холдингтің мүдделерін барынша сақтау және іске асыру, сондай-ақ Жалғыз акционердің құқықтарын қорғау, Холдингтің қызметіне жауапкершілік қағидаттарына негізделеді.

Директорлар кеңесі өз құзыретіне сәйкес келесі мәселелерге ерекше назар аударады:

- даму жоспарын/іс-шаралар жоспарын анықтау және өзектендіру (бағыттар мен нәтижелер);
- даму жоспарында және/немесе іс-шаралар жоспарында белгіленетін негізгі тиімділік көрсеткіштерін орнату және мониторинг жүргізу;

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Директорлар кеңесінің мүшелері сенімгерлік міндеттер мен қабылданатын шешімдерді, өз қызметінің тиімділігін, әрекетін және/немесе әрекетсіздігін қоса алғанда, өз міндеттерін орындауға дербес жауапты болады.

Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес Холдинг Директорлар кеңесі мүшелерінің жауапкершілігін олар сайланған сәттен бастап және Холдинг қаражаты есебінен сақтандыруға міндетті. Осыған сәйкес 2023 жылғы 26 желтоқсанда Холдинг «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ лауазымды тұлғаларының жауапкершілігін сақтандыру бойынша 2024 жылға арналған қызметтерді сатып алу туралы шарт жасасты.

кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату; «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің мүшесін сайлау (2024 жылғы 31 желтоқсандағы №313 бұйрық).

- тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімді жұмыс істеуін ұйымдастыру және бақылау, негізгі тәуекелдерді сәйкестендіру;
- директорлар кеңесінің құзыреті шегінде ірі инвестициялық жобаларды және басқа да негізгі стратегиялық жобаларды тиімді іске асыруды бекіту және мониторинг жүргізу;
- Басқарма төрағасын және мүшелерін сайлау (қайта сайлау), оларға сыйақы беру, сабақтастығын жоспарлау және қызметін қадағалау;
- Холдингтің істерін және тиісті тәуекелдерді шынайы көрсететін ақпаратты, оның ішінде қаржылық есептілікті ашу;
- корпоративтік басқару және әдеп;
- Холдингте осы Кодекстің ережелерін және Холдингтің іскерлік әдеп саласындағы корпоративтік стандарттарын (Іскерлік әдеп кодексі) сақтау.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ

GRI 2-9, GRI 2-10, GRI 202-2

Холдингтің Директорлар кеңесі 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша он директордан тұрды, олардың үшеуі тәуелсіз болды.

Директорлар кеңесінің құрамы 2023 жылғы 5 қаңтарда Жалғыз Акционердің шешімімен, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің №2 бұйрығымен, өкілеттік мерзімі 3 (үш жыл) болып айқындалды.

¹⁶ 2025 жылы Холдинг 2024 жылдың қорытындысы бойынша 61,2 млрд теңге көлемінде дивидендтер жариялап, төледі.



БЕКТЕНОВ ОЛЖАС АБАЙҰЛЫ

Қазақстан Республикасының Премьер-министрі, Холдингтің Директорлар кеңесінің төрағасы

1980 жылы туған, Қазақстан Республикасының азаматы.

Білімі:

Қазақ мемлекеттік заң академиясы (2001), «Заңгер» мамандығы

Еңбек қызметі туралы мәліметтер:

- ◆ 2019 жылдан 2022 жылға дейін – ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының бірінші орынбасары.
- ◆ 2022 жылғы ақпаннан 2023 жылғы сәуірге дейін – ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы.
- ◆ 2023 жылғы 3 сәуірден бастап Мемлекет басшысының Жарлығымен Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы болып тағайындалды.
- ◆ 2024 жылғы 6 ақпанда ҚР Президентінің Жарлығымен ҚР Премьер-Министрі болып тағайындалды.

Жалғыз акционердің 2024 жылғы 29 ақпандағы шешімімен (Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің 2024 жылғы 29 ақпандағы №72 бұйрығы) «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды.

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының, үлестес компаниялардың акциялары (қатысу үлестері) жоқ, сондай-ақ «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.



- ◆ 2013 жылдан 2016 жылға дейін - Deutsche Bank AG (Франкфурт, Германия) жобалық қаржыландыру мәмілелерін ұйымдастыру бойынша құрылымдық сауда-экспорттық қаржыландыру бөлімінде сату жөніндегі менеджер.
- ◆ 2016 жылдан 2024 жылға дейін - «Астана» халықаралық қаржы орталығында (АХҚО) жұмыс істей бастады, мұнда ол директордың орынбасары, активтерді және ірі жеке капиталды басқару жөніндегі қызметтер нарығын дамыту департаментінің директоры, бизнесті дамыту жөніндегі басқарушы директор, Бас директордың халықаралық бизнес пен ынтымақтастықты дамыту жөніндегі бірінші орынбасары, сондай-ақ атқарушы директор - АХҚО әкімшілігінің қаржы секторы бойынша бас өкілі қызметтерін атқарған.

Басқа атқаратын лауазымдары:

«Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы.

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының, үлестес компаниялардың акциялары (қатысу үлестері) жоқ, сондай-ақ «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.



БАСҚАРМА ҚҰРАМЫНДАҒЫ 2024 ЖЫЛҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

2024 жылы Басқарма мүшелерінің өкілеттіктері тоқтатылды:

- ◆ Байбазаров Нұрлан Серікұлы (01.02.2024 ж.)

БАСҚАРМАНЫҢ 2024 ЖЫЛҒЫ ЖҰМЫС ҚОРЫТЫНДЫСЫ

2024 жыл ішінде Холдинг Басқармасы 65 отырыс өткізді, оның 33-і бетпе-бет және 32-сі сырттай. Басқарма қараған ең маңызды мәселелер:

- ◆ 2024-2026 жылдарға арналған «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамын корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын мақұлдау және «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің бекітуіне енгізу туралы.
- ◆ «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының стратегиялық негізгі қызмет көрсеткіштерінің орындалуы туралы, сондай-ақ 2023 жылдың қорытындысы бойынша 2021-2023 жылдарға арналған «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының даму жоспарын іске асыру жөніндегі 2021-2023 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы есепті бекіту туралы.
- ◆ 2024-2028 жылдарға арналған «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Тә-

уекелдерді басқару жүйесін дамыту стратегиясын бекіту туралы.

- ◆ «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының 2023 жылғы қызметінің нәтижелері туралы есепті мақұлдау және «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау комитетінің қарауына енгізу туралы.
- ◆ «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының 2023 жылғы жылдық есебін бекіту туралы» мәселені мақұлдау және «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің қарауына енгізу туралы.

БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНІҢ 2024 ЖЫЛҒЫ ОТЫРЫСТАРҒА ҚАТЫСУЫ

Басқарма мүшесі	Отырыстарға қатысуы	%	Басқарма құрамында болу кезеңі
Байбазаров Нұрлан Серікұлы	6/65	9	01.01.2024–01.02.2024
Карагойшин Рустам Тимурұлы	49/65	75	13.02.2024–31.12.2024
Айдапкелов Нұрболат Серғалиұлы	48/65	74	01.01.2024–31.12.2024
Хамитов Ерсайын Ерболатұлы	55/65	85	01.01.2024–31.12.2024
Ғалым Үсен Асқарұлы	51/65	78	01.01.2024–31.12.2024
Сон Вячеслав Владимирович	51/65	78	01.01.2024–31.12.2024
Шайхы Жандос Алкенұлы	31/65	48	12.06.2024–31.12.2024
Онжанов Тимур Нұрланұлы	25/65	38	18.06.2024–31.12.2024

ХОЛДИНГ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖАНЫНДАҒЫ КОМИТЕТТЕР

Ұсынымдық сипаттағы шешімдерді дайындау үшін Холдинг Басқармасы жанында консультативтік-кеңесші органдар – Комитеттер жұмыс істейді.

Қызметті жоспарлау және бағалау жөніндегі комитет Холдинг Тобы бойынша бизнес-жоспарлау және бюджеттеу процесін үйлестіретін Холдинг Басқармасы жанындағы тұрақты жұмыс істейтін консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

Қызметті жоспарлау және бағалау жөніндегі комитет 2024 жылы 31 отырыс өткізді. Комитет бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің ұсыныстарын қарады және Холдинг бюджетінің қаражатын қайта бөлу жөнінде ұсынымдар шығарды, Холдингтің іс-шаралар жоспарларының, Холдингтің жылдық бюджетінің жобаларын, 2023 жылға арналған Холдинг пен ЕҰ іс-шаралар жоспарының орындалуы жөніндегі есепті, ЕҰ Даму жоспарларын және оларды түзетулерді алдын ала қарап, Басқармаға ұсынымдар берді.

Активтер мен пассивтерді басқару комитеті Холдинг Басқармасы жанындағы тұрақты жұмыс істейтін консультативтік-кеңесші орган болып табылады. Комитет қызметінің мақсаты – активтер мен міндеттемелерді әртараптандыру, (қаржылық, операциялық, стратегиялық, құқықтық) тәуекелдерді оңтайландыру және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету қағидаттарына қол жеткізу мақсатында Холдингтің және ЕҰ активтері мен міндеттемелерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсынымдар әзірлеу.

2024 жылы Активтер мен пассивтерді басқару комитеті 41 отырыс өткізді. Комитет Холдинг тобы компанияларының қаржылық тәуекелдерін басқару, Холдинг тобының контрагенттерін қаржылық талдау, сондай-ақ,

шоғырландырылған басқару есептілігі мәселелерін қарады; активтер мен міндеттемелерді басқару кезінде тиімділікті арттыру бөлігінде еншілес ұйымдарға ұсынымдар берді.

Стратегия және корпоративтік даму комитеті Холдингтің және оның еншілес ұйымдарының стратегиясы мен корпоративтік дамуы, Даму жоспарын жүзеге асырудың тиімділігін арттыру, корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру және Холдинг пен оның еншілес ұйымдарының қызметінде тұрақты дамуды қамтамасыз ету мәселелері бойынша ұсынымдарды қарау және әзірлеу үшін құрылған алқалы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2024 жылы Стратегия және корпоративтік даму комитеті 18 отырыс өткізді. Комитет 2024 жылдың 1-4 тоқсанына арналған Холдингтің құрылымдық бөлімшелерінің жоспарлы корпоративтік НҚК мәселелерін, 2023 жылға еншілес ұйымдардың Басқарма мүшелерінің НҚК орындалуы туралы есептерді, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның 2024-2033 жылдарға арналған даму жоспарын жүзеге асыру жөніндегі 2024-2026 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын мақұлдау мәселесін, 2023 жылғы Холдингтің тұрақты дамуы туралы есепті қарады, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның тұрақты даму рейтингінің (ESG рейтингі) нәтижелерін алдын ала қарады, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның 2024-2026 жылдарға арналған тұрақты даму жөніндегі іс-шаралар жоспарына өзгерістер мен толықтырулар және т.б. мәселелерді қарады.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МЕН БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНЕ СЫЙАҚЫ БЕРУ ЖҮЙЕСІ

GRI 2-19, GRI 2-20, GRI 2-21

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес, Қазақстан Республикасының заңнамасында және «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Жарғысында белгіленген тәртіппен, тәуелсіз директорларға – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқаруы кезеңінде Холдингтің Директорлар кеңесі мүшелерінің функцияларын орындауына байланысты сыйақы төленуі және (немесе) Холдингтің Директорлар кеңесі мүшелерінің функцияларын орындауына байланысты шығыстар өтелуі мүмкін.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне тәуелсіз директорларды қоса алғанда, олардың өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы төлеу, шығыстарды өтеу және сыйлықақы беру тәртібі, мөлшері мен шарттары Холдингтің Жалғыз акционерінің шешімімен белгіленеді.

Директорлар кеңесінің төрағасы тәуелсіз директорлармен Холдингтің атынан Холдингтің Директорлар кеңесі туралы ережеге қосымшада көзделген редакцияда шарт жасасады, онда тәуелсіз директорларға сыйақылар мен өтемақылар төлеу мөлшері мен шарттары баяндалады. Тәуелсіз директор Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің барлық өткізілген бетпе-бет және сырттай отырыстарының жартысына немесе жартысынан азына қатысқан жағдайда, сырқаттануы немесе негізгі жұмыс орны бойынша демалыста болуы себебінен тәуелсіз директор болмаған жағдайларды қоспағанда, сыйақы азаяды.

2024 жылы Холдингтің Директорлар кеңесі мүшелерінің функцияларын орындауға байланысты сыйақы тек тәуелсіз директорларға – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне төленді.

Холдингтің Басқарма мүшелерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесі «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма төрағасы мен мүшелерінің еңбегіне ақы төлеу, қызметін бағалау және сыйақы беру қағидаларымен регламенттелген. Басқарма мүшелеріне Директорлар кеңесінің шешімі бойынша лауазымдық жалақы белгіленеді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы №1266 қаулысына сәйкес Басқарма мүшелеріне сыйақы Директорлар кеңесі бекітетін стратегиялық НҚК-ге қол жеткізуге және олардың қызметін бағалау нәтижелеріне байланысты есепті жылдың қорытындысы бойынша, сондай-ақ аудиттелген қаржылық есептілік негізінде компанияның қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері белгіленген тәртіппен бекітілгеннен кейін таза шоғырландырылған пайданың болуымен жүзеге асырылады. Бұл ретте осы сыйақының жалпы жылдық көлемі 6 (алты) лауазымдық қызмет-ақыдан аспауға тиіс.

2024 жылы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма төрағасы мен мүшелерінің атқарушы органның құрамында болған кезеңінде, сондай-ақ Холдинг олардың пайдасына жүргізген тәуелсіз директорлар – Директорлар кеңесінің мүшелері сыйақысының жиынтық мөлшері 469 443 539 (төрт жүз алпыс тоғыз миллион төрт жүз қырық үш мың бес жүз отыз тоғыз) теңге 59 (елу тоғыз) тиынды құрады. Бұл сома салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер ұсталғанға дейін көрсетілген.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма төрағасы мен мүшелері сыйақысының жиынтық мөлшері жалақының сомасын, 2023 жылдың қорытындысы бойынша төленген сыйақыны, Қазақстан Республикасының мемлекеттік мерекесіне арналған сыйлықақыны қамтиды.

«БӘЙТЕРЕК» ҰБХ» АҚ БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНІҢ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОРЛАРЫ – ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ СЫЙАҚЫЛАРЫНЫҢ ЖИЫНТЫҚ МӨЛШЕРІ			
	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл
Басқарма мүшелері	418 189 166,67	214 967 666,67	220 351 833,33
Директорлар кеңесі	278 097 617,22	227 101 069,75	365 412 861,31
Жиыны	696 286 783,89	442 068 736,42	585 764 694,64

ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

GRI 2-16

Холдингтің Ішкі аудит қызметінің (бұдан әрі – ІАҚ) мақсаты – Холдингтің Директорлар кеңесі мен Басқарма-сына тәуелсіз, тәуекелдерді бағалауға негізделген, әділ растамаларды, пікірлерді, ұсынымдар мен болжамдарды ұсыну арқылы Холдингтің ұйым құнын құру, қорғау және сақтау қабілетін нығайтуда.

ІАҚ тәуелсіздігі ІАҚ-нің Холдингтің Директорлар кеңесіне ұйымдық бағыныстылығын және функцио-налдық есеп берушілігін қамтамасыз ететін тиісті мәртебемен қамтамасыз етіледі. ІАҚ Директорлар кеңесіне тікелей бағынады және оның алдында өз жұмысы туралы есеп береді. ІАҚ қызметіне Холдингтің Директорлар кеңесі жанындағы Аудит жөніндегі комитет жетекшілік етеді.

ІАҚ өз қызметінде Ішкі аудиторлар институты ұсы-ным берген Кәсіби іс-тәжірибенің халықаралық не-гіздерінің міндетті элементтеріне, атап айтқанда Ішкі аудиттің халықаралық стандарттарына және Тақы-рыптық талаптарға сәйкес келуге бейім.

Ішкі аудиттің халықаралық стандарттарына сәй-кес білікті және тәуелсіз бағалаушы кемінде бес жылда бір рет жүргізетін ішкі аудит функциясы қызметінің сапасын сыртқы бағалау 2022 жылы ІАҚ қызметінің Әдеп кодексіне және Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарына 99% сәй-кестігін растады. Мемлекеттік сектор үшін ішкі ау-диттің жетілу үлгісіне сәйкес жетілу деңгейі жоға-ры – оңтайландырушы ретінде бағаланды.

2024 ЖЫЛҒЫ ЖҰМЫС НӘТИЖЕЛЕРІ

Холдингтің Директорлар кеңесі бекіткен ІАҚ аудитор-лық жоспары 100%-ға орындалды.

Орындалған аудиторлық тапсырмалардың нәтиже-лері бойынша Холдингке ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару тиімділігін одан әрі арттыруға бағытталған барлығы 105 ұсыным берілді. 2024 жылдың есепті кезеңдерінде Холдингтік

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ІАҚ ҚҰРАМЫ

ІАҚ басшысы – Науанова Д.А., MBA for the Global Energy Industry (with Merit) (Warwick Business School), сертифицикатталған ішкі аудитор (CIA), тәуекел-менед-жментті бағалау жөніндегі сертифицикатталған маман (CRMA), алаяқтық тергеп-тексеру жөніндегі сертифи-катталған сарапшы (CFE).

Ішкі аудитор – Малдыбекова Д.Д., MSc in Logistics and Supply Chain Management (Heriot-Watt University), сертифицикатталған ішкі аудитор (CIA), алаяқтық тер-геп-тексеру жөніндегі сертифицикатталған сарапшы (CFE), АТ корпоративтік басқару саласындағы серти-фикаты бар (COBIT).

Ішкі аудитор – Тленчина А.У., MBA in Executive Management (Kingston University), Bachelor of Science with Honours in Economics and Accountancy (The City University London), сертифицикатталған ішкі аудитор (CISA).

Ақпараттық технологиялар аудиторы – Бекболатов Е.Қ., Master of Science in Communication Technology and Entrepreneurship (with Merit) (Cardiff University); Әл-Фа-раби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Радио-техника, электроника және телекоммуникациялар» мамандығы, техника және технологиялар бакалавры; сертифицикатталған ақпараттық жүйелер аудиторы (CISA).

компанияның ІАҚ ұсынымдарын орындау деңгейі орта есеппен 92%-ды құрады.

Сонымен қатар, ІАҚ ақпараттық технологиялар мен ақпараттық қауіпсіздік жүйелеріне жоспарлы аудит жүргізу шеңберінде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның жекеле-ген еншілес ұйымдарына 59 ұсыным берді.

2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

Холдингтің Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген ІАҚ 2025 жылға арналған аудиторлық жоспарында әкімшілік шығыстардың жекелеген түрлерінің лимиттерінің сақталуына және Холдингтің атқарушы органы мүшелерінің негізгі қызмет көрсеткіштерінің нақты мәндерінің шынайлығына жыл сайынғы міндетті тексерулермен қатар, цифрландыру стратегиясының жүзеге асырылуына, корпоративтік қаржы жүйесіне, қа-

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Қоғамдық кеңесі (бұдан әрі – Қоғамдық кеңес) азаматтық қоғамның пікірін ескеруді қамтамасыз ету, Холдинг пен оның еншілес ұйымдары қызметінің ашықтығы мен есеп берушілігін арттыру мақсатында құрылған консультативтік-кеңесші және бақылаушы орган болып табылады.

Қоғамдық кеңестің өкілеттіктеріне мыналар жатады:

- ◆ Холдингтің Даму жоспары мен Іс-шаралар жоспарының жобаларын талқылау;
- ◆ есептерді және Холдингтің Даму жоспары мен Іс-шаралар жоспарының орындалуына мониторингті талқылау;
- ◆ Холдингтің қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелерін талқылау;
- ◆ Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу және оларды мемлекеттік органдарға енгізу;
- ◆ Холдинг қызметінің бағыттары бойынша комиссиялар құру;
- ◆ Холдингтің Қоғамдық кеңесі туралы ережені бекіту;
- ◆ «Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасының заңында көзделген нысандарда қоғамдық бақылауды жүзеге асыру.

Қоғамдық кеңестің отырыстары Холдинг пен оның еншілес ұйымдарының қызметі туралы есептерді тыңдау түрінде өткізіледі, бұл қоғамдық бақылаудың тиімді тетігін қамтамасыз етеді.

Қажет болған жағдайда, Қоғамдық кеңестің отырыстарына Холдингтің, БАҚ, ғылыми, кәсіподақ және басқа да ұйымдардың өкілдері, сондай-ақ сарапшылар мен басқа да мамандар шақырылуы мүмкін.

зынашылық жүйесі процестеріне, адам ресурстарын басқару процестеріне, PR қызметіне аудит жүргізуді және Холдингтің корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігін бағалау көзделген.

ІАҚ сондай-ақ Холдингтің еншілес ұйымдарының ақпараттық технологиялар жүйелері мен ақпараттық қауіпсіздігіне аудит жүргізуді жоспарлап отыр.

Қоғамдық кеңес мүшелері кәсіпкерлік, қаржы, тұрғын үй құрылысы, сертификаттау, тұрақты даму және қоғамдық қызмет салаларында терең білімі мен іс жүзіндегі тәжірибесі бар білікті және түрлі бейінді сарапшылар тобы болып табылады.

Азаматтық қоғам өкілдері¹⁸:

- ◆ Шайх Қазыбек Алтайұлы – Қоғамдық кеңес төрағасы, бизнес-консультант;
- ◆ Якупова Юлия Константиновна – «GPI-Lab» ЖШС директоры;
- ◆ Жұмалиева Гүлнар Сейітмұхамедқызы – «Royal City Build» тұрғын үй-құрылыс кооперативі Басқармасының төрайымы;
- ◆ Момынбаев Жомарт Байзақұлы – «ТехноГруппСервис» ЖШС Байқау кеңесінің төрағасы;
- ◆ Сүйентаев Дамир Серікбайұлы – «Ұлттық сараптама және сертификаттау орталығы» АҚ Басқарма төрағасы;
- ◆ Бекбасаров Тілек Рашидұлы – «Eurasia Group Kazakhstan» ЖШС қаржы директоры;
- ◆ Ыбырайым Нұрлан Мұхтарбекұлы – «Qamqor Bolaiyq Foundation» қоғамдық қорының президенті.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ өкілдері

- ◆ Онжанов Тимур Нұрланұлы – Басқарма төрағасының орынбасары;
- ◆ Сон Вячеслав Владимирович – Басқарма төрағасының орынбасары¹⁹;
- ◆ Көшкімбаев Нияз Жеңісұлы – Басқарушы директор.



КОРПОРАТИВТІК ӘДЕП ЖӘНЕ МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН РЕТТЕУ

GRI 2-15, GRI 2-16, GRI 2-26, FN-AC-510a.1

Холдингтегі корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысының алдын алу және реттеу, сондай-ақ барлық органдар мен лауазымды тұлғалардың іс-әрекеттерін үйлестіру мақсатында Директорлар кеңесі Корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясатты бекітті. Саясат қақтығыстарды сотқа дейінгі реттеу тәртібі мен рәсімдерін, сондай-ақ осы процестер шеңберінде Холдинг органдарының, лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің іс-әрекеттерін регламенттейді.

Холдингтің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері басшылыққа алатын корпоративтік әдеп қағидаттары мен нормалары Холдингтің Директорлар кеңесі бекіткен «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Іскерлік әдеп кодексінде бекітілген.

Холдингтің Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 17 қазандағы №10/19 шешімімен Холдингтің Іскерлік әдеп кодексіне меритократия қағидаттарын сақтауға, қабылданатын шешімдердің заңдылығы мен әділді-

гін қамтамасыз етуге, корпоративтік жанжалдарды реттеуде Омбудсмен институтын нығайтуға бағытталған өзгерістер енгізілді. Холдингтің Іскерлік әдеп кодексінде белгіленген негізгі құндылықтар – жауапкершілік, кәсібилік, команда, адалдық және әлеуметтік жауапкершілік.

Іскерлік әдеп кодексін сақтау атқаратын лауазымына қарамастан Холдингтің барлық қызметкерлері үшін міндетті.

Холдинг қызметкерлері жыл сайын «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Іскерлік әдеп кодексінің нормаларын білуге тестілеуді сәтті тапсырып тұрады.

¹⁸ Холдингтің Басқарма төрағасының «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Қоғамдық кеңесінің құрамын бекіту туралы» 2024 жылғы 29 қазандағы №48-Б бұйрығы.

¹⁹ «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Басқарма төрағасының «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Қоғамдық кеңесінің құрамын бекіту туралы» 2024 жылғы 29 қазандағы №48-Б бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Холдингтің Басқарма төрағасының 25.06.2025 жылғы №24-Б бұйрығы.

ОМБУДСМЕН ИНСТИТУТЫ

Холдингтің Іскерлік әдеп кодексінің ережелерін сақтамау туралы мәліметтер жинауды, оны бұзу бойынша дауларды қарауға бастамашылық жасауды, сондай-ақ дауларды реттеуге қатысуды Холдингтің Омбудсмені жүзеге асырады.

Іскерлік әдеп кодексінің ережелерін бұзу жағдайлары туындаған кезде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қызметкерлері Омбудсменге жазбаша да, ауызша да жүгінуге құқылы. Омбудсмен өз кезегінде қызметкерлердің, лауазымды адамдардың, сондай-ақ іскер әріптестер мен мүдделі тұлғалардың Іскерлік әдеп кодексінің ережелерін сақтамау мәселелері бойынша өтініштерінің есебін жүргізеді. Омбудсмен бес жұмыс күні ішінде Холдинг қызметкерлеріне Іскерлік әдеп кодексінің ережелеріне түсініктеме беруге, олар жүгінген жағдайда, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Іскерлік әдеп кодексін бұзу фактісі

бойынша жүгінген қызметкердің, лауазымды адамның құпиялылығын қамтамасыз етуге міндетті.

Корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысы бөлігінде Омбудсмен корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысын реттеу саясатына сәйкес корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысын шешуге жауапты тұлғалармен өз іс-әрекеттерін үйлестіреді.

Холдингтің корпоративтік басқару кодексінің ережелеріне сәйкес «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ омбудсменінің 2023 жылғы қызметі туралы есепті кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет және директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті қарады және мақұлдады. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 28 мамырдағы шешімімен (№05/24 хаттама) «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Ом-

будсмені ретінде Жұмағалиев Ардақ Қайсарұлының өкілеттігі 2 (екі) жыл мерзіммен ұзартылды.

Нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру және Омбудсмен қызметін құжаттамалық қамтамасыз ету мақсатында Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Холдингтің ішкі нормативтік құжаттарын әзірлеу және өзектендіру бойынша жұмыс жүргізілді.

Холдингтің Директорлар кеңесінің сырттай отырысының 2020 жылғы 22 маусымдағы 06/20 шешімімен «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Омбудсмені туралы ереже бекітілді.

Омбудсмен туралы ережеде Холдингтің ұйымдық құрылымы мен корпоративтік басқару жүйесіндегі Холдинг Омбудсменінің құқықтық мәртебесі, өкілеттіктерді тағайындау және тоқтату тәртібі, Омбудсмен қызметінің рөлі, міндеттері мен функциялары, құқықтары мен міндеттері, жауапкершілігі және өзге де мәселелері толық регламенттелген.

2024 жылы Омбудсменге өтініштер түскен жоқ.

СЫРТҚЫ АУДИТОР

ҚР заңнамасына сәйкес «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды және оның қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатады.

Холдингтің 2024-2026 жылдарға арналған сыртқы аудиторы – «КПМГ Аудит» ЖШС. Холдинг «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-да сыртқы аудитті ұйымдастыру саясатына сәйкес, сондай-ақ сыртқы аудитордың халықаралық іс-тәжірибесі негізінде әрбір бес жыл сайын жоба бойынша серіктесті (аудит үшін негізгі жауапкершілікті көтеретін) ротациялау қағидатын ұстанады.

2024 жылға арналған аудиторлық қызметтердің құны аудиторлық қызметтерді ұсыну жөніндегі шарттың та-

Сонымен қатар, лауазымды тұлғалармен және Холдинг қызметкерлерімен жасалатын еңбек шарттарына «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-да Корпоративтік басқару кодексінің ережелерін сақтау және оның еншілес ұйымдарымен өзара қарым-қатынастар бойынша міндеттемелер енгізілген.

GRI 2-26, ҚНРДА

Бұдан басқа, Холдинг Тобының қызметкерлері мен лауазымды адамдарына ыңғайлы болу үшін оларға байланыс арналары берілген, олардың көмегімен өтініш білдірген қызметкер/еңбек дауына қатысушы тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) көрсетілген хабарламаларды құпиялылықты қамтамасыз ететін кез келген тәсілдер бойынша Омбудсменге бере алады:

- электрондық адреске: Ombudsman@baiterek.gov.kz;
- телефон нөміріне: 8 7172 270402.

Омбудсменге өтініш беру тетігі және ол туралы мәліметтер «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ корпоративтік интернет-сайтында орналастырылған.



ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің компоненттері	104
Негізгі тәуекелдер.....	107



ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ КОМПОНЕНТТЕРІ

FN-AC-550a.2

Тәуекел-менеджмент басқару процесінің маңызды құрамдас бөлігі және дамыған корпоративтік басқару жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Холдингтің тәуекелдерді басқару процесінің негізгі элементі – оның ұйымның ерекшелігіне, қызметінің негізгі қағидаттарына, бизнес-процестерге бағдарлануы және әрбір қызметкердің тәуекелдерді басқару процесіне белсенділігі.

Холдингте Тәуекелдерді басқару саясаты жұмыс істейді, онда тұтастық, ашықтық, құрылымдылық, ақпараттандыру, экономикалық орындылық, үздіксіздік және жетілдіру, кезеңділік сияқты тәуекелдерді басқару процесінің негізгі қағидаттары бекітілген.

Тәуекелдерді басқару процесінің мақсаты – мүмкіндіктерді барынша пайдалану мен шығындардың алдын алу арасындағы тепе-теңдікке қол жеткізу.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-да тәуекелдерді басқару Холдингтің келесі органдары мен бөлімшелерін: Жалғыз акционерді, Директорлар кеңесін, Басқарманы, тәуекелдерді басқаруды үйлестіруге жауапты құрылымдық бөлімшені және өзге де құрылымдық бөлімшелерді, сондай-ақ, Ішкі аудит қызметін тарта отырып, бірнеше деңгейде жүзеге асырылады.

Жалғыз акционер корпоративтік басқарудың негізгі қағидаттарын айқындайды.


Директорлар кеңесі корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесін қадағалауды жүзеге асыруда шешуші рөл атқарады. Директорлар кеңесінің негізгі функциялары Холдингтің ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді мақсаттарын қою, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-да тәуекелдерді басқаруды регламенттейтін негізгі құжаттарды бекіту, тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігі жөніндегі есептерді қарау болып табылады. Директорлар Кеңесі жанынан Директорлар кеңесіне Холдингтің қаржы-шаруашылық қызметін, тәуекелдерді басқару жүйесінің сенімділігі мен тиімділігін,

корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуын, сыртқы және ішкі аудиттің тәуелсіздігін бақылау бөлігінде ұсыныстар беру жөніндегі консультативтік-кеңесші орган болып табылатын Аудит жөніндегі комитет құрылған.

Басқарма тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін ұйымдастыруға және корпоративтік саясаттардың орындалуын және орындалуын қамтамасыз ету үшін тәуекелдерді бақылау құрылымын құруға жауапты. Басқарма жанындағы тәуекелдерді басқаруды тиімді ұйымдастыру мақсатында активтер мен пассивтерді әртараптандыру, тәуекелдерді оңтайландыру және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету қағидаттарына қол жеткізу мақсатында Холдингтің және оның еншілес ұйымдарының активтері мен міндеттемелерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсынымдар әзірлеу негізгі функциялары болып табылатын Активтер мен міндеттемелерді басқару жөніндегі комитет жұмыс істейді.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ алға қойған стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге және оларға қол жеткізу кезінде тәуекелдерді барынша азайтуға бағытталған маңызды құрамдас бөлік тиімді жұмыс істейтін ішкі бақылау жүйесі болып табылады. Ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру Холдингтің тәуекелдерге дереу ден қоюға, Холдингтің негізгі және қосалқы бизнес-процестері мен күнделікті операцияларын бақылауды жүзеге асыруға қабілетті басқару жүйесін құруды, сондай-ақ тиісті деңгейдегі ішкі бақылау жүйесіне қатысушыларды жақсарту үшін кез келген елеулі кемшіліктер мен салалар туралы дереу хабардар етуді жүзеге асыруды көздейді. Ішкі бақылау жүйесінің сенімді және тиімді жұмыс істеуі «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ барлық деңгейдегі лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін ішкі бақылау шеңберінде тартуды және тұрақты өзара іс-қимылды талап етеді.

Бұл жүйе жалпыға белгілі қағидаттарды, ережелер мен үздік тәжірибелерді ескере отырып ұйымдастырылған және төмендегі үлгіде ұсынылған.



Бақылау процедуралары Холдингтің мақсаттарының, міндеттері мен жоспарларының орындалуына тиімді ішкі бақылауды қамтамасыз ету, стандартты емес операцияларды анықтау және жасау, сондай-ақ Холдингтің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері тарапынан тәуекелдердің және ықтимал заңсыз әрекеттердің алдын алу, шектеу және болдырмау жөніндегі іс-шаралар мен іс-әрекеттердің құжаттық тіркелген жүйесі болып табылады.

Холдингтегі тәуекелдерді басқару – бұл келесі компоненттерден тұратын тұрақты, динамикалық және үздіксіз процесс: сәйкестендіру, өлшеу, бақылау, мониторинг жүргізу.

Есепті жылы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-да тәуекелдерді басқару бойынша келесі жұмыстар атқарылды:

- Холдингтегі тәуекелдер мен бақылауларды анықтау процесінің алдындағы барлық бизнес-процестерге кешенді талдау жүргізілді. Холдингтегі бизнес-процестерді айқындау екі негізгі тәсілге негізделді: бизнес-процестерді сипаттау және реттеу. Осы тәсілдерді кезең-кезеңімен пайдалану белгілі бір бизнес-процестің мәнін жан-жақты анықтауға, сондай-ақ кейіннен оның үздіксіз мониторингін қамтамасыз етуге бағытталған.
- Тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру мен дамытудың ұзақ мерзімді міндеттерін айқындау мақсатында «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының 2024-2028 жылдарға арналған Тәуекелдерді басқару жүйесін дамытудың стратегиясы бекітілді.

- 2025 жылға арналған бизнес-процестер, тәуекелдер және бақылаулар матрицасы бекітілді, ол Холдингтің негізгі бизнес-процестерін талдаудан тұратын және олардың тәуекелдерге ұшырауын бағалауға және осы тәуекелдерді басқару бойынша бақылау рәсімдерін қалыптастыруға бағытталған ішкі тәуекелдерді бақылау және басқару жүйесінің құралы болып табылады.
- Холдинг пен оның басшылары бизнесті дамыту стратегиясы шеңберінде қабылдауға дайын болатын қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді негізде нәтижелердегі өзгерістер мүмкіндігін білдіретін түрлі компоненттер мен метрикалар бойынша тәуекел-тәбет бекітілді.
- Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі саласындағы ішкі нормативтік құжаттарды оңтайландыру және өзектендіру жүргізілді:
 - «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Тәуекелдерді басқару қағидалары;
 - «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамындағы бизнес-процестерді, оларға тән тәуекелдер мен бақылауларды анықтау әдістемесі;
 - «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамында ұйымдық өзгерістерді енгізу кезіндегі бизнес-процестерді алдын ала талдау регламенті;
 - «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының қызметінің үздіксіздігін регламенті.

2024 жылы Директорлар кеңесі мен «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасы тоқсан сайын Холдинг тобының негізгі тәуекелдері сипатталған, тәуекелдер бойынша шоғырландырылған есептерді және оларды басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарларын қарады, тәуекелдердің негізгі индикаторларына, тәуекелдер тізілімі мен картасына, сондай-ақ тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарларына мониторинг және өзектендіру жүзеге асырылды.

Сондай-ақ, 2024 жылы Ресей мен Украина арасындағы қақтығысқа байланысты геосаяси оқиғаларға және соның салдарынан мұнай бағасының құбылмалылығына, валюта бағамдарына байланысты, Холдинг

2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

Одан әрі жетілдіру және дамыту мақсатында 2025 жылы және орта мерзімді келешекте «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ өз алдына келесі міндеттер қояды:

- ◆ Холдинг тобында тәуекел мәдениетін жетілдіру және оны корпоративтік басқару жүйесіне одан әрі интеграциялау;

тоқсан сайын гипотетикалық сценарийлер бойынша талдау мен стресс-тестілеуді жүзеге асырды және Холдингтің Директорлар кеңесін сыртқы конъюнктураның Холдинг Тобының қаржылық және тәуекел-көрсеткіштеріне ықтимал теріс әсері бөлігінде өзекті жағдай туралы хабардар етті.

2024 жылы Холдинг қызметкерлері үшін тәуекел-мәдениетті дамыту мақсатында Холдингке тән тәуекелдерді және оның түрлерін тиімді сәйкестендіру, COSO және ISO-31000 стандарттарына сәйкес келетін тәуекел-менеджмент қағидаттарын анықтау және түсіну мақсатында тәуекелдерді басқару жүйесі және ішкі бақылау бойынша оқыту семинарлары өткізілді.

- ◆ Холдинг тобында ТБЖ бойынша әдіснаманы оңтайландыру және өзектендіру;
- ◆ ТБЖ процестерін келесі бағыттарда автоматтандыру: тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау, Холдинг тобының тәуекелдері бойынша есептерді алу және шоғырландыру;
- ◆ Тұрақты даму саласындағы саясатты сақтау.



НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛДЕР

Холдинг негізгі тәуекелдерді бағалау және сәйкестендіру процесінде сыртқы консультантты тарта отырып әзірленген тәуекелдерді басқарудың орталықтандырылған жүйесінің үлгісі шеңберінде бірыңғай стандартты ұстанады. Үлгі тәуекелдің негізгі түрлерін бағалауды (өтімділік тәуекелі, нарықтық тәуекел, кредиттік тәуекел, операциялық тәуекел) және оларды біріктіруді, қалыпты және күйзеліс жағдаяттарында есептелген тәуекелдердің жиынтық мөлшерін жабу үшін қолда бар қаржылық ресурстардың жеткіліктілігін бағалауды қамтиды. Тәуекелдерді басқарудың орталықтандырылған жүйесінің әдістемесі сондай-ақ, Холдинг қызметінің миссиясы мен стратегиялық түйінді көрсеткіштеріне қол жеткізуге тән стратегиялық тәуекелдерді сәйкестендіруді көздейді және қойылған стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол



КРЕДИТТІК ТӘУЕКЕЛ

Холдинг тобының қаржы құралы бойынша Контрагенттің өз міндеттемелерін орындамау тәуекелі кредиттік тәуекел болып табылады және Холдинг қызметіне әсер ету ықтималдығы жоғары дәрежеде Холдинг тобы үшін аса маңызды болып саналады. Маңыздылығының жоғары дәрежесін ескере отырып, бұл тәуекел 2024 жылы Холдингтің тәуекел картасына сәйкес қызыл тәуекел аймағында орналасқан.

Кредиттік тәуекелді басқару жүйесінің мақсаты – оның алдын алу, қарыз алушының өзінің қаржылық міндеттемелерін орындамауы салдарынан қаржылық шығындардың туындау ықтималдығын азайту болып табылады.

Кредиттік тәуекелге ұшырауды басқару құралдары жеке қаржы активі және/немесе қаржы активтері қоржыны шеңберінде қаралады және екі санатқа бөлінеді:

- 1) кредиттік тәуекелдер туындау себептерін болдырмау құралдары;
- 2) кредиттік тәуекелдердің басталу салдарын басқару құралдары.

Жеке қаржылық актив шеңберінде кредиттік тәуекелдің пайда болу себептерін болдырмау құралдарына қарыз алушының кредиттік қабілеттілігін бағалау және бақылау кіреді.

жеткізуге, оларға қол жеткізу кезінде тәуекелдерді барынша азайтуға бағытталған.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Тобының негізгі тәуекелдері Холдинг тобындағы барлық бизнес-процестерге тән тәуекелдерге сауалнама жүргізу процесінде анықталады және маңыздылық дәрежесін ескере отырып, тәуекелдер картасында графикалық түрде көрсетіледі. Негізгі тәуекелдерді азайту жөніндегі іс-шаралар тәуекелдер тізіліміне сәйкес бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес тұрақты негізде жүзеге асырылады. Тәуекелдер картасы, тәуекелдер тізілімі, негізгі тәуекелдер жөніндегі іс-шаралар жоспары және іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы есепті Директорлар кеңесі тоқсан сайын қарап, бекітеді.

Қаржы активтері портфельдерінің кредиттік тәуекелдерінің туындау себептерін болдырмау құралдары – қаржы активтері портфельдерін сандық бағалау, кредиттік және инвестициялық шешімдер қабылдау процесін жақсарту. Кредиттік шешімдер қабылдау процесін жақсарту мыналарды қамтиды:

- 1) ұйымдық құрылымды жетілдіру;
- 2) кредиттеу және әртүрлі қаржы құралдарына инвестициялау процесін бақылау;
- 3) пайдаланылатын ақпараттық технологияларды жетілдіру.

Холдинг және оның еншілес ұйымдары кредиттік тәуекелге ерекше назар аударады. Кредиттік тәуекел деңгейін айқындау және тәуекелді азайтуға бағытталған іс-шараларды іске асыру контрагенттің кредитке қабілеттілігін айқындаудың және бір қарыз алушыға және/немесе байланысты қарыз алушылар тобына ең жоғары лимиттерді белгілеудің әртүрлі құралдарын пайдалана отырып, тұрақты негізде жүзеге асырылады. Лимиттерді белгілеу кезінде Холдинг халықаралық рейтингтік агенттіктер берген контрагенттердің ең төменгі кредиттік рейтингтерін пайдаланады, сондай-ақ қолжетімді қаржылық есептілік және дербес жүргізілген талдау нәтижелері негізінде қаржылық жағдайды бағалауды жүргізеді. Тәуекелдің осы түріне мониторинг пен бақылауды шоғырландырылған негізде Холдингтің уәкілетті органы жүзеге асырады.



ӨТІМДІЛІК ТӘУЕКЕЛІ

Өтімділік тәуекелі Холдинг тобы үшін елеулі тәуекелдердің бірі болып саналады және активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдерінің бір-біріне сәйкес келмеуінен туындайды, бұл өз кезегінде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ өзінің теңгерімдік және теңгерімнен тыс міндеттемелері бойынша уақтылы жауап беру үшін қолайлы баға бойынша жеткілікті өтімді қаражатпен қамтамасыз етілуіне әсер етеді.

Холдинг өтімділікті басқаруды барлық міндеттемелерді өтеу мерзімдерінің басталуына қарай орындау үшін қажетті ақшалай қаражаттың тұрақты болуын қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырады.

Өтімділікті басқару Холдингінің рәсімдері мыналардан тұрады:

- ◆ ақша ағындарын болжау және өтімді активтердің қажетті деңгейін есептеу;
- ◆ қаржыландыру көздерінің әртараптандырылған құрылымын қолдау;
- ◆ қарыз қаражаттарының шоғырлануы мен құрылымын басқару;
- ◆ қарызды қаржыландыру бойынша жоспарларды әзірлеу;
- ◆ кассалық өтімділік бұзылған жағдайда қорғаныс шарасы ретінде еркін сатуға болатын өтімділігі жоғары активтер портфеліне қызмет көрсету;
- ◆ өтімділікті және қаржыландырудың белгіленген деңгейін қолдау бойынша резервтік жоспарларды әзірлеу;
- ◆ Холдинг тобының өтімділігінің теңгерімдік көрсеткіштерінің белгіленген нормативтері мен лимиттеріне сәйкестігін бақылауды жүзеге асыру.



НАРЫҚТЫҚ ТӘУЕКЕЛ

Холдинг нарықтағы жалпы және ерекше өзгерістер тәуекеліне ұшырайтын валюталық, пайыздық және өзге де қаржы құралдары бойынша ашық позициялармен байланысты нарықтық тәуекелге бейім. Нарықтық тәуекелдерге ұшырауды басқару жүйелерінің мақсаты – «Бәйтерек «ҰБХ» АҚ өзіне қабылдайтын жиынтық тәуекелді өзінің стратегиялық міндеттеріне сәйкес деңгейде ұстап тұру. Күтпеген қаржылық шығындарға әкелуі мүмкін нарықтық тәуекелдерге ұшырауды барынша азайту негізінде Холдингінің активтері мен капиталының барынша сақталуын қамтамасыз ету басымы болып табылады.

Нарықтық тәуекелдерді басқару процесі келесі дәйекті қадамдарды орындауды қамтиды:

- ◆ басқаруды жоспарлау – нарықтық тәуекелдерге ұшырауды тиімді басқаруды жүзеге асырудың тиісті тәсілдерін анықтау;

- ◆ сәйкестендіру – Холдингінің қаржылық нәтижесіне теріс әсер етуі мүмкін нарықтық тәуекелдерге ұшырау түрлерін анықтау және құжаттау;
- ◆ сапалы бағалау – Холдингінің қаржылық нәтижесіне әсерін бағалау мақсатында нарықтық тәуекелдерді сапалы талдау, олардың пайда болу себептерін анықтау;
- ◆ сандық бағалау – нарықтық тәуекелдерді іске асыру салдарының пайда болу ықтималдығы мен әсерін сандық талдау;
- ◆ ден қоюды жоспарлау – нарықтық тәуекелдерді іске асырудың теріс салдарын әлсірету бойынша рәсімдер мен әдістерді айқындау;
- ◆ ұшырағыштық мониторингі және бақылау – нарықтық тәуекелдер мониторингі және оларды уақтылы басқару бойынша рәсімдерді орындау; нарықтық тәуекелдерге ұшырағыштықты азайту бойынша қабылданған іс-қимылдардың тиімділігін бағалау.



ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛ

Холдинг лайықсыз немесе қате ішкі процестер, жүйелердің жұмыс істеуі, жұмыскерлердің әрекеттері нәтижесінде шығындарға, сондай-ақ сыртқы оқиғалардың іске асырылуы себебінен туындайтын шығындарға әкелетін операциялық тәуекелге бейім.

Операциялық тәуекелді басқарудың мақсаты – операциялық шығындарды азайту, шығындарды ұтымды ету, сондай-ақ уақытты азайту және бақылаудан тыс оқиғаларға жауап берудің барабарлығын арттыру арқылы Холдингінің операциялық тиімділігін оңтайландыру.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ операциялық тәуекелді келесі құралдар арқылы басқарады:

- ◆ әрбір оқиға бойынша операциялық тәуекелдерді басқарумен ұсынымдар әзірлейтін жауапты құрылымдық бөлімшені тарта отырып, іске асырылған және ықтимал тәуекелдердің дерекқорын толтыру арқылы операциялық тәуекелдер санатына жататын оқиғаларды жіктеу;
- ◆ операциялық тәуекелдерді іске асыруға байланысты нақты шығындарды салыстыра отырып, операциялық тәуекелге капиталдың резервін есептеу;
- ◆ операциялық тәуекелдер бойынша есептілік мониторингі;
- ◆ қызметтің үздіксіздігін басқаруды тиісті деңгейде қамтамасыз ету.

Операциялық тәуекел деңгейін мониторингтеу нәтижелері тиісті алқалы органдарға жеткізіледі.



ТҰРАҚТЫ ДАМУ

Тұрақты дамуды басқару жүйесі.....	112
Тұрақты дамуды басқарудың ұйымдық құрылымы.....	115
2024 жылғы тұрақты даму саласындағы негізгі жетістіктер	115
Холдингінің БҰҰ Тұрақты даму мақсаттарына жетуіне қосқан үлесі.....	116
ESG тәуекелдерін басқару	121
S1 (IFRS S1) Халықаралық қаржылық есептілік стандартына сәйкес ақпаратты ашу	121
Экологиялық аспект	124
Төмен көміртекті дамудың ұлттық күн тәртібін орындауға жәрдемдесу	124
Жасыл және тұрақты қаржыландыру құралдарын дамыту.....	131
Жасыл кеңсе концепциясы	132
Халықаралық қаржылық есептілік стандарты S2 (IFRS S2) бойынша ақпаратты ашу	135
Әлеуметтік аспект.....	137
Персоналды басқару	137
Демеушілік және қайырымдылық көмегі.....	148
Басқару аспектісі	149
Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл	149
Экономикалық тиімділік	153
Цифрландыру стратегиясы	153
Ақпараттық қауіпсіздік	155
Ақпараттық саясат.....	156
Сатып алу қызметі	157
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	158



ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

GRI 2-13, GRI 2-14, GRI 2-23, GRI 2-24, IFRS S1, IFRS S2

Холдингтің тұрақты дамуы – бұл Холдинг пен оның еншілес ұйымдарын (ЕҰ) өз қызметін жүзеге асыруда басшылыққа алатын қағидаттар мен міндеттемелердің жиынтығы.

Холдингте тұрақты дамуды басқару Холдинг қызметін басқарудың жалпы жүйесі шеңберінде жүзеге асырылады және оның ажырамас бөлігі болып табыла-

ды. Холдинг ұзақ мерзімді кезеңде тұрақты даму үшін өзінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсаттарының келісілгендігін қамтамасыз етеді.

ESG қағидаттары Холдингтің пен оның еншілес ұйымдарының негізгі процестеріне және әкімшілік-шаруашылық қызметіне біріктірілген.

ХОЛДИНГТІҢ 2024-2033 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ ЖОСПАРЫНДА БЕКІТІЛГЕН ХОЛДИНГТІҢ ESG БАСТАМАЛАРЫ

Халықаралық ESG-рейтингін алу /растау	Төмен көмір-текті дамудың ұлттық күн тәртібін орындауға жәрдемдесу	ESG қағидаттарына сәйкес келетін тұрақты қаржыландыру құралдарын дамыту	ESG қағидаттарына сәйкес келетін тұрақты қаржыландыру құралдарын дамыту	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ және ЕҰ қызметінің ашықтығын арттыру	Жауапты сатып алуларға жәрдемдесу	ESG-тәуекелдерді басқару
---------------------------------------	--	---	---	---	-----------------------------------	--------------------------



ХОЛДИНГТІҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ САЛАСЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТКІШТЕРІ (НҚК)

Холдингтің 2024-2033 жылдарға арналған Даму жоспарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары ESG халықаралық рейтингін алу/растау бойынша іс-шараны қамтиды.

Сонымен қатар, Холдингте 6 негізгі блок бойынша бірқатар іс-шараларды қамтитын 2024-2026 жылдарға арналған Тұрақты даму жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілген:

- тұрақты даму/ESG қағидаттарын негізгі процестерге енгізу;
- тұрақты даму қағидаттарын әкімшілік-шаруашылық қызметке енгізу;
- ішкі нормативтік құжаттарды өзектендіру/әзірлеу;
- тұрақты даму саласындағы құзыреттерді ұлғайту;
- тұрақты даму бастамаларына қатысу;
- ақпаратты ашудың ашықтығын арттыру.

Сонымен бірге Басқарма мүшелерінің жеке НҚК карталары ESG рейтингін алу және «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ тұрақты дамуы жөніндегі іс-шаралар жоспарын жүзеге асыруды қамтамасыз ету бойынша НҚК қамтиды.

Тұрақты даму жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы есеп жыл сайын Холдинг Басқар-

масымен бекітіледі және Холдингтің корпоративтік веб-сайтында орналастырылады.

Холдингтің Бірыңғай кадрлық саясатын жүзеге асыру шеңберінде персоналды басқару саласындағы нысаналы көрсеткіштер де белгіленді:

Көрсеткіш	2024 жыл	2029 жыл
Қызметкерлердің қатыстырылу деңгейі, %	78,9	Орташадан жоғары
Персоналдың ерікті тұрақтамауы (кадр құрамының тұрақтылық деңгейі), %	4,38	10
Холдинг пен ЕҰ басшылығындағы әйелдердің саны, %	23,7	25

2024-2026 жылдарға арналған Тұрақты даму жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес, нысаналы экологиялық индикаторларды әзірлеу 2025 жылдың соңына дейін жоспарлануда. Атап айтқанда, шығарындылар көлемін есептеу нәтижелері бойынша ПГ шығарынды-

ларын азайтудың нысаналы көрсеткіштерін (Score 1, 2, 3) және Холдинг тобында ресурстар тұтыну көлемін азайту жөніндегі бастамаларды/нысаналы көрсеткіштерді енгізу жоспарланған.

ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРДЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НҚК

Холдингтің еншілес ұйымдарының 2024-2033 жылдарға арналған даму стратегияларында тұрақты даму саласындағы стратегиялық негізгі қызмет көрсеткіштерін (НҚК) белгіленген. Белгіленген нысаналы мәндер және осы НҚК жүзеге асыру ESG мақсаттарына қол жеткізудегі ілгерілеудің индикаторы болып та-

былады және осы бағыттағы ілгерілеуді жүйелі түрде бақылауға мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл ұйымдардың өз қызметінің экологиялық, әлеуметтік және басқару аспектілерін жақсарту бойынша мақсатты жұмысын қамтамасыз етеді.

Еншілес ұйым	НҚК атауы	2024 жыл (дерек)	2033 жылға дейінгі НҚК
	ESG рейтингі	64	База (2024) +1
«ҚДБ» АҚ	Тұрақты даму рейтингі	24	70
«Даму қоры» АҚ	Тұрақты даму рейтингі	59	В/65%/65 баллдар
«QIC» АҚ	Банктің қызметінен парниктік газдар шығарындыларын азайту (1, 2-аумақ)	–	2023 жылғы негізгі деңгейден минус 10%
«Отбасы банк» АҚ	Қаржыландырылатын «жасыл» жобалар бойынша суару кезінде су үнемдейтін технологияларды пайдаланатын жер көлемі (2024 жылдан бастап өспелі нәтижемен), мың га	4,58	36,2
«АНК» АҚ			

Сонымен бірге еншілес ұйымдар тұрақты даму сала-сындағы стратегиялық негізгі қызмет көрсеткіштеріне (СНҚК) қол жеткізуге бағытталған іс-шараларды жыл сайын жүзеге асырады. Бұл шаралар ESG бағыттары-ның кең ауқымын қамтиды және 2024-2033 жылдарға арналған стратегиялық құжаттарда бекітілген мақ-саттарды дәйекті орындауға ықпал етеді.

Осылайша, 2024 жылы «Отбасы банк» АҚ «Sustainable Fitch» халықаралық рейтингтік агенттігінің ESG рей-тингін 55 бағасымен «3» деңгейінде алды. 2025 жылы осыған ұқсас ESG рейтингі «Қазақстанның экспорт-тық-кредиттік агенттігі» АҚ-қа («ЭКА» АҚ) – сондай-ақ «3» деңгейінде, 53 қорытынды бағасымен берілді.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ БОЙЫНША ОҚЫТУ

Холдинг қызметкерлердің ESG құзыреттерін дамыту-ды тұрақты корпоративтік мәдениетті құрудың және өз қызметінде ESG тәсілдерін тиімді енгізудің маңыз-ды элементі ретінде қарастырады.

2024 жылы Холдинг қызметкерлері ESG және менед-жмент жүйелері саласындағы білімдерін тереңдетуге бағытталған бірқатар оқыту іс-шараларына қатысты:

- ◆ 3 қызметкер «Назарбаев Университеті» ДБҰ-да өт-кен «ESG: трансформация және есептілік» семина-рына, сондай-ақ онлайн форматтағы «ESG есептілі-гіндегі маңыздылық қағидаттары» вебинарына қатысып, ESG есептілігі және маңыздылықты тал-дау тақырыптары бойынша оқуды аяқтады;

2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

Холдингтің 2024-2026 жылдарға арналған Тұрақты даму жөніндегі іс-шаралар жоспары аясында келесі іс-шаралар қарастырылған:

- ◆ Холдинг пен оның ЕҰ-ның ESG рейтингін алуы;
- ◆ Холдинг ЕҰ-ның адам құқықтары саясаттарын әзірлеуі;
- ◆ Холдинг пен ЕҰ деңгейінде шығарындылар көлемін есептеу нәтижелері бойынша ПГ шығарындыларын азайтудың нысаналы көрсеткіштерін (Score 1, 2, 3) әзірлеу;

Бұдан басқа, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ тиімділік-тің талдамалық негізгі көрсеткішін – «Кредиттік порт-фелдегі жасыл жобалардың үлесі, % (жасыл таксоно-мияға сәйкес)», кемінде 10% белгіленген нысаналы мәнімен анықтады, бұл Банктің экологиялық маңызды бастамаларды қаржыландыруға баса назар аударуын көрсетеді.

Өз кезегінде, «ЭКА» АҚ жауапты және тұрақты бизнес жүргізу қағидаттарына адалдығын растай отырып, өзінің Тұрақты даму саясатының ережелерін жыл са-йын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

- ◆ 5 қызметкер «ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, ISO 45001:2018 халықаралық стандарттарының талап-тарына сәйкес Біріктірілген менеджмент жүйесін әзірлеу және енгізу. ISO 190181 стандартының та-лаптарына сәйкес кәсіпорындағы сапа менед-жменті жүйесінің ішкі аудиті» семинарында оқуды сәтті аяқтады.

Қызметкерлерді оқыту және ESG дағдыларын дамыту тұрақты даму қағидаттарын Холдингтің негізгі про-цестеріне тиімдірек біріктіруге ықпал етеді және ха-лықаралық стандарттарға сәйкес есептілік дайындау сапасын арттырады.

- ◆ Холдинг ПЕН ЕҰ-да ресурстар тұтыну көлемін азайту бойынша бастамаларды/нысаналы көрсет-кіштерді енгізу;
- ◆ қызметтік электромобильдерге көшу және Хол-дингтің автотұрақтарында зарядтау станцияларын орнату мүмкіндігін қарастыру;
- ◆ «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Стейкхолдерлер картасын өзектендіру және т.б.

ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУДЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

GRI 2-12, GRI 2-13, GRI 2-14, IFRS S2-6(b)

Холдингте тұрақты дамуды басқару жалпы корпоративтік басқару жүйесі шеңберінде жүзеге асырылады және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

Деңгей	Жауапкершілік
Директорлар кеңесі	Стратегиялық басқару және тұрақты дамуды енгізуді бақылау
Директорлар кеңесі жанындағы Стратегиялық жоспарлау комитеті	Тұрақты даму мәселелерін алдын ала қарастыру
Басқарма	Тұрақты даму жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту және тұрақты даму туралы есептілікті Директорлар кеңесіне ұсыну
Басқарма жанындағы Стратегия және корпоративтік даму комитеті	Холдинг пен ЕҰ тұрақты дамуы саласындағы мәселелерді қарастыру
Стратегия және корпоративтік даму департаменті	Тұрақты даму саласындағы іс-әрекетті жоспарлау ESG халықаралық рейтингін алу Тұрақты даму жөніндегі іс-шаралар жоспарын және оның орындалуы туралы есепті дайындау Халықаралық стандарттарға сәйкес есептілікті жоспарлау және дайындау Холдингтің ЕҰ-мен және халықаралық ұйымдармен тұрақты даму мәселелері бойынша өзара іс-қимыл

2024 ЖЫЛҒЫ ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ ЖЕТІСТІКТЕР

- ◆ Холдингтің ESG рейтингі «3» деңгейінде (баға 1-ден 5-ке дейін, мұнда 1 ең жоғары баға) расталды, ал 100 баллдық шкала бойынша балл өтен жылмен са-лыстырғанда 57-ден 59-ға дейін көтерілді.
- ◆ 2024 жылдың 26 желтоқсанында Холдинг «Кең дала 2» бағдарламасы аясында «Аграрлық несие кор-порациясы» арқылы көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын (КЕжәнеЕЖЖ) жүргізу үшін KASE плат-формасында көлемі 100 млрд теңге дебюттік «әлеу-меттік» облигацияларын орналастырды. Бұл ESG шығарылымы тұрақты даму қағидаттарына сәйкес келеді және оң әлеуметтік маңызды нәтижелерге қол жеткізу мақсатында КЕжәнеЕЖЖ уақтылы жү-зеге асыру үшін фермерлерге жеңілдікпен несие беруді қарастырады.
- ◆ Төмен көміртекті даму жөніндегі ұлттық күн тәртібін орындауға жәрдемдесу мақсатында Холдингте Басқарманың 2024 жылғы 4 шілдедегі шешімімен (№35/24 хаттама) Парниктік газдар шығарынды-ларын есептеу әдістемесі бекітілді, ол шығарын-дылар көлемін анықтау, есепке алу мен тексерудің

- бірыңғай тәсілдерін белгілейді, сондай-ақ Хол-дингтің тұрақты даму саласындағы қызметінің ай-қындығын арттыруға және стратегиялық климат-тық мақсаттарға жетуге ықпал етеді.
- ◆ Басқарманың 2024 жылғы 7 қарашадағы шешімімен (№58/24 хаттама) Тұрақты дамудың мемлекет-тік емес облигацияларын шығару жөніндегі не-гіздемелік бағдарлама (бұдан әрі – Негіздемелік бағдарлама) бекітілді. Құжат «жасыл» және әлеу-меттік жобаларды іріктеу, тартылған қаражатты пайдалану мен басқару, сондай-ақ ақпаратты ашу тәсілдерін белгілейді. Бағдарлама Жасыл облига-ция қағидаттарының (GBP), Әлеуметтік облигация-лар қағидаттарының (SBP) және Капитал нарығы-ның халықаралық қауымдастығы (ICMA) әзірлеген Әлеуметтік облигацияларды шығару жөніндегі же-текші қағидаттардың (SBG) ұсынымдарын ескере отырып әзірленді.
 - ◆ IFRS S2 ұсынымдарына сәйкес климаттық тәуекел-дер мен мүмкіндіктерді бағалау жүргізілді.

- Холдингтің Тәуекелдер тізіліміне экологиялық менеджмент жүйесіне, еңбек қауіпсіздігі және денсаулықты қорғау менеджменті жүйесіне қатысты тәуекелдер қосылды.
- ISO 14001 «Экологиялық менеджмент жүйелері» және ISO 45001 «Еңбек қауіпсіздігі және денсаулықты қорғау менеджменті жүйелері» сертификаттары расталды.
- Соса-Cola және GreenUrban қауымдастығының жобасы аясында пластикті пайдалануды азайту және экологиялық мәдениетті дамыту бойынша тұрақты іс-тәжірибелерді жүзеге асырғаны үшін Smart Plastic Zone алтын белгісі берілді.

ХОЛДИНГТІҢ БҰҰ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫНА ЖЕТУІНЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Холдинг және оның еншілес ұйымдары Қазақстанның БҰҰ Тұрақты даму мақсаттарына (БҰҰ ТДМ) жетуіне елеулі үлес қосуда.

